*Данная исследовательская работа посвящена формированию экологической культуры учащихся начальной школы. Кружковая работа имеет особое значение в экологическом образовании, так как она воспитывает у учащихся любовь к природе и учит ответственно подходить к экологическим проблемам. В ходе исследования рассматриваются основы экологической культуры, ее компоненты, а также пути экологического образования и воспитания через кружковую работу в начальной школе. Для формирования экологической культуры учащихся предлагаются интерактивные методы, проектные работы, экскурсии по знакомству с природой и организация экологических акций. Результаты исследования показали, что формирование экологической культуры меняет отношение учащихся к природе и повышает их экологическую грамотность. Это, в свою очередь, повысит ответственность будущих поколений за экологические проблемы и будет способствовать приверженности принципам устойчивого развития. Для достижения формирования экологической культуры определены такие основные направления, как экологическое образование, повышение любви к природе, участие в решении экологических проблем. Исследование выявляет научные основы формирования экологической культуры и предлагает практические методы. Способствует решению экологических проблем в обществе путем повышения экологического образования учащихся. Краткое описание методики исследования. В ходе исследования использовались методы опроса, наблюдения и анализа. Для оценки экологической культуры учащихся можно разработать специальные тесты и анкеты. Результаты исследования показывают, что программы экологического образования эффективны в повышении экологической культуры учащихся. Значительно улучшилось отношение и уровень вовлеченности учащихся в экологические проблемы. Исследование показывает важность формирования экологической культуры и ее роль в решении экологических проблем в обществе. Экологическая культура школьников-основа повышения ответственности будущих поколений за природу. Результаты исследования содержат практические рекомендации, направленные на совершенствование программ экологического образования в школах, организацию работы экологических клубов и кружков, повышение экологической культуры учащихся.*

**Ключевые слова:** *экологическая культура, начальная школа, кружковая работа, экологическое образование, природа.*

# PRIMARY SCHOOL IN THE CONTEXT OF GROUP WORK, THE FORMATION OF AN ECOLOGICAL CULTURE OF STUDENTS

A. Adal\*, A.B. Bakradenova

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

\*e-mail: [dggu@mail.ru](mailto:dggu@mail.ru)

*This research paper is devoted to the formation of the ecological culture of primary school students. Club work is of particular importance in environmental education, as it fosters students' love of nature and teaches them to take a responsible approach to environmental problems. The research examines the basics of environmental culture, its components, as well as ways of environmental education and upbringing through community work in primary schools. Interactive methods, project work, nature tours and the organization of environmental actions are offered to form the ecological culture of students. The results of the study showed that the formation of an ecological culture changes the attitude of students to nature and increases their environmental literacy. This, in turn, will increase the responsibility of future generations for environmental problems and promote adherence to the principles of sustainable development. In order to achieve the formation of an ecological culture, such main directions as environmental education, increasing love for nature, and participation in solving environmental problems have been identified. The research reveals the scientific foundations of the formation of ecological culture and offers practical methods. Promotes the solution of environmental problems in society by increasing the environmental education of students. A brief description of the research methodology. The research used survey, observation, and analysis methods. Special tests and questionnaires can be developed to assess students' environmental culture. The results of the study show that environmental education programs are effective in improving the environmental culture of students. The attitude and level of involvement of students in environmental issues has significantly improved. The study shows the importance of forming an ecological culture and its role in solving environmental problems in society. The ecological culture of schoolchildren is the basis for increasing the responsibility of future generations for nature. The research results contain practical recommendations aimed at improving environmental education programs in schools, organizing the work of environmental clubs and circles, and improving the environmental culture of students.*

**Keywords:** ecological culture, elementary school, community work, environmental education, nature.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИСЛЕКСИЯ МЕН ДИСГРАФИЯНЫ ТҮЗЕТУДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ: КЕШЕНДІ ТӘСІЛДІ СӘТТІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Айтказы Ш.М.\* , Абызова А.М. 

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.*

\*e-mail: [shaitkazieva@gmail.com](mailto:shaitkazieva@gmail.com), [rakhimova-86@mail.ru](mailto:rakhimova-86@mail.ru)

Тіл мен сөйлеу – адамның ойлауы мен қарым-қатынасының ажырамас бөлігі. Қазіргі таңда оқу, жазу дағдыларының бұзылысы көптеген балаларда кездеседі. Мақалада дислексия, дисграфия сияқты ұғымдарға ғылыми анықтама, сондай-ақ олардың белгілері сипатталады. Дислексия мен дисграфияны түзетудің лингвистикалық аспектілеріне ерекше назар аударылып, зерттеу қарастырылады. Авторлар оқу мен жазудағы бұзылулардың түрлі түрлерін сипаттай отырып, бұзылыстардың жекелей емес, кешенді талдау қажеттілігін атап өтеді. Зерттеу барысында балалардың оқу дағдыларындағы қиындықтарды шешуге арналған арнайы жаттығулар мен тапсырмалар ұсынылады. Сапалық әдіс пен бақылау, эксперимент әдістері арқылы алынған мәліметтер нәтижесінде, дислексиямен ауыратын балалардың оқу дағдыларын жақсартуға бағытталған түзету жұмыстарының тиімділігі көрсетіледі. Ерте диагностика мен уақытында көмек көрсету арқылы балалардың оқу дағдыларын дамыту мүмкіндіктері артатыны баяндалады. Мақалада нейропсихологиялық және педагогикалық аспектілерді интеграциялау қажеттілігі, сондай-ақ мұғалімдердің арнайы білім алуының маңыздылығы ерекше назарға алынады.

**Кілт сөздер:** дислексия, дисграфия, нейролингвистика, оқу және жазу бұзылыстарын түзету механизмі.

### Кіріспе

Бүгінгі таңда қарым-қатынастың құрамдас бөлігі жазбаша сөйлеуді меңгеру маңызды болып табылады. Осы орайда оқу мен жазуды сауатты игеруде қиындықтарға тап болатын балалардың саны күннен күнге артып жатқанын айтып өту қажет.

Арнайы әдебиеттерде оқу мен жазуды меңгеру үдерісіндегі бұзушылықтарды белгілеу үшін «алексия» (мүлде оқи алмау), «дислексия» (оқу дағдысының жеткіліксіздігі, бұзылуы), «дисграфия» (жазу дағдысының жеткіліксіздігі, бұзылуы) сияқты терминдер қолданылады [1]. Бұзылушылықтардың түрлерін зерттеу кезінде терминдер жекелей қолданылады, бірақ балалармен нақты практикалық жұмысқа көшу кезінде көптеген факторлардың күрделі көрінісі мен өзара байланысын сабақтастықта, кешенді түрде қарастыру керек. Қазақ тілі сабағында кездесетін бұл мәселені шешу, оқушы үшін пайдалы болмақ. Себебі оқушы басқа пәндерді меңгеруі үшін, берілген ақпаратты дұрыс түсінуге алып келеді. Тіпті математика, физика сабақтарында мәселе есепті шешу үшін оқушының бойында дислексияның болмағаны маңызды. Сол себепті дислексия мәселесі өзекті болып табылмақ.

Оқу және жазу дағдылары – жоғары психикалық функциялар. Бұл дағдылар бір-бірімен жүйелі байланысып, қиылысатын ми субстратының жұмысымен реттеледі [2]. Сондықтан балада тек дислексия немесе дисграфия бар деп бөліп, айта алмаймыз. Көбіне бұл бұзылулар белгілі бір ауырлық дәрежесіне байланысты қатар дамиды. Сол себептен нейропсихологтар «оқудағы қиындықтар» деген бірыңғай терминді ұсына отыра, бұзылушылықтарды синдромдық талдаудың (яғни бастапқы ақауды анықтау, содан соң оның екіншілік салдарын, кейін одан туындаған үшінші реттік функционалдық бұзылыстарды анықтау) қажеттілігін атап көрсетеді [3].

Біз өз кезегімізде баланың «оқудағы қиындықтарын» шешу үшін арнайы жаттығулар мен тапсырмаларды құрастырдық. Бұл тапсырмаларды орындау арқылы, дислексиясы мен дисграфия сынды бұзылулары бар оқушылар бұл «оқудағы қиындықтарды» еңсереді деген болжамымыз бар.

### **Материалдар мен әдістер**

Бұл мақалада қарастырылып отырған зерттеуіміз туралы ақпаратты жинау барысында біз сапалық әдісті пайдаландық. Ал лингвистикалық түзету жасау үшін біз бақылау, эксперимент әдістерін қолдандық. Дислексия мен дисграфия ұғымдарына анықтама мен шетелдік әдебиеттерді қарастыру барысында кейс-стади, талқылау әдістері қолданылды.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде оқу дағдысындағы бұзылушылықтар мен когнитивті бұзылуларды жеке қарастыру сирек кездеседі. Оқудағы қиындықтарды, оқу, жазу дағдыларының бұзылысын ортақ атаумен «даму дислексиясы» (ағылш. - developmental dyslexia) деп атайды [4]. Отандық және ресейлік зерттеу еңбектерінде дислексия және дисграфия біртұтас емес, жекелей қарастырылатынын атап өту қажет.

Дисграфия жағдайында балаларда ұзақ жылдарға созылған жазу дағдысы бойынша үнемі қайталанып отыратын қателіктер байқалады. Дамудың мұндай ерекшеліктері оқушыға қажетті дағдыларды игеруге, ұжымға бейімделуге, толыққанды білім алуға елеулі кедергі тудырады.

Батыс еңбектерінде дислексиямен ауыратын адамдардың ми құрылымының нейроанатомиялық ерекшеліктерінің қарастырыла басталуы XIX ғасырдағы неврологиялық зерттеулерге негізделген [5]. Дегенмен ұзақ жылдар бойы бірен-саран ғана тәжірибелер өткізіліп, ауқымды зерттеулер жүргізілмеді. Тек соңғы онжылдықтарда жағдай айтарлықтай өзгеріп, дислексияның ми механизмдерімен байланысын зерттеу көптеген елдерде қолға алына бастады.

Ғалым Гайан Гвардиоланың айтуынша, оқу қабілетінен айырылған адам туралы алғашқы медициналық жазба 1670 жылдарға тиесілі. 1878 жылы неміс терапевті Адольф Кусмаул жазбаша мәтінді түсінуде және сөздерді белгілі бір мәнмәтінде қолдануда қиындықтарға тап болған науқастарды зерттеді (бұл құбылыс кейінірек «афазия» деп аталады) [6]. Дислексия терминін алғаш рет неміс офтальмологы Р. Берлин 1887 жылы қолданған. Алғашында дислексия ересектердің визуалды дисфункцияларын сипаттау үшін қолданылып, яғни мидың зақымдануынан немесе жарақатынан оқу қабілетінің бұзылушылықтары пайда болады деп саналды.

Дислексияның тек медициналық аспектісі ғана емес (оқудағы қиындықтардың тек физиологиялық жарақаттан пайда болмайтынын) британдық дәрігерлер Дж.Керр және У.Морган 1896 жылы анықтайды. Дәрігерлер ғылым тарихында 14 жасар Преси есімді баланың оқиғасын жариялайды. Қарым-қатынас жасау барысында Преси орташа интеллектілі жасөспірім болғанына қарамастан оқи алмайды. Дәрігер Морган келтірген Преси хатының үлгілері дислексия мен дисграфияға тән көптеген қателерді көрсетеді, мысалы, carlfully (carefully «мұқият»), rag (peg «ілгіш»), Presy (Перси). Морган Пресидің сандарды оқи алатынын, бірақ сөздерді жазуда қиындықтарға тап болғанын атап өтті. Мысалы, ол 7 санын ажырата алады бірақ жеті сөзін тани алмайды [7].

Дж. Хинселвуд кейінірек (1907 ж.) мұндай құбылысты «сөзді туа бітті танымау» деп атады (congenital word blindness). Ғалым дислексияны зерттеудің жаңа қырын ашып, ерекше жағдайды сипаттауды жекелей емес, бұзылыстың медициналық аспектілерін біртұтас талдауға және талқылауға аса мән берді. Оның пікірінше, мұндай ауытқушылықтың себебі мидағы «визуалды сөз орталығының» зақымдануынан болады. Қазіргі таңда зерттеушілер дислексиямен ауыратын адамдарда мидың бір емес, бірнеше аймағында бұзылулар, соның ішінде «тілдік желі» деп аталатын әртүрлі элементтерде (адамға тіл/сөйлеуді қолдануға мүмкіндік беретін ми аймақтарының жиынтығы) ерекшеліктер болатынын анықтады. Отандық тәжірибеде ұзақ уақыт бойы дислексия мен дисграфиядан зардап шегетін балалармен жұмыс істеу бойынша әдістемелік ұсыныстардың негізгі бөлігі педагогикалық тәжірибеге, қателіктердің сипатын зерттеуге және мінез-құлық ерекшеліктерін байқауға, белгілі бір жаттығулардың көмегімен белгілі бір дағдыларды дамыту мүмкіндігі немесе болжауға негізделген.

## Нәтижелер мен талқылау

Лингвистикалық түзету. Дислексияны түзету әдістерін дамыту және жетілдіру үшін физиологтар, нейропсихологтармен бірге лингвистердің де біріге жұмыс атқаруы маңызды. Себебі тілдің қай деңгейімен жұмыс істеу қажет, сабақтың оңтайлы схемасын таңдау, жаттығулар кешенінен ең тиімдісін қолдану сияқты сұрақтарға жауап іздеу – лингвистердің тікелей құзіреті. Жүктемені азайту, дұрыс тамақтану, қолдау, оқу жағдайын реттеу, үйлестіру жаңа дағдыларды қалыптастыруға жағдай жасайды. Бірақ лингвистикалық білімге негізделген жаттығулар жүйелілікті сақтауға көмектесіп, нақты тілдік бағытқа арналған.

Түзету тәжірибесіне 4 сыныпқа өткен, 10 жасқа толған Дильназ есімді қыз қатысты. Оған 6-7 жасында жүйке жүйесінің органикалық патологиясынан туындайтын сөйлеудің бұзылысы, яғни сөздерді немесе жеке дыбыстарды бұрмалап айтумен сипатталатын дизартрия диагнозы қойылған. 8 жасқа дейін ата-анасы логопед мамандардың көмегіне жүгініп, тиісті көмек алған. 8 жасында баланың ауызша сөйлеуі жақсы дамып, тұрмыстық және күрделі (абстрактілі) тақырыптарға байланысты ойын еркін жеткізе алады. Алайда Дильназ оқу мен жазуды меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Мысалы оқу жылдамдығы орташа деңгейден едәуір төмен, жалғауларды шатастырады, сөздердегі әріптерді өзгертіп жазады, сөзді құрайтын буындардың жартысын жазбайды, тіпті бір сөзді де көшіріп жазу айтарлықтай қиындық тудырады.

Баламен түзету жұмыстарын бастамас бұрын екі маңызды факторға назар аудару қажет. Біріншісі – дислексия мен дисграфия нейрондық бұзылулардың нәтижесінде пайда болатындықтан ми құрылымдарының жақсырақ жұмыс істеуі үшін қолайлы орта туғызу қажет, екіншісі – дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың дұрыс жүктемесін ұсыну. Ең маңыздысы жаңа дағдыларды қалыптастыру энергияны қажет ететін процесс екенін есте сақтау қажет. Сондықтан түзету жұмыстары басталғанға дейін балаға белгілі бір уақыт аралығында ең қолайлы күн тәртібін ұйымдастыру маңызды. Баланың күн тәртібіне таза ауада серуендеу, оттегімен тыныс алу (оттегі концентраторы арқылы), ұйқы, дұрыс тамақтануды қолға алу сияқты шаралар енгізілді.

Лингвистикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру «қарапайымнан-күрделіге» қағидаты арқылы жүргізілді. Тілдің ең қарапайым деңгейі фонематикалық деңгей сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына, форма жағынан ажырату қабілетін дамытуды қамтиды. Мақсат – баланы артық ақпаратпен толтырмай, мысалдармен құрылымдық тілдік тәжірибенің жеткілікті мөлшерін бере отырып, позициялық ауыспалы дыбыстар туралы түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейді жаттықтыру үшін біз шартты түрде «сол-жол» деп аталатын жаттығуды қолдандық (бір фонеманы ауыстыратын сөз таңдау ойыны). Ересек адам сөзді атайды, балаға доп лақтырады, ал допты ұстап алғаннан кейін бала белгілі бір фонеманы екіншісіне ауыстыруы керек. Мысалы бол-тол, ас-ес, ал-бал. Жаттығулар бірнеше рет қайталанауы қажет. Себебі бұл белгілі бір дәрежеде автоматизмді дамытады.

Келесі жаттығу жүйесі графемаларды ажырату дағдысын қалыптастыруға арналған. Бұл үшін «тыңшы» және «үш сөз» жаттығуы қолданылды. «Тыңшы» жаттығуында белгілі бір әріптерді түрлі таңбалар арасынан, алдымен жеке әріптер қатарынан, содан соң сөздердің құрамынан, сөйлемнен, қысқа мәтіннен тауып, белгілеп, қандай да бір түспен ерекшелейді. Жаттығу үлкен қаріптен біртіндеп орташа көлемдегі қаріпке көшу арқылы жүргізілді. «Үш сөз» жаттығуы зейінді ауыстыруға, тілдік бірліктерге назар аудартуға бағытталған. Алдымен балаға омоним сөздердің жұптарын (үш жұп) табу тапсырмасы ұсынылды, содан соң осы сөздердің ішіндегі әріптерді әр түрлі түстермен бояу қажеттігі айтылды. Сөздер 1-4 сынып аралығындағы сөздер тізімінен алынған. Жақын уақытта қолданған сөздерді таңдап алудың басты себебі – жүктеменің бала дамуының аймағында болуы. Әр тапсырма сайын қиындық деңгейі артып отырады. Жаттығуларда қолданылатын сөздер қайталанады, бұл дағдыларды нығайтуға көмектеседі.

Морфемаларды ажырату және парадигматикалық байланыстарды табу дағдысын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесін жоғарыда сөз болған жаттығулар жүйесімен

байланыстырдық. Мысалы доппен ойнау кезінде зат есімдерді септеу (алдымен балаға ереже түсіндірілді, алғашында септік атауы мен сұрағын айтып, көмектестік, кейін есінде сақтап, тез жауап берді), ал «үш сөз» жаттығуында жекелеген әріптерді емес, сөздерге жалғанатын қосымшаны (жалғау не жұрнақты) бояу қажет. Бұл кезеңде жұмыстың едәуір бөлігі ауызша орындалды, өйткені тіпті жеке сөздерді үлгі бойынша қайталап жазу қиындық тудырды. Дегенмен есте сақтау үшін жалғаулардың кестесі ұсынылды. Бір күнде екі кестелен артық берілмеді. Кейін осы кестеден берілген сөздердің дұрыс жұрнағын, дұрыс жалғауын табу тапсырмасы берілді. Осылай алғашқы кезеңдерде берілген тапсырмалар жүйесі біртіндеп күрделене түсті. Бұл бір жағынан қалыптасқан дағдыларды бекітуге, екінші жағынан жаңа дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Мәтінді көшіріп жазу. Бұл тұста мұғалімнің міндеті – кем дегенде бір сөзді дұрыс жазуға үйрету. Баланың айтуынша, бір уақытта ол кейбір әріптердің ұқсас нұсқаларын «көреді». «Тыңшы» және «үш сөз» жаттығуларын бірнеше рет орындаған соң алдымен бір сөз, кейін екі сөз, одан соң үш сөз жазды.

Екінші аптаның соңында балада ілгерілеу байқаған соң тағы бір жаттығу енгіздік. Бұл жолы бірнеше сөзден тұратын сөйлемді көшіріп жазу ұсынылды. Бірден дұрыс жазу мүмкін болмады. Қатені дұрыстап, бірнеше рет көшіріп жазудың тиімсіз екі себебі бар: ынтаны төмендетеді және оқу туралы қате ассоциация тудырады. Сондықтан әр түрлі анализаторларды (визуалды, есту, тактильді, кинестетикалық) максималды түрде қосу әдісі немесе Р.И.Лалаеваның [10] терминологиясына сәйкес «полимодальды афферентацияларды максималды қолдану принципі» таңдалды. Алдымен балаға баяу, одан соң ритмді түрде сөйлемді оқыдық. Бала тыңдап отырып, әр оқылған сөзді саусақпен көрсетіп отырды. Бірақ кейбір сөздерді дұрыс көрсетпейтіндіктен оқылған сөздердің буынын қарындашпен белгіледік. Кейін тыңдап отырып, дұрыс көрсету мүмкіндігі болмады. Бұл екі әрекетті синхронды және дәл орындау қиынға соқты. Сондықтан оқу мен оның саусағының қозғалысы сәйкес келгенше жаттықтық. Дислексиямен ауыратын балаға арналған бұл процесс энергияны қажет ететіндіктен бала есінеп, ашулана бастады. Сондықтан арада бір-екі минут үзіліс берілді. Жаттығуды орындағаннан кейін бір сағатқа үзіліс жасадық. Бірнеше күн бойы жаттығуды жүктемені арттырмай жалғастырдық. Кейінірек мәтінге ұластырдық, қаріпті де кішірейттік. Тапсырманы жеңілдету үшін мәтінге фонетикалық, графикалық, парадигматикалық дағдыларды жаттықтыру кезеңінде қолданған сөздерді қосуға тырыстық. Нәтижесінде бала оннан астам сөйлемді қатесіз көшіріп жаза алатын деңгейге жетті.

### **Қорытынды**

Дислексияны қысқа мерзімді, бірақ қарқынды және сәтті түзетудің жоғарыдағы мысалы салыстырмалы түрде сирек кездесетін мысал болып табылады. Дегенмен бір уақытта әртүрлі жеке зерттеулерде ұсынылған көптеген әдістерді қолдану, көрсетілген тәсілге ұқсас тәсілді қолдану айтарлықтай оң нәтиже береді. Мектептерімізде сала мамандары кешенді, бірлескен жұмыс атқаруы маңызды. Қазақ тілі пән мұғалімдерінің де сәйкесінше арнайы білімі болуы қажет.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Волкова Л.С., Шаховская С.Н. Логопедия. Учебник для студентов дефектологических факультетов пед. вузов // Под ред. Волковой Л.С., Шаховской С.Н. –М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998. – 680 с.
2. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека и их нарушения при локальных поражениях мозга. – М.: Издательство МГУ, – 1969. – 504 с.
3. Ахутина Т.В., Иншакова О.Б. Нейропсихологическая диагностика, обследование письма и чтения младших школьников. – М.: В. Секачев, 2016. – 128 с.
4. Lyon G.R., Shaywitz S., Shaywitz B. (2003) A definition of dyslexia. *Annals of Dyslexia*, – 53. – P. 1-14.
5. Dejerine J. (1891) Sur un cas de cécité verbale avec agraphie suivi d'autopsie. *Comptes Rendu de la Société de Biologie*, 3. – P. 197-201.

6. Miles T. R. and Miles E. Dyslexia a hundred years on. – 2nd edition. – Buckingham, 1999.
7. Morgan W. P. A case of congenital word blind-ness //British Medical Journal. – 1896. – No 7 (2). – pp. 1378-1389.
8. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека. – СПб.: Питер, 2018. – 768 с.
9. Корнев А.Н. Основы логопатологии детского возраста: клинические и психологические аспекты. – СПб: Речь, 2005. – 533 с.
10. Лалаева Р.И. Нарушения чтения и пути их коррекции у младших школьников. Учебное пособие. СПб.: Издательство «Союз», – 2002. – 224 с.

#### REFERENCES:

1. Volkova L.S., Shahovskaja S.N. Logopedija. Uchebnik dlja studentov defektologicheskikh fakul'tetov ped. Vuzov. [A textbook for students of pedagogical faculties of defectology. universities] // Pod red. Volkovoj L.S., Shahovskoj S.N. – M.: Gumanit. izd. centr VLADOS, – 1998. – 680 p.
2. Lurija A.R. Vysshie korkovye funkicii cheloveka i ih narusheniya pri lokal'nyh porazheniyah mozga. [Higher cortical functions in human beings and their impairments in local brain lesions.] – M.: Izdatel'stvo MGU, – 1969. – 504 p.
3. Ahutina T.V., Inshakova O.B. Nejropsihologicheskaja diagnostika, obsledovanie pis'ma i chteniya mladshih shkol'nikov. [Neuropsychological diagnostics, examination of writing and reading to the younger schoolchildren]. M.: V. Sekachev, – 2016. – 128 p.
4. Lyon G.R., Shaywitz S., Shaywitz B. (2003) A definition of dyslexia. Annals of Dyslexia, – 53. – P. 1-14.
5. Dejerine J. (1891) Sur un cas de cécité verbale avec agraphie suivi d'autopsie. Comptes Rendu de la Société de Biologie, 3. P. 197–201.
6. Miles T.R. and Miles E. Dyslexia a hundred years on. – 2nd edition. – Buckingham, 1999.
7. Morgan W. P. A case of congenital word blind- ness // British Medical Journal. – 1896. – No 7 (2). – pp. 1378-1389.
8. Lurija A.R. Vysshie korkovye funkicii cheloveka i ih narusheniya pri lokal'nyh porazheniyah mozga. [Higher cortical functions in human beings and their impairments in local brain lesions.] M.: Izdatel'stvo MGU, – 1969. – 504 p.
9. Kornev A.N. Osnovy logopatologii detskogo vozrasta: klinicheskie i psihologicheskie aspekty. [Fundamentals of speech therapy for childhood: clinical and psychological aspects]. SPb.: Rech', – 2006. – 380 p.
10. Lalaeva R.I. Narusheniya chteniya i puti ih korrektsii u mladshih shkol'nikov. Uchebnoe posobie. [Impairments of reading skills and the ways of speech therapy for younger school children. Textbook]. SPb.: Izdatel'stvo «Sojuz», – 2002. – 224 p.

#### **АСПЕКТЫ КОРРЕКЦИИ ДИСЛЕКСИИ И ДИСГРАФИИ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА: ОПЫТ УСПЕШНОГО ПРИМЕНЕНИЯ КОМПЛЕКСНОГО ПОДХОДА**

*Айтказы Ш.М.\* , Абызова А.М.*

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Казахстан, г.Талдыкорган*  
\*e-mail: [shaitkazieva@gmail.com](mailto:shaitkazieva@gmail.com), [rakhimova-86@mail.ru](mailto:rakhimova-86@mail.ru)

*Язык и речь являются неотъемлемой частью человеческого мышления и общения. В настоящее время нарушение навыков чтения, письма встречается у многих детей. В статье описывается научное определение таких понятий, как дислексия, дисграфия, а также их симптомы. Особое внимание уделяется лингвистическим аспектам коррекции дислексии и дисграфии и рассматривается исследование. Описывая различные виды нарушений в чтении*

*и письме, авторы отмечают необходимость комплексного, а не единичного анализа нарушений. В ходе исследования предлагаются специальные упражнения и задания для решения трудностей в навыках чтения у детей. В результате качественных методов и данных, полученных с помощью методов наблюдения, эксперимента, демонстрируется эффективность коррекционной работы, направленной на улучшение навыков чтения у детей с дислексией. Отмечается, что благодаря ранней диагностике и своевременной помощи у детей повысятся возможности для развития навыков чтения. В статье особое внимание уделяется необходимости интеграции нейропсихологических и педагогических аспектов, а также важности специального образования учителей.*

**Ключевые слова:** дислексия, дисграфия, нейролингвистика, механизм коррекции нарушений чтения и письма.

## **ASPECTS OF DYSLLEXIA AND DYSGRAPHY CORRECTION IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS: EXPERIENCE OF SUCCESSFUL APPLICATION OF AN INTEGRATED APPROACH**

Sh.M. Aitkazy\*, A.M. Abyzova

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

\*e-mail: [shaitkazieva@gmail.com](mailto:shaitkazieva@gmail.com), [rakhimova-86@mail.ru](mailto:rakhimova-86@mail.ru)

*Language and speech are an integral part of human thinking and communication. Currently, impaired reading and writing skills are found in many children. The article describes the scientific definition of such concepts as dyslexia, dysgraphia, as well as their symptoms. Special attention is paid to the linguistic aspects of dyslexia and dysgraphia correction and the study is considered. Describing various types of violations in reading and writing, the authors note the need for a comprehensive, rather than a single analysis of violations. In the course of the study, special exercises and tasks are offered to solve difficulties in children's reading skills. As a result of qualitative methods and data obtained using observation and experimental methods, the effectiveness of correctional work aimed at improving reading skills in children with dyslexia is demonstrated. It is noted that thanks to early diagnosis and timely assistance, children will have increased opportunities to develop reading skills. The article pays special attention to the need to integrate neuropsychological and pedagogical aspects, as well as the importance of special education for teachers.*

**Keywords:** dyslexia, dysgraphia, neurolinguistics, mechanism of correction of reading and writing disorders.

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРДА LESSON STUDY ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Баядилова Г.О.



Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*e-mail: [gulsun.bayadilova@kaznaru.edu.kz](mailto:gulsun.bayadilova@kaznaru.edu.kz)

*Зерттеу тақырыбы туралы: Lesson Study үдерісін зертханалық сабаққа жоспарлау және оған өз ойлары мен ұсыныстарын енгізу барысында Lesson Study тобымен бірлесіп, олар дайындаған Lesson Study-ді талқылап, педагогикалық әдісті әзірлеу тәсілдері туралы ұсыныс енгізе алады. Бақылаушы ретінде және студенттер қатысып, сабақ қорытындыларын талқылауға ат салыса алады. Зерттеу барысында студенттер деңгейлік көрсеткіштері бірішама өзгерді. Сыныпта жекелей тапсырмалар беріп, үнемі назарда ұстаса, тәжірибе барысы оң нәтиже бергенін қорытындылауға болады. Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары. Биотехнология пәнінің зертханалық сабағында қант өызылишасы өнімдерінен пектин алудың теориялық және практикалық негіздерін, жаңа технологияларын жетілдіру. Қызылишаны кептіру мен целлюлозаның теориялық және практикалық аспектілерін жетілдіру. Алматы облысында қант қызылишасы өндірісінің жұмыс істеу тиімділігіне ретроспективті талдау жүргізу және экономикалық бағалау нәтижелері негізінде қант қызылишасы өндірісінің қазіргі жай-күйінің үрдістерін айқындау. Жүргізілген зерттеудің құндылығы қазіргі уақытта елде пектинді тұтыну көлемінің тұрақты өсуі негізінен сүт өнеркәсібінде және алкогольсіз сусындар өндірісінде импорттық пектинді қолдану аясын кеңейту есебінен байқалады. Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы. Пектиннің бактерияға қарсы, антиоксидантты және детоксикациялық қасиеттері оны функционалды тағамның ажырамас компонентіне айналдырады. Әлемде өндірілетін әртүрлі мақсаттағы пектиндердің 85-90% тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады, бұл дәстүрлі және электрофизикалық әдістерді қолдануға негізделген пектин алудың жаңа технологияларын жасауға, жоғары сапалы пектиндерді, соның ішінде жоғары сорбциялық қасиеттерді алуға мүмкіндік береді.*

**Түйінді сөздер:** Lesson study әдіс, білім беру бағдарлама, зертханалық жұмыс практикалық негіз.

### Кіріспе

Lesson Study-дің айрықша жағы – бұл: Біріншіден, зерттеу сабағы – команда жүргізетін ұзақ процесс; Екіншіден, ол оңға бағытталған практикалық және зерттеу сипатына ие зертхана динамикасы, өзгеруі және жақсаруы. Белгілі бір топты оқытудың негізгі мәселесі шешіледі деректерді жүйелі түрде жинау және талдау арқылы; Үшіншіден, бұл қызығушылық танытқан оқытушылар тобы зерттеу жүргізетін топтық жұмыс үш цикл бойы белгілі бір сыныпта оқытудағы өзекті мәселені шешу үстінде сабақтар; Төртіншіден, зерттеудің үш циклі кезеңінде іс – әрекетте ерекше назар аударылады талқылау және талдау көзі ретінде қызмет ететін деректерді жинауды жүйелеу және талдау нақты рефлексия және нақты нәтижелер алу Бесіншіден, зерттеудің бүкіл процесі үш циклде хаттамада белгіленеді жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату [1].

Қазіргі жағдайда Қант өндірісінің қалдықтарының көпшілігі іс жүзінде жойылмайды, бұл олардың көп тонналық жиналуына, бақылаусыз ыдырауына әкеліп соғады, олар топырақты, жер асты және жер үсті суларын, ауаны ластайтын улы өнімдер шығарады. Өндіріс ерекшеліктеріне байланысты Қант өндірісінің экологиялық қауіпсіздігінің ең өзекті мәселелері

мыналар болып табылады: Қалдықтарды кәдеге жарату, пайда болған ағынды сулардың көлемін азайту, тазарту қондырғылары орналасқан жер учаскелерінің көлемін азайту, тұтынылатын таза судың мөлшерін шектейтін Су шаруашылығы жүйесін ұйымдастыру [2].

Пектин – бұл өсімдіктің жасуша қабырғасының жасушааралық затының құрамдас бөлігі болып табылатын күрделі гетерополимер. Оларға әдетте пектиннің күрделі метил эфирі, де-этерифицирленген пектин қышқылдары мен оның тұздары және пектаттар жатады. Көптеген өсімдік полисахаридтері сияқты, пектиндік заттар құрамы мен молекулалық мөлшерінде полидисперс болып табылғанын анықталды [3].

Пектин өндірісінің дамуын тежейтін басты себептердің бірі қайталама шикізат ресурстарын кешенді қайта өңдеу бойынша экологиялық қауіпсіз технологияның болмауы болды. Дәстүрлі технология химиялық агрессивті ортаны қолдануды қарастырады, бұл Негізгі технологиялық жабдықтың коррозияға төзімділігіне, оның жарылыс және өрт қауіпсіздігіне жоғары талаптар қояды.

Осыған байланысты, бүгінгі таңда Қазақстан аумағында пектин өндірісін қайта бастау өзекті тақырып болып табылады.

*Зерттеу нысаны:*

Қант қызылшасын қайта өңдеу өнімдерінен пектин алудің теориялық және практикалық негіздерін, жаңа технологияларды қолдануды жетілдіру.

*Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:*

- Қант қызылша шаруашылығы өндірісінде интерграциялы құрылымдар құру қызылша қалдығынан алынған жомды зерттеу материал ретінде алу;

- "Айшолпан" сортының қант қызылшасы мелассасының үлгісінен алынған жомның пектиннің құрамы зерттеледі.

**Материал және әдістеме**

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. Табиғи полисахарид болып табылатын Пектин соңғы жылдары маңызды бола бастады. Ғалымдар мен тұтынушылар табиғи пектиннің биологиялық ыдырауына байланысты оның пайдасын атап өтті. Көптеген жылдар бойы ол тамақ өнеркәсібінде қоюландырғыш, гель түзетін Агент және коллоидты тұрақтандырғыш ретінде сәтті қолданылды. Пектин сонымен қатар оны әртүрлі дәрілік заттарды, ақуыздарды және жасушаларды ұстау немесе жеткізу үшін пішін ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін бірегей қасиеттерге ие.

Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы. Қанттандыру әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады-эк (шырынды тазарту кезінде ӘК сүтінің орнына қолданылатын үш кальций қантының түзілуі, онда қанттың эк пен қантқа ыдырауы жүреді), ионит (иониттердің көмегімен зәрдің негізгі бөлігі жойылады, нәтижесінде меласса қызылшасын өңдеу кезінде іс жүзінде түзілмейді), хроматографиялық әдістер.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары. Тәжірибе көрсеткендей, жануарлардың өнімділігі неғұрлым жоғары болса, оларды жоғары сапалы, энергияны қажет ететін жеммен қамтамасыз ету мәселесі соғұрлым өзекті болады. Азықтандыру және азықтандыру жүйелерінің шектеулеріне байланысты жануарлардың генетикалық әлеуеті тек 60-70% - ға жүзеге асырылатыны дәлелденді. Мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнының құрылымында жемшөпке жұмсалатын шығындар шамамен 50% құрайды, сондықтан жемшөп өндіру жүйесі жемшөп сапасының оңтайлы теңгеріміне және оны өндірудің экономикалық көрсеткіштеріне негізделуі тиіс.

Өткен 2023 жылы кептірілген пектиннің үшінші экстракциясы  $21.95 \pm 0.05\%$  құрады. Экстракция шарттары оңтайлы деген қорытынды жасалды.

Үшінші экстракциядағы жағдай бойынша алынған нәтижелерді растау үшін экстракция жүргізілді, бұл ретте кептірілген пектиннің шығымы  $29.72 \pm 0.05\%$  - ды құрады.

Қазіргі уақытта оларды қызылша целлюлозасынан алудың заманауи технологиялары жасалды. Олардың құрамында пектин заттарының жеткілікті көп мөлшері болғандықтан, мұндай талшықтарды тамақ өндірісінде қосымша ретінде пайдалануға болады. Диеталық

талшық энергияны тұтынуды азайтуға, тәбетті басуға, қанықтылықты арттыруға, майдың сіну деңгейінің өзгеруіне ықпал ету процессі. Сахарозаның ыдырауының негізгі процестері - микроорганизмдердің тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын ашыту-ашытқы, бактериялар, зea саңырауқұлақтары. Бұл оттегінің әсерінен болады (аэробты процестер), басқа жағдайларда онсыз (анаэробты процестер) (1-сурет).



**Сурет 1** – Ахарозаның ыдырауы

Пәтерден шығу өңделген қызылша массасының 5% құрайды және келесі шектерде өзгереді (массасы%): қатты заттардың массалық үлесі 75-82; ашытқы қант сомасының массалық үлесі 46-50; РН жалпы 8,0-7,73; тікелей поляризация бойынша қанттың массалық үлесі 44-48%; пектиннің массалық үлесі 0,96%.

Өткен 2017 жылы үшінші экстракция кезінде кептірілген пектиннің шығуы  $21.95 \pm 0.05\%$  құрады. Экстракция шарттары оңтайлы деген қорытынды жасалды.

Алынған нәтижелерді растау үшін үшінші экстракциядағыдай жағдайларда төртінші экстракция жүргізілді, бұл ретте кептірілген пектиннің шығымы  $29.72 \pm 0.05\%$  - ды құрады.

Молдавия химия ғылыми-зерттеу институты натрий немесе калий пектинін алу әдісін ұсынды, ол 0,8-1,1% концентрациясында тұз қышқылымен пектин алуды және алынған сығындыны рН 12-14 және бөлме температурасында металл гидроксидтерінің Сулы ерітінділерімен өңдеуді қарастырады [4].

Алма полиуронидтерін егжей-тегжейлі сипаттау үшін су, аммоний оксалаты және сұйылтылған сілтілі ерітінділер қосылған экстракция жұмыстары жүргізілді.

Пектин өндіру процесінің математикалық моделін алды. Алынған пектин этерификацияның төмен деңгейімен және полиуронидтің негізгі тізбегінің минималды бұзылуымен сипатталады. Пектин молекуласының гидролизі мен деэтерификациясының жылдамдығына ортаның рН, температураның және процестің ұзақтығының әсері зерттелді. Алынған математикалық модель бірінші ретті теңдеумен сипатталады және есептеуге пектиннің этерификация дәрежесінің күтілетін параметрлерін, оның молекулалық массасын анықтауға мүмкіндік береді.

Айшолпан сортынан алынған пектиннің массалық үлесі анықталды. Құрғақ заттардың массалық үлесі, 82 %, Тікелей поляризация бойынша қанттың массалық үлесі, 48%, Ашытылған (ашытылған) қант сомасының массалық үлесі, 50% көрсетті (1-кесте).

**Кесте 1** – «Айшолпан» сортының қант қызылшасы мелассасының үлгісі

| <b>Көрсеткіштің атауы</b>                                        | <b>Көрсеткіштің мәні</b> | <b>Нақты көрсеткіштер</b> |
|------------------------------------------------------------------|--------------------------|---------------------------|
| Құрғақ заттардың массалық үлесі, %, кем емес                     | 75,0                     | 82                        |
| Тікелей поляризация бойынша қанттың массалық үлесі, %, кем емес  | 44,0                     | 48                        |
| Ашытылған (ашытылған) қант сомасының массалық үлесі, %, кем емес | 46,0                     | 50                        |
| pH                                                               | От 6,5 до 8,0            | 7,73                      |
| Пектиннің массалық үлесі, %                                      |                          | 0,96                      |

Бірінші кестеде сенімді және қайталанатын нәтижелер алу үшін қант қызылшасының үлгісі берілген. Патока өнімділігі өңделген қызылша массасының шамамен 5% құрайды. Меласса-бұл қант өндірісіндегі соңғы кристалдану утфелін центрифугалау арқылы алынған ағып кету. Мелассаның құрамы мынадай шектерде ауытқиды (массаға%): құрамы құрғақ заттардың массалық үлесі 75-82; ашытылатын қант сомасының массалық үлесі 46-50; РН жалпы 8,0-7,73 ; тікелей поляризация бойынша қанттың массалық үлесі 44-48%; пектиннің массалық үлесі 0,96% құрайды.

Жапон ғалымдары қызылша целлюлозасынан алкогольде еритін пектиннің құрылымын зерттеді. Пектин біртіндеп таза галактороназа, рамногалактуроназа және арабиназа арқылы бөлінді. Қанттың құрамдас бөліктері зерттеліп, алкогольде еритін пектинді экспериментальды түрде құруға мүмкіндік беретін пайдаланылған өнімдерді талдау жүргізілді.

Францияның Ұлттық агрономиялық зерттеулер институтының ғалымдары қызылша мен цитрус пектинінің рамногалактурон негізінің қайталанатын бөлшектерінің құрылымын зерттеді [5].

Болгария Ғылым академиясының қызметкерлері ультра жоғары жиілікті электромагниттік өріспен өңделген апельсин, лимон және алма қалдықтарынан пектин алуды зерттеді [6].

Микротолқынды қыздырудан кейін пектин мөлшерінің жоғарылауы және сапасының жақсаруы, біріншіден, өсімдік тіндерінің ішінара тозуы және протопектин гидролизі, екіншіден, бастапқы материалдағы пектолитикалық ферменттердің тез инактивациясы арқылы анықталды [7].

Жаңа Зеландия ғалымдары алма пектин затының пісу және сақтау кезеңіндегі өзгеруін және қызылша пектинінің фракцияларын талдауды зерттеді. Пектин материалы ағашта өсу кезеңінде және жиналғаннан кейін сақтаудың әртүрлі кезеңдерінде спиртте еритін алма шөгінділерінен алынды. Пектиннің үш фракциясы бөлініп, бөлме температурасында 1,2-циклогександиамин-тетрацети қышқылында, суық сұйылтылған натрий карбонаты мен натрий карбонатында ериді [8].

Пектинді кезең-кезеңімен алу ұсынылады, бұл мақсатты өнімнің максималды шығымдылығына ықпал етеді, онда бастапқы субстрат 10 минуттық бумен өңделеді, содан кейін 1 сағат ішінде 55-60 с органикалық қышқылдармен алынады; алынған сығынды бөлініп, қатты қалдық 2 сағат ішінде 80-90 С-та қайта алынады.

Азық-түлік технологиялары институтының ғалымдары қышқыл экстракция арқылы алынған цидониядан алынған пектингі сипаттама береді. Сығындының шығымдылығы, галактурон қышқылының құрамы, бейтарап қант құрамы анықталды, олар алма мен лимон пектиндері туралы жарияланған мәліметтермен салыстырылды. Цидониядан алынған Пектин құрамында көп мөлшерде галактурон қышқылы бар (шамамен 78%), метоксилдену дәрежесі – 59%, орташа өнімділік – алма пектиніне ұқсас жаңа піскен жемістердің салмағының 0,53% [9].

Малды тамақтандырумен қатар, патока қолданудың ең көне әдістерінің бірі-оны қантсыздандыру. Алайда, патоканың қантсыздандырудың тиімділігі бірқатар факторларға байланысты: алынған патока мөлшері, оны басқа мақсаттарда қолдану мүмкіндігі мен экономикалық тиімділігі, қосымша қанттың қажеттілігі.

Қантсыздандыру әр түрлі әдістермен жүзеге асырылады – әк (әк пен патоканы қантпен байланыстыру және шырынды тазарту кезінде ӘК сүтінің орнына қолданылатын үш кальцийлі қанттың пайда болуы, онда қант әк пен қантқа ыдырайды), ионит (иониттердің көмегімен қанттардың негізгі бөлігі алынып тасталады, нәтижесінде қызылшаны өңдеу кезінде патока іс жүзінде қалыптаспайды), хроматографиялық.

Химиялық немесе биохимиялық әдістермен патокадан сахарозаның құнды туындыларын, құрамында сахароза жоқ органикалық және бейорганикалық заттарды алуға болады.

Сахарозаның ыдырауының негізгі процесі – микроорганизмдердің тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын ашыту-ашытқы, бактериялар, қалыптар. Бұл кейбір жағдайларда оттегінің әсерінен (аэробты процестер), ал басқа жағдайларда онсыз (анаэробты процестер) болады [10].

Мұздату жағдайында қызылша дақылдарын сақтаудың оңтайлы шарттары және алынған пектиннің физика-химиялық сипаттамасы анықталды. Жаңа піскен қызылша -20 С температурада 3 ай бойы сақталды, сақтау аяқталғаннан кейін қызылша ерітіліп, ұсақталды, содан кейін одан сахароза алынды. Нәтижелер оқшауланған пектиннің физика-химиялық сипаттамалары мен қызылша целлюлозасындағы қант мөлшері мұздату әсеріне өте сезімтал емес екенін көрсетті.

### **Қорытынды**

Lesson Study әдістемелік әдіснама, әдіс пен теория әрқашан бір-бірі мен тығыз байланысты. Теория педагогикалық құбылыстадың кез келген әдіснаманың негізі болып табылады және сол әдістеменің көмегімен табылған фактілер арқасында кеңейеді. Теория – таным процесінің нәтижесі, ал әдіснама осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл теориялық және практикалық ғылыми – танымдық іс –әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі екені анықталды.

Қазіргі уақытта кондитерлік және фармацевтикалық кәсіпорындар пектингеге деген қажеттіліктерін ішінара қанағаттандыратындықтан, осы өнімді импорттаудың арқасында қазіргі уақытта отандық пектин өндіру мәселесі өте өзекті. Қант өндірісі өндірілетін өнімнің бірлігіне шаққанда шикізаттың едәуір мөлшерін талап ететін өнеркәсіптік өндірістің материалды көп қажет ететін салаларының бірі болып табылады. Қызылша шикізатының жағымды ерекшелігі- ондағы протопектиннің мөлшері (пектиндік заттардың жалпы сомасының 98%), бұл осы мақсатты өнімді алудың технологиялық параметрлерін анықтайды.

Ашыту арқылы патокадан келесі өнімдерді алуға болады .Анаэробты процесс кезінде-этил спирті, глицерин, бутанол, ацетон, бутиленгликоль, сүт, май, пропион және басқа қышқылдар. Аэробты процесте-глюконий, лимон, фумар, оксал және сірке қышқылдары, сондай-ақ диоксицетон. Ашытудың бұл түріне сәйкес ашытқы өндірісі де ұйымдастырылады-нан және жем.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Yernazarova G., Ramazanova A., Anuarova L., Korulkin D., Kudaibergenova B. Method of use of biotechnological research (for example, biologically active substances of higher aquatic plants) in teaching Biology// Bulletin of the KazNU. Pedagogical series. – 2018. – Vol. 55, No. 2. – P. 66-73.

2. Донченко Л.В., Ковалева С.Е., Демина Н.В. Возможность использования вторичных сырьевых ресурсов свеклосахарного производства для дальнейшей переработки// Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского государственного аграрного университета. – 2016. – №21. – С. 438-446.

3. Егорова М.И. Свеклосахарная меласса – сырье для производства корма продуктов // Сахар. – 2010. – №2. – С. 18-22.

4. Житин Ю.И., Стекольников Н.В. Приемы использования отходов производства в агроэкосистемах Центрального Черноземья. Воронеж: ВГАУ, 2015. 218 с.
5. Зелепукин Ю.И., Бирюков И.И., Бирюкова Н.И., Зелепукин С.Ю. Утилизация фильтрационного осадка // Сахар. – 2011. – № 6. – С. 41.
6. Лосева В.А., Путилина Л.Н., Матвиенко Н.А., Шестова С.М. Способ получения пищевого волокна из свекловичного жома. Патент на изобретение RUS 2340678 08.05.2007.
7. Карпович М.С. Концентрирование пектинового экстракта // Пищевая промышленность. Алматы. 2015. – №11. – С.37-38.
8. Компанцев В.А. Комплексообразование пектинов с ионами поливалентных металлов // Пищевая промышленность. 2009 – №11. – С.39-40.
9. Кочеткова А.А. Классификация и применение пектинов// Пищевая промышленность. – 2009. – №9. – С.28.
10. Патент 2176647 Россия, МПК 7 С 08 В 37/06, А 23 L 1/0524 Способ получения пектина / А.А. Муринцев, А.А. Муринцев. №98114966/04; заявл. 27.07.98; Оpubл. 10.12.2001; – Бюл. № 2.

#### REFERENCES:

1. Yernazarova G., Ramazanov A., Anuarova L., Korulkin D., Kudaibergenova B. Method of use of biotechnological research (for example, biologically active substances of higher aquatic plants) in teaching Biology// Bulletin of the KazNU. Pedagogical series. – 2018. – Vol. 55, No. 2. – P. 66-73.
2. Donchenko L.V., Kovaleva S.E., Demina N.V. Vozmojnöst ispol'zovania vtorichnyh syrevykh resursov sveklosaharnogo proizvodstva dlä dälnejšei pererabotki [Possibility of using secondary raw materials from sugar beet production for further processing] // Politematicheskii setevoi elektronnyi nauchnyi jurnal Kubanskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. – 2006. – №21. – S. 438-446.
3. Egorova M.İ. Sveklosaharnaia melasa – syre dlä proizvodstva kormoproduktov [Sugar beet molasses – raw material for the production of feed products] // Sahar. – 2010. – №2. – S. 18-22.
4. Jitin İ.İ., Stekolnikova N.V. Priemy ispol'zovania othodov proizvodstva v agroekosistemah Sentral'nogo Chernozemä [Methods of using production waste in agroecosystems of the Central Black Earth Region]. Voronej: VGAU, – 2015. – 218 s.
5. Zelepukin İ.İ., Birükov İ.İ., Birükova N.İ., Zelepukin S.İ. Utilizatsia filtratsionnogo osadka [Disposal of filter cake] // Sahar. – 2011. – № 6. – S. 41.
6. Loseva V.A., Putilina L.N., Matvienko N.A., Şestova S.M. Sposob poluchenia pişevogo volokna iz sveklovichnogo joma [Method for obtaining dietary fiber from beet pulp]. Patent na izobretenie RUS 2340678 08.05.2007.
7. Karpovich M.S. Konsentrirovaniye pektinovogo ekstrakta [Concentration of pectin extract] // Pişevaia promyšlenöst. Almaty. – 2015. – №11. – S.37-38.
8. Kompansev V.A. Kompleksoobrazovanie pektinov s ionami polivalentnykh metalov [Complexation of pectins with polyvalent metal ions] // Pişevaia promyšlenöst. – 2009 – №11. – S.39-40.
9. Kochetkova A.A. Klasifikatsia i primenenie pektinov [Classification and application of pectins] // Pişevaia promyšlenöst. – 2009. – №9. – S.28.
10. Patent 2176647 Rosia, MPK 7 S 08 V 37/06, A 23 L 1/0524 Sposob poluchenia pektina [Method for obtaining pectin] / A.A. Murinsev, A.A. Murinsev. №98114966/04; zaiavl. 27.07.98; Opubl. 10.12.2001; Büл. № 2.

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ МЕТОДА LESSON STUDY НА ЛАБОРАТОРНЫХ ЗАНЯТИЯХ

Баядилова Г.О.

Казахский Национальный Аграрный Исследовательский Университет,  
Республика Казахстан, г.Алматы

\*e-mail: [gulsun.bayadilova@kaznaru.edu.kz](mailto:gulsun.bayadilova@kaznaru.edu.kz)

*В статье: при планировании процесса Lesson Study на лабораторном занятии и внесении своих мыслей и предложений совместно с группой Lesson Study могут обсудить подготовленный ими lesson study и внести предложения о подходах к разработке педагогического метода. В качестве наблюдателя и студенты могут участвовать и участвовать в обсуждении итогов урока. В ходе исследования уровень успеваемости студентов несколько изменился. Если в классе давать индивидуальные задания и постоянно держать в центре внимания, то можно подытожить, что ход практики дал положительный результат. Цель, основные направления и идеи научного исследования. Совершенствование теоретических и практических основ, новых технологий получения пектина из продуктов сахарного тростника на лабораторных занятиях по биотехнологии. Совершенствование теоретических и практических аспектов сушки свеклы и целлюлозы. Проведение ретроспективного анализа эффективности функционирования производства сахарной свеклы в Алматинской области и определение тенденций современного состояния производства сахарной свеклы на основе результатов экономической оценки. Ценность проведенного исследования заключается в том, что в настоящее время устойчивый рост потребления пектина в стране наблюдается в основном за счет расширения сферы применения импортного пектина в молочной промышленности и производстве безалкогольных напитков. Практическая значимость результатов работы. Антибактериальные, антиоксидантные и детоксицирующие свойства пектина делают его незаменимым компонентом функциональной пищи. 85-90% производимых в мире пектинов различного назначения используются в пищевой промышленности, что позволяет разрабатывать новые технологии получения пектина, основанные на использовании традиционных и электрофизических методов, получать высококачественные пектины, в том числе с высокими сорбционными свойствами.*

**Ключевые слова:** Lesson study метод, образовательная программа, лабораторная работа практическая основа.

## IMPROVING THE USE OF THE LESSON STUDY METHOD IN LABORATORY CLASSES

G.O. Bayadilova

Kazakh National Agrarian Research University, Republic of Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: [gulsun.bayadilova@kaznaru.edu.kz](mailto:gulsun.bayadilova@kaznaru.edu.kz)

*In the article: when planning the Lesson Study process in a laboratory lesson and making their thoughts and suggestions, together with the Lesson Study group, they can discuss the lesson Study they have prepared and make suggestions on approaches to the development of a pedagogical method. As an observer, students can participate and participate in the discussion of the lesson results. In the course of the study, the students' academic performance has changed somewhat. If you give individual assignments in the classroom and keep them constantly in the*

Бұл мақалада Болашақ және қазіргі педагогтардың сандық құзыреттілігіне салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігінің критерийлерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін зерттеуге, сондай-ақ педагогикалық мамандықтар студенттерінің цифрлық дағдыларын қалыптастыру қажеттіліктерін анықтауға негізделген. Талдау барысында цифрлық құзыреттіліктерді диагностикалау әдістемелері қаралды, екі топ арасындағы цифрлық дайындық деңгейлеріндегі айырмашылықтар анықталды, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынылды. Цифрлық технологияларды білім беру процесіне интеграциялауға және педагогтердің кәсіби дамуының әртүрлі кезеңдерінде цифрлық сауаттылығын арттыру мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды.

**Кілт сөздер:** цифрлық құзыреттілік, педагогикалық білім, цифрлық технологиялар, диагностика, цифрлық дағдылар деңгейлері, кәсіби даму, білім беруді жаңғырту.

## COMPARATIVE ANALYSIS OF DIGITAL COMPETENCE OF TEACHERS: CRITERIA, LEVELS, AND METHODS OF FORMATION

J.E. Ernazarova<sup>1</sup>, R.T. Iliev<sup>2,\*</sup>

<sup>1</sup>Taldykorgan Industrial College, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

<sup>2</sup>Secondary school-lyceum No. 5 named after M.Lomonosov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

\*e-mail: [erjanna@mail.ru](mailto:erjanna@mail.ru)

This article provides a comparative analysis of the digital competence of future and current teachers. The research is based on the study of criteria, indicators and levels of digital competence of teachers, as well as on identifying the needs for the formation of digital skills among students of pedagogical specialties. In the course of the analysis, methods for diagnosing digital competencies were considered, differences in the levels of digital training between the two groups were identified, and recommendations for improving educational programs were proposed. Special attention is paid to the integration of digital technologies into the educational process and the possibilities of improving the digital literacy of teachers at different stages of their professional development.

**Keywords:** digital competence, teacher education, digital technologies, diagnostics, levels of digital skills, professional development, modernization of education.

## БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Жапарғалиева А.Е.\* , Оксикбаев Б.К. 

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы,  
Талдықорған қ.*

\*e-mail: [zapargalievaajdana04@gmail.com](mailto:zapargalievaajdana04@gmail.com), [berikjan-kil@mail.ru](mailto:berikjan-kil@mail.ru)

Оқушылардың білімін тиімді бақылау әдістерін қолдану академиялық прогресті бақылау мен білім берудегі мәселелерді тауып, дамытудың құралы болып табылады. Жазбаша тесттер, емтихандар мен ауызша тексеру сияқты дәстүрлі бақылау әдістері оқушылардың білімін бақылауда әлі де өзектілікке ие. Дегенмен бүгінгі білім беруді бақылау оқушының тек теориялық білімді игергенін ғана емес, сонымен қатар қандай дағдыларды қалыптастырғанын бақылауды көздейді. Заманауи әдістерді қолдану білім алушылардың белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Пәннің ерекшеліктері мен оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу арқылы педагог тарапынан жүргізілетін бақылау заманауи бақылаудың мәнін көрсетеді. Мақалада биология пәнін оқытуда білім алушылардың білімін бақылаудың мәні, түрлері мен кейбір заманауи бақылау әдістерін қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы салыстырмалы мәліметтер берілген. Жаратылыстану пәндері қатарындағы биологияны оқытуда оқушылардың жетістіктерін бақылаудың заманауи әдістері мен ерекшеліктерін анықтауда әдебиет көздеріне талдау жүргізілді. Биология пәні бойынша білім алушылардың білім мен дағдыларына бақылау жүргізу әдістері практикалық және теориялық компоненттерді бірге қарастырады. Бақылау әдістері теориялық білімді бақылаумен ғана шектелмей, практикалық дағдылардың қалыптасуын анықтауға да бағытталады. Осы мақсатта жобалық бақылау, зертханалық жұмыс арқылы бақылау мен кейс әдісі сияқты бірқатар әдістерді қолдану арқылы оқушы бойында креативтілік, сыни ойлау дағдыларын дамытуды қарастырады. Заманауи білім беру үрдісін технологияларсыз елестету мүмкін емес. Биология пәні бойынша автоматтандырылған технологияларды қолдану уақыт ресурсын қысқартып педагогикалық жүктемені азайтатынын көрсетті. Технологиялар, платформалар білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сай бейімделуі қазіргі заман талабына сай білім беру міндеттерін қанағаттандыра алады. Дәстүрлі және заманауи әдістердің интеграциясы оқушылардың білімін бақылау арқылы академиялық жетістіктерді бақылау арқылы дұрыс бағалауға жол ашады.

**Түйін сөздер:** білімді бақылау әдістері, заманауи әдістер, биология пәні, инновациялық оқыту технологиялары.

### Кіріспе

Заманауи білім берудің алға қойған мақсаттарының бірі – оқушының сапалы білім алуымен қатар жан-жақты тұлға болып қалыптасуы. Жан-жақтылық мазмұнында сыни тұрғыда ойлай алу, креативтілік, цифрлық сауаттылық пен коммуникация сияқты бірқатар дағдылардың білімгердің бойында қалыптасуы қарастырылады [1]. Сапалы білім мен дағдыларды қалыптастыруда педагогикалық технологиялар білім беруді әр түрлі мақсатта бағыттаушы негізгі құралдардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңдағы білім беру аренасындағы жаңа технологиялар мен әдістемелердің дамуына білім беру процесіндегі мәселелерді шешу себепші болды. Мәселен, технологиялар педагогтар үшін білім беру әдістерін түрлендіруге мүмкіндік берсе, әдіс-тәсілдер білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді [2]. Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін анықтауда білім беруді бақылау маңызды фактор болып табылады. Демек, білім алушылардың білім беру

процесі барысындағы білімін бақылау арқылы олардың жетістіктері мен педагогикалық жұмыстың бағдары айқындалады. Білім беруді бақылау және бағалау терминдері оқу нәтижелерін сапалы басқаруда әрдайым қатар жүреді. Бақылау – бұл процесс. Яғни, педагогпен білім алушының білім алу нәтижелері мен жетістіктері тұралы ақпарат алу мен кері байланыс орнату. Ал, бағалау – бақылау нәтижелерін өлшеуге бағытталған. Зерттеу әдебиеттерінде білімді бақылау түсінігіне түрлі анықтамалар беріледі [3]. Кең мағынада білім берудегі бақылау мазмұны келесідей анықтамалармен көрініс табады:

- бақылау объектісімен пәнді игеру үрдісі;
- білім беру процесінің сапасын бақылау;
- оқытудың мазмұнын, әдістерін, технологияларын және оқу материалын меңгеруін бақылау құралдарын жаңарту, жетілдіру процесі.

Білім берудегі білім алушылардың білімін бақылаудың мақсаты – оқыту процесін тиімді басқару және білім алушылардың білім деңгейін жақсарту. Бақылау арқылы мұғалімдер мен білім алушылардың оқу барысындағы жетістіктері мен әлсіз жақтарын анықтап, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді [4]. Сыныптағы бақылау тұралы алғашқы зерттеулердің бірінде [5] бақылау педагогтың келесідей әрекеттерімен сипатталатынын көрсетеді:

1. Сабақ барысындағы талқылау кезінде оқушыға материалдың түсініктілігін анықтау үшін сұрақтар қою;
2. Сыныптағы тапсырмалар барысында оқушылармен тапсырмалар тұралы түсініктемелер жүргізу;
3. Үй тапсырмаларын беру, жинау, тексеру мен түзету жұмыстары;
4. Білім беру әдістері мен мазмұнына өзгерістер мен түзетулер енгізу үшін жиналған ақпараттарға талдау жасау.

Сонымен қатар, автор бақылау барысында әділділік, бірізділік пен жүйелілік принциптерін негізге алуы қажет екендігін көрсетеді. Бүгінгі білім беруде білім алушылардың білімін бақылау да осы принциптерді қарастырады. Ал, бақылау әдістері технологиялардың дамуымен бірге жаңа әдістермен толықтырылуда. Дәстүрлі бақылау әдістері арасынан жазбаша және ауызша тексеру зерттеу әдебиеттерінде бақылаудың мақсатына байланысты әр түрлі бақылау түрлерінде кеңінен қолданылады [6]. Мәселен, сабақты бастамас бұрын білім алушылардың білім деңгейін ауызша тексеру кіріспе бақылау кезінде қолданылса, сабақ барысында материал қаншалықты түсінікті және оқушымен қабылдану деңгейін анықтау үшін ауызша тексеру ағымдағы бақылау барысында қолданылады. Жазбаша тексеру, биологиялық диктант білім алушылардың теориялық материалды қабылдау деңгейін көрсетуімен қорытынды бақылау кезінде қолданылуы мүмкін [7].

Бақылау түрлерін мақсатына қарай: диагностикалық немесе кіріспе бақылау: білім алушылардың жаңа тақырыпты оқып бастамас бұрын бастапқы деңгейлерін тексеру; ағымдағы бақылау: тақырыпты меңгеру барысында жеке бір білім элементтерінің оқушымен қалай қабылданып жатқандығын айқындау арқылы дер кезінде мәселелерді шешуге мүмкіндік беру; Рубеждік бақылау: бірнеше тақырыптарды қамтитын бөлім аяқталғанда білім алушылардың білімді игеру деңгейін бақылау; Қорытынды бақылау: оқу бағдарламасын аяқтау кезінде білім алушылардың барлық дидактикалық процесс барысында оқу бағдарламаны игеру деңгейін бақылау [8]. Аталған бақылау түрлері жеке, топтық және фронтальды бақылау формаларында қолданылады. Бүгінде технологиялардың дамуымен дәстүрлі бақылау түрлерінде қолданылатын әдістер онлайн, автоматтандырылған бақылау әдістерімен алмастырылуда. Заманауи бақылау әдістері студентке бағыттылық принципін алдыға қоюымен, дәстүрлі әдістердің шекарасын кеңейтеді. Бағалау барысында бақылау нәтижелері көрсеткен тек білім деңгейі ғана емес, білім алу барысындағы оқушының белсенділігін есепке алу заманауи бақылаудың ерекшеліктерінің бірі суммативті бақылаумен көрініс табады. Заманауи әдістер арқылы тек білімді бағалау ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың бойында белгілі бір дағдыларды қалыптастыруды көздейді. Заманауи бақылау әдістерінің дәстүрлі әдістерден басқа да айырмашылықтары 1 кестеде көрсетілген.

**Кесте 1 – Заманауи және дәстүрлі бақылау әдістерінің айырмашылықтары**

| Дәстүрлі және заманауи бақылау әдістерінің салыстырмалы талдауы | Дәстүрлі бақылау әдістері                                                                                                                                                                                                            | Заманауи бақылау әдістері                                                                                                                                                          |
|-----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Функционалды мақсат                                             | Дәстүрлі әдістер білімді стандарттарға сай тексеруге және білім алушылардың пәндік мазмұнды меңгеру деңгейін бағалауға бағытталған. Олар негізінен теориялық білімді ауызша тексеру, бақылау жұмысы, емтихан әдістеріне негізделеді. | Білім деңгейін анықтаумен қатар аналитикалық дағдыларды дамытуға бағытталады. Сонымен қатар, алған білімді практикалық тұрғыда қолдана алуды бақылауға тоқталады.                  |
| Қолданылатын технологиялар                                      | Негізінен қағазға басылып шығарылған тесттер мен тапсырмалар.                                                                                                                                                                        | Автоматты тексеруге арналған цифрлық платформалар (Moodle, Quizizz, Google Classroom) мен интерактивті қосымшалар (Kahoot, Socrative), виртуалды шынайылық платформалары (EdTech). |
| Жекелендіру және бейімделу                                      | Көп жағдайда барлық оқушылар үшін бір деңгейдегі тапсырмалар қолданылады.                                                                                                                                                            | Адаптивті тесттер сияқты әр оқушының деңгейіне сай бейімдеу арқылы жетістіктерді нақты уақытта бақылау мүмкіндігін береді.                                                         |
| Әдістер                                                         | Дайын жауаптар мен нақты шешімдерді талап етеді.                                                                                                                                                                                     | Креативтілік пен сыни ойлау негізінде шешім қабылдай алу қабілетін дамытады.                                                                                                       |

### **Материалдар мен әдістер**

Биология пәнінде білім алушылардың жетістіктерін бақылауда қолданылатын бақылау әдістерін анықтау мен ерекшеліктерімен танысу мақсатында зерттеу әдебиеттеріне шолу жүргізілді. Мақалалар деректік қорлардан іздеу және талдау кезінде бірінші этапта қазіргі заманғы педагогикалық және психологиялық зерттеулердегі білімді бақылау әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері бойынша қарастырылды. Екінші кезеңде білім алушылардың білімін бағалауға арналған заманауи әдістерді талдау жүргізілді, теориялық және тәжірибелік деректер негізінде білімді бағалаудың заманауи әдістерінің тиімділігін сипаттайтын негізгі тұжырымдар жасалды. Үшінші кезеңде биология пәнін оқытуда қолдануға болатын бағалау модельдеріне талдау жасалынды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Бақылау әдістері пәннің ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде педагогпен икемделеді. Биология пәнін оқытуда қолданылатын бақылау әдістерінің ерекшелігі білім алушылардың зерттеу және тәжірибелік дағдыларын бақылауды бірге қарастыратын кешенді әдістерді құрауында. Биологияны оқу барысында оқушылар қоршаған ортаны танып-біледі. Жаратылыстану пәндері қатары үшін танымдық белсенділік ұғымы маңызды болып табылады. Биология пәнінде теориялық және практикалық компоненттер қатар жүретіндіктен, компоненттерді екі жақты қамту бақылау әдістерінің кешенділігімен көрініс табады. Мәселен, бүгінде жобалап оқыту сияқты әдістердің дамуымен жобалық бақылау әдісі қолданысқа ие. Жобалық оқыту арқылы бақылау жүргізу білім алушылардың теориялық білімін практикалық тұрғыда іске асыруды қамтиды. Жоба тақырыбы бойынша оқушылар ақпаратты жинау және өңдеу арқылы ақпараттық сауаттылықтарын дамытса, эксперименттерді жүргізу барысында зерттеу дағдылары қалыптасады. Білімгерлердің оқу жетістіктерін жобалық бақылау әдісі арқылы бақылау тұралы И.В.Панова жұмысында топтық жобамен жұмыстың жеке жобамен

жұмысқа қарағанда тиімділігін көрсетеді [9]. Топтық жобамен жұмыс барысы білім алушылар бойында жауапкершілік, топта жұмыс істей алу сияқты қабілеттерді дамытуға септігін тигізетіндігін көрсетеді. Жобалық бақылауда жобаның әр деңгейінде тапсырмалар беріліп, уақыт шектеуінде есептер алынып отырады. Жобаны қорғау барысында білімді бақылау үшін бағалау қағазы дайындалынады. Бағалау парағы арқылы оқушы өзін, өзге топты бағалау қарастырылады. Дегенмен, жобалық бақылаудың кемшіліктері де бар. Мектеп бағдарламасында тақырыптарға берілетін уақыт шектеулілігі жобаны орындайтын уақытты қысқартады. Ресурстардың аздығы жобаны толық зерттеу мүмкіндігін шектейді.

Биология пәні бойынша теориялық білімді тәжірибе негізінде бақылау жүргізудің тағы бір әдісі зертханалық жұмыстар. Зертханалық жұмыстар оқушыдан тек білімді ғана емес, сонымен қатар білімді қолдана алу (практикалық) дағдыларды дамытады. Зертханалық бақылау әдісі бірнеше кезеңдермен жүзеге асады. Мысалы 9 сынып бойынша «Анықтауыш арқылы өсімдіктердің түрлерін анықтау» тақырыбындағы зертханалық сабағын қарастыруға болады.

1. Дайындық кезеңіндегі бақылау: анықтауышпен жұмыс істеу кезінде оқушыларға қажетті теориялық білімді бақылау: өсімдіктердің классификациясы мен морфологиялық белгілерін білуі.

2. Зертханалық жұмыстың дұрыс орындалуын бақылау: білім алушылардың зертханалық жұмыста көрсетілген нұсқаулыққа сай жұмысы, жүйелілік пен дұрыс анықтау қадамын таңдау.

3. Нәтижелерді талдау: білім алушылардың өсімдіктерін түрін нақты анықтай алуы мен салыстыру және сәйкестендіру негізінде нәтижелерге талдау жасай алу дағдылары.

4. Нәтижелерді жазу: жасалған жұмыс нәтижелерін қаншалықты жүйелі түрде ұсына алуын бақылау.

Бақылау нәтижелерінің негізінде бағалау критерилері құрылады. Зертханалық жұмыс нәтижесінде білім алушылардың қаншалықты терминдермен таныстығы, ақпаратпен жұмыс істей алуы мен қортынды жасай алу сияқты білім мен дағдыларды игергенін бақылау мүмкіндігі туады.

Сабақтарда кеңінен қолданылып жүрген онлайн бақылау құралдары автоматтандырылған бағалау арқылы уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Онлайн бақылау құралдарының тағы бір ерекшелігі оқушыларға берілетін тапсырмалардың интерактивтілігі. Видео, аудио тапсырмалар мен сызба нұсқалар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятады [10]. Білім алушылардың деңгейлеріне қатысты бақылау принципіне сәйкес платформалар арқылы әр оқушыға тапсырмалар жіберіледі және нақты уақыт режимінде бағаланады. Онлайн бақылау құралдарының ішінде Google Classroom: тапсырмаларды беру, орындау және автоматты бағалау; Kahoot!: интерактивті викториналар мен ойындар арқылы бағалау; Moodle: кешенді оқу платформасы, тесттер мен емтихандар өткізуге арналған; Quizizz: интерактивті тесттер жасау және өткізу; Zoom/Webex/MS Teams: онлайн емтихандарды немесе ауызша сұрауларды ұйымдастыруға арналған платформалар қолданысқа ие [11]. Дегенмен, онлайн бақылау платформаларын қолдану кезінде академиялық адалдық мәселесі қозғалады. Сыныпта немесе сыныптан тыс уақытта бақылау жүргізу барысында оқушылармен екінші бір ақпарат құралдарының қолданылмауы қадағалануы тиіс. Бұл ретте платформаларды осы мақсатта ікемдеу қажеттілігін басты назарда ұстау қажет.

Білім алушылардың пәнге қызығушылығы мен мотивациясын арттыру заманауи білім берудің алға қойған міндеттерінің бірі. Оқу материалының оқушымен игерілгенін бақылау әдістерінің бірі геймификация. Ойын арқылы бақылау квест, жұмбақ немесе рөлдік ойындар, топтық жарыс пен виртуалды стимуляторлар сияқты әдістермен орындалады. Биология пәнінде «Тұқымқуалаушылық негіздері» бөлімі бойынша тақырыптарда "Генетиктер клубы" сияқты рөлдік ойынды ұсынуға болады. Оқушылар цитогенетик, молекулалық генетик, селекционер рөлдеріне бөлініп тұқымқуалаушылықтың заңдылықтарын талдайды. Геймификация оқушыларға білімді бақылау қатал тексеру емес, білім беру процесінің бір бөлшегі ретінде қабылдап зейінін жоғарлатады. Ойын барысында

оқушылар топтық жұмыс істеу дағдысын қалыптастыра алады. Сондай ақ, ойынды білім алушылардың деңгейлеріне қатысты құрастыруға болады. Ойын арқылы бақылаудың мақсаты – ойын элементтері арқылы оқу процессіне ауысу арқылы білім алушылардың зейінін сақтау. В.И. Белоусова соавторларымен [12] ойын арқылы бақылау жүргізуде ойын түрін таңдауда келесі принциптарға жүгінуді ұсынады:

1. Уақытқа баса назар аудару. Мейлінше ойынға арналған уақытты қысқарту қажет, яғни педагогпен бақылауға бөлінген уақыт пен ойын уақыты сай келуі тиіс. Ойын негізінен ағымдық бақылау кезінде қолданылады. Сондықтан да, максималды уақыт 15-20 минутты құрауы тиіс.

2. Ойын мәтінінің қарапайымдылығы уақытты үнемдеуге көмектеседі.

3. Ойын мен оқу контентінің сай болуы. Ойынның басты мақсатын әрдайым есте ұстау, ойын арқылы жаңа бір дағдыларды қалыптастыруға жол ашады.

Ойын арқылы бақылаудың тиімді тұстарына қарамастан, әдісті оқу процесінде тиімді қолдану үшін әдістің кемшіліктерін де ескерген жөн. Ойын оқушыларды негізгі мақсатқа алып келмеуі мүмкін. Яғни, оқушылар бәсекелестікке баса назар аударып білімді бақылау екінші деңгейде қалып кетуі мүмкін. Ойын әдісін терең білімді бақылау мен бағалау кезінде қолданудың өз аспектілері бар. Себебі ойын сыни ойлау мен анализ жасау сияқты тақырыптарды ашуға бағытталмаған. Ойын мен оқу мақсаты арасындағы баланс аталған әдісті сәтті қолдануды айқындайды.

Күрделі тақырыптар және олардың практикалық маңызын көрсетуде кейс әдісі қолданылады. Кейс әдіс арқылы бақылау барысында оқушылар алынған теориялық білім негізінде педагогпен ұсынылатын мәселелерді шешу арқылы талдау жүргізуді үйренеді. Биология пәнінде тақырыптар ауқымы күрделі мәселелерді шешу немесе күнделікті адам өміріне қатысты биологиялық жағдаяттар болуы мүмкін. Оқушылар үшін биология пәнінде ұсынуға болатын кейс-мәтін келесідей болмақ:

*«Айнұр жаңа пәтерге қоныс аударды. Ол пәтерді әр түрлі өсімдіктермен безендіргісі келеді. Ол кейбір өсімдіктердің ауаны тазартып, стрессті төмендейтіндігін ақпарат көздерінен оқыған. Сонымен қатар ақпараттарда өсімдіктердің аллергия мен ауа тазалығына қатысты проблемалық сұрақтардың бар екендігімен танысты. Ботаник консультант ретінде Айнұрға бөлме өсімдіктерін дұрыс таңдауға көмектес.»*

Кейспен жұмысты орындау барысында оқушылар бөлме өсімдіктерінің пайдалы және зиянды жақтарын көрсете отырып, танымдық ақпараттарды қабылдайды. Тапсырманы орындау барысында педагог оқушының өсімдіктермен қаншалықты таныс екендігін, ақпараттармен жұмыс істей алуын және оларды талдау арқылы дұрыс шешім шығара алуын бақылайды. Мәселелердің шынайы жағдаяттарға негізделуі білімнің практикалық құндылығын көрсетеді. Бұл әдіс барысында да оқушылар арасында коммуникация, өзіндік жұмыс істей алу дағдылары қалыптасады. Дегенмен, кейс әдісін бақылау үшін қолдану педагог тарапынан уақыт пен шынайы мәселерді құрастыру үшін дәлдікті талап етеді.

Заманауи бақылау әдістерінің тағы бір ерекшелігі білім алушылардың портфолиосын жинау. Ағымдық, қортынды, фронтальды бақылаулар барысындағы білім алушылардың эссе, тест, шығармашылық тапсырмалар нәтижелерінің белгілі уақыт аралығында жиналуы. Портфолионың жиналуы оқушының динамикалық нәтижелерін көрсетеді. Жиналған нәтижелер негізінде прогресс немесе регресс көрініс табуы мүмкін. Нәтижелер негізінде педагог тарапынан кері байланыс жасау мен білім беру әдістемесінің тиімділігі анықталды [13].

Жоғарыда атап өткендей оқушылардың білімін тиімді бағалау білім беру үрдісінің маңызды аспектісі болып табылады. Бақылау әдістеріне талдау жүргізер болсақ, дәстүрлі және заманауи әдістердің өз алдына артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Мәселен биология пәні оқушыларды ғылымға жол ашуға көмектеседі. Бұл ретте тек автоматтандырылған, жасанды интеллект арқылы бағалау әдістерін қолдану оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуды тежейді. Автоматтандырылған технологиялар мен дәстүрлі технологиялардың интеграциясы цифрлық сауаттылық мәселесін де көтереді. Сонымен қатар, технологиялармен бақылау субъективті бақылау барысында академиялық әділдікті көрсететін параметрлерді ұстану

қажет. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеретін бақылау әдістерін қолдану заманауи әдістердің артықшылықтарының бірі. Дәстүрлі және заманауи әдістердің биология пәні бойынша білім алушының жетістіктерін бақылауда өз орны бар.

### **Қорытынды**

Заманауи бақылау әдістері әр түрлі технологияларды қолдануымен оқу процесі үшін тиімділігімен ерекшеленеді. Жоғарыдағы әдістерді қолдану білім алушылардың белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Биология пәні бойынша білім алушылардың білім мен дағдыларына бақылау жүргізу әдістері практикалық және теориялық компоненттерді бірге қарастырады. Автоматтандырылған технологиялар уақыт ресурсын қысқарту арқылы педагогикалық жүктемені азайтады. Технологиялар, платформалар білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сай бейімделуі қазіргі заман талабына сай білім беру міндеттерін қанағаттандыра алады. Дегенмен, заманауи бақылау әдістерін жаппай пайдалану да оқу мақсаттарының орындалмауына алып келмеуі мүмкін. Әдістерді тиімді пайдалану мен әдістердің интеграциясын қолдану білім беруді жаңа деңгейге көтереді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Абайұлы Н., Сағатова Ш. Біртұтас білім беруді дамыту // Научно-аналитический журнал "Высшая школа Казахстана". – 2024. – Т. 45. – № 1.
2. Белоусова В.И., Поторочина К. С. Геймификация и автоматизированный контроль в обучении математике // Цифровые модели и решения. – 2022. – Т. 1. – № 3. – С. 59-75.
3. Blömeke S. et al. Opening up the black box: Teacher competence, instructional quality, and students' learning progress // Learning and Instruction. – 2022. – Т. 79. – С. 101.
4. Ертаев А. А. Білім алушылардың білімін бақылау міндеттері мен білімді тексеру түрлері, әдістері және формалары // Вестник Атырауского университета имени Халела Досмұхамедова. – 2018. – Т. 48. – № 1. – С. 72-75.
5. Еспенбетова Г. Т. Студенттердің білімін бақылаудың өзекті мәселелері // Dulaty University Хабаршысы. – 2022. – № 1. – С. 56-62.
6. Georgianna S. Fostering student success: An exploratory study in English writing classes // Journal of Applied Research in the Community College. – 2009. – Т. 17. – № 1. – С. 17-26.
7. Милевич А.С. К вопросу о современных технологиях контроля знаний студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2009. – № 6–1. – С. 61-64.
8. Мусабекова Г.Т., Туна С. Болашақ мұғалімнің бақылау-бағалау құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // Вестник университета Ясави. – 2022. – № 124. – С. 105–118.
9. Панова И.В. Метод проектов в системе контроля учебных достижений студентов педагогического вуза // Вестник Мининского университета. – 2016. – № 2 (15). – С. 12.
10. Сабитбекова М.М., Молдашева Л.Ж. Ағымдық бақылау барысындағы тест тапсырмаларының тиімділігі // Приветственное слово ректора Атырауского государственного университета им. Х. Досмұхамедова. – 2020. – С. 325.
11. Тілен Д.Б. "Биология" курсына оқу процесінде білім алушылардың білімін тексеру мәселесінің жағдайын зерттеу. – 2024.
12. Тихонова Л.П. Актуальные вопросы разработки современных средств мониторинга и контроля качества обучения // Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании. – 2018. – С. 602-605.
13. Vaccaro D.T., Sabella L.D. Impact on student learning: monitoring student progress // Journal of Practitioner Research. – 2018. – Т. 3. – № 1. – С. 5.

### **REFERENCES:**

1. Abaiuly, N., & Sagatova, Sh. (2024). Birtutas bilim berudi damytu [Development of integrated education]. Nauchno-analiticheskii zhurnal "Vysshaya shkola Kazakhstan". – 2024. – Т. 45. – № 1.

2. Belousova, V.I., & Potorochina, K. S. (2022). Geimifikatsiya i avtomatizirovannyi kontrol v obuchenii matematike [Gamification and automated control in teaching mathematics]. Tsifrovye modeli i resheniya. – 2022. – T. 1. – № 3. – S. 59-75.
3. Blömeke S. et al. Opening up the black box: Teacher competence, instructional quality, and students' learning progress // Learning and Instruction. – 2022. – T. 79. – C. 101.
4. Ertaev, A.A. (2018). Bilim alushylardyn bilimin bakylau mindetteri men bilimdi tekseru turleri, adisteri zhane formalary [Tasks of monitoring students' knowledge and types, methods and forms of knowledge testing]. Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni Halela Dosmukhamedova. – 2018. – T. 48. – № 1. – S. 72-75.
5. Espenbetova, G.T. (2022). Studentterdin bilimin bakylaudyn ozekti maseleleri [Current issues of monitoring student learning]. Dulary University Khabarshysy. – 2009. – T. 17. – № 1. – C. 17-26.
6. Georgianna S. Fostering student success: An exploratory study in English writing classes // Journal of Applied Research in the Community College. – 2009. – T. 17. – № 1. – S. 17-26.
7. Milevich, A.S. (2009). K voprosu o sovremennykh tekhnologiyakh kontrolya znaniy studentov [On the issue of modern technologies for monitoring students' knowledge]. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2009. – № 6–1. – S. 61-64.
8. Musabekova, G.T., & Tuna, S. (2022). Bolashak mugalimnin bakylau-bagalau kuzyrettiligin kaliptastyru zholdary [Ways to develop the monitoring and evaluation competence of a future teacher]. Vestnik universiteta Yasavi. – 2022. – № 124. – S. 105–118.
9. Panova, I.V. (2016). Metod proektov v sisteme kontrolya uchebnykh dostizhenii studentov pedagogicheskogo vuza [The effectiveness of test tasks during current control]. Vestnik Mininskogo universiteta. – 2016. – № 2 (15). – S. 12.
10. Sabitbekova, M.M., & Moldasheva, L. Zh. (2020). Agymdyk bakylau barysyndagy test tapsymalarynyn tiimdiligi [The effectiveness of test tasks during current control]. Privetstvennoe slovo rektora Atyrauskogo gosudarstvennogo universiteta im. Kh. Dosmukhamedova. – 2020. – S. 325.
11. Tilen, D.B. (2024). "Biologiya" kursyn oku protsesinde bilim alushylardyn bilimin tekseru maselesinin zhagdainy zertteu [Study of the situation of the problem of testing students' knowledge in the process of studying the "Biology" course]. – 2024.
12. Tikhonova, L.P. (2018). Aktualnye voprosy razrabotki sovremennykh sredstv monitoringa i kontrolya kachestva obucheniya [Current issues in the development of modern means of monitoring and quality control of education]. Innovatsii v professionalnom i professionalno-pedagogicheskom obrazovanii. – 2018. – S. 602-605.
13. Vaccaro D.T., Sabella L.D. Impact on student learning: monitoring student progress // Journal of Practitioner Research. – 2018. – T. 3. – № 1. – S. 5.

## **СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ПРЕДМЕТУ БИОЛОГИЯ**

*Жапаргалиева А.Е.\* , Оксикбаев Б.К.*

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г.Талдыкорган*

*\*e-mail: [zapargalievaajdana04@gmail.com](mailto:zapargalievaajdana04@gmail.com), [berikjan-kil@mail.ru](mailto:berikjan-kil@mail.ru)*

*Применение эффективных методов контроля знаний учащихся является инструментом для мониторинга академического прогресса, выявления и устранения проблем в образовании. Традиционные методы контроля, такие как письменные тесты, экзамены и устные опросы, по-прежнему актуальны в оценке знаний учащихся. Однако современный контроль в образовании направлен не только на проверку теоретических знаний, но и на оценку сформированных навыков. Использование современных методов играет важную роль в повышении активности и интереса учащихся к предмету. Контроль, проводимый педагогом с учетом особенностей предмета и индивидуальных характеристик*

учащихся, отражает суть современного оценивания. В статье представлены сравнительные данные о значении, видах и некоторых современных методах контроля знаний учащихся при обучении биологии, а также их преимущества и недостатки. Проведен анализ литературных источников для определения современных методов и особенностей контроля достижений учащихся при обучении биологии среди естественнонаучных дисциплин. Методы контроля знаний и навыков учащихся по биологии рассматривают практические и теоретические компоненты совместно. Методы контроля направлены не только на проверку теоретических знаний, но и на определение формирования практических навыков. С этой целью предполагается развитие у учащихся креативности и критического мышления посредством использования таких методов, как проектный контроль, контроль через лабораторные работы и метод кейсов. Современный образовательный процесс невозможно представить без технологий. Применение автоматизированных технологий в обучении биологии показало сокращение временных ресурсов и снижение педагогической нагрузки. Технологии и платформы, адаптированные к индивидуальным особенностям учащихся, способны удовлетворить задачи современного образования. Интеграция традиционных и современных методов открывает путь к объективной оценке академических достижений учащихся через контроль их знаний.

**Ключевые слова:** методы контроля знаний, современные методы, предмет биологии, инновационные образовательные технологии.

## MODERN METHODS OF ASSESSING STUDENTS' KNOWLEDGE IN BIOLOGY

A.E. Zhapargalieva\*, B.K. Oksikbayev

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan

\*e-mail: [zapargalievaajdana04@gmail.com](mailto:zapargalievaajdana04@gmail.com), [berikjan-kil@mail.ru](mailto:berikjan-kil@mail.ru).

The application of effective methods for assessing students' knowledge serves as a tool for monitoring academic progress and identifying issues in education. Traditional assessment methods, such as written tests, exams, and oral examinations, remain relevant in evaluating students' knowledge. However, contemporary educational assessment aims not only to verify theoretical knowledge but also to evaluate the skills that have been developed. Utilizing modern methods plays a crucial role in enhancing students' engagement and interest in the subject. Assessment conducted by educators, taking into account the specifics of the subject and individual characteristics of students, reflects the essence of modern evaluation. This article provides comparative data on the significance, types, and some modern methods of assessing students' knowledge in biology education, as well as their advantages and disadvantages. A literature review was conducted to identify modern methods and features of assessing students' achievements in teaching biology among natural science disciplines. Methods for assessing students' knowledge and skills in biology consider both practical and theoretical components together. Assessment methods are aimed not only at verifying theoretical knowledge but also at determining the formation of practical skills. To this end, it is proposed to develop students' creativity and critical thinking through the use of methods such as project-based assessment, assessment through laboratory work, and the case method. The modern educational process is inconceivable without technology. The use of automated technologies in teaching biology has shown a reduction in time resources and a decrease in pedagogical workload. Technologies and platforms adapted to the individual characteristics of students can meet the tasks of modern education. The integration of traditional and modern methods paves the way for an objective evaluation of students' academic achievements through the assessment of their knowledge.

**Keywords:** knowledge assessment methods, modern methods, biology subject, innovative educational technologies.

## ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жолтаева Г.Н. , Аяджан М.Т.\* 

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.*  
\*e-mail: [gnzh1661@mail.ru](mailto:gnzh1661@mail.ru), [ayadzhan00@gmail.com](mailto:ayadzhan00@gmail.com)

Бұл мақалада қазақ халқының ертегілері арқылы оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Ертегілер арқылы бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру мәселелерін зерттеушілер еңбектерін талдау негізінде ертегілердің мейірімділік, адалдық, әділеттілік, батырлық секілді ізгі қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін тәрбиелік құрал ретіндегі маңызды рөлі көрсетілген. Халық ертегілер кейіпкерлерінің батырлық пен жауапкершілік, ақылдылық пен әділдік, тапқырлық пен табандылық, сондай-ақ еңбекқорлық пен қарапайымдылық қасиеттері негізінде балаларға тәрбие беру мүмкіндіктері түсіндірілген. Сонымен қатар, ертегілердің балалардың қиялын ұштау, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, эмоциялық интеллектін нығайту және әлеуметтік қарым-қатынастарды жақсарту сияқты тәрбиелік функциялары талданған. Мақаланың мақсаты – халық ертегілерінің балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі мүмкіндіктерін көрсету. Ертегілердің тәрбиелік әлеуетін тек қана әдеби қырынан емес, психологиялық және әлеуметтік аспектілер тұрғысынан зерделенген.

**Кілт сөздер:** Ертегі, тәрбиелік маңызы, адамгершілік, құндылықтар, мүмкіндіктер, бастауыш сыныптар, оқушылар.

### Кіріспе

Қоғамның қазіргі дамуының кезеңінде әлі толық анықталмаған жаңа құндылықтар пайда болуына байланысты әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды қайта қарау мен түсінудің күрделі процесін жүргізу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты жас ұрпақтың бойында дұрыс адамгершілік қасиеттер қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Бұл мәселен өте өзекті, сондықтан қазіргі бастауыш мектеп жас оқушының интеллектуалды дамуына ғана емес, сонымен бірге ақыл-ойды кеңейту және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін адамгершілік тәрбиесіне де назар аударуы керек. Білім беру процесінде бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ерекше маңызды.

Қазіргі уақытта мектепте оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды міндеті – мұғалімнің қазіргі қоғамның әлеуметтік міндетті талаптарына сәйкес әр оқушының бойында қадір-қасиет, патриотизм, адалдық, жауапкершілік, ар-ождан сияқты негізгі қасиеттерді қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу. Бастауыш сынып оқушысының адамгершілік қасиеттерін дамыту міндеттерін анықтай отырып, мұғалім оның алдында жеке тұлға тұрғанын есте ұстауы керек, сондықтан оқушының сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлқын қалыптастыруға, интеллектті дамытуға, жалпы мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ жеке тұлғаның қоғамдағы әлеуметтенуіне көп көңіл бөлу керек.

Көптеген заманауи педагог – ғалымдар мен педагогикалық қоғам өкілдері ертегінің оқушының жеке тұлғасын қалыптастырудағы үлкен рөлін атап өтеді. Сондықтан ертегі арқылы адамгершілік тәрбие беру бастауыш сынып мұғалімінің жұмысының маңызды бағыты болуы керек. Осыған байланысты зерттеуіміздің мақсаты бастауыш сынып оқушыларын адамгершілік тәрбиелеуде ертегілер мүмкіндіктерін қарастыру болды.

## Материалдар мен әдістер

Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілік тәрбиелеуде ертегілер мүмкіндіктерін анықтауда біз келесі әдістер пайдаландық: теориялық зерттеу (халық ертегілерінің теориялық негіздері мен олардың балалардың дамуындағы рөлі жөніндегі ғылыми әдебиеттерді зерттеу, ғалымдардың ертегілердің тәрбиелік мәні туралы пікірлеріне талдау жасау); контент-талдау (қазақ халық ертегілерінің мәтіндерін талдау арқылы олардың тәрбиелік мәні, адамгершілік құндылықтарды насихаттауы, әрбір ертегіде кездесетін негізгі тақырыптар мен кейіпкерлердің мінез-құлықтарын зерттеу, олардың тәрбиелік әсері сараптау); салыстырмалы талдау (әртүрлі халықтардың ертегілеріндегі ұқсас мотивтер мен тақырыптар салыстыру, қазақ ертегілерінің ұлттық ерекшеліктері мен балаларға берер тәрбиесі айқындау); жалпылау (зерттеу нәтижелері бойынша ертегілердің балаларды тәрбиелеудегі тиімділігін көрсету үшін нақты мысалдар мен практикалық ұсыныстар беру).

Ғылыми әдебиеттерді талдау адамгершілік тәрбие мәселесі шетелдік және отандық педагогиканың танымал классиктері Я.А. Коменский, Ж. Руссо, Дж. Локк, И.Ф. Гербарт, И.П. Песталоцци, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, В.А. Сухомлинский, тағы басқа ағартушылар мен ғалымдардың зерттеу тақырыбы болғанын көрсетті. Қазіргі педагогикада адамгершілік тәрбиесінің жалпы мәселелері А.М. Архангельский, еңбектерінде қарастырылған. Бірқатар зерттеушілер өз жұмыстарында ертегілер арқылы бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру мәселелерін атап өтеді.

Ертегілерді зерттеуде белгілі фольклортанушы ғалымдар В.П. Аникин, А.Н.Афанасьев, және т.б. айтарлықтай үлес қосты олар халық ертегілерін идеялық мазмұнының байлығы, танымдық-дидактикалық мәні мен маңызын жоғары бағалады.

Көптеген заманауи жазушылар мен педагогтар (Ш.А. Амонашвили, А.П. Усова, және т.б.) ертегінің бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғасын қалыптастырудағы үлкен рөлін айтады. Ғалымдардың пікірінше, көптеген ғасырлар бойы жылтыратылған барлық құндылықтар мектептің білім беру және тәрбие жұмысында қолданылуы мүмкін және қолданылуы керек.

Ертегі – ауыз әдебиетінің асыл мұраларының пікірлерін тыңдайтын болсақ, ертегінің бала тәрбиесінде, оның танымдық қасиетінің жан-жақты жетілуіне, сөздік қорын байытып, тілін дамытуда маңызды орын алатынын байқаймыз. Ұлы кемеңгер ақынымыз Абай Құнанбаев бала тәрбиесінде – ауыз әдебиетінің маңызды орын алатынын айтады. “Әне оны берем, міне мұны берем деп бастап балаңды алдағыныға маз боласың, сорыңа балаң-алдамшы болса кімнен көресің? “Бокта” – деп біреуді боктатып “Кәпір қияңқы осыған тимесеңші” – деп оны масаттандырып, “пәленшенің баласы сенің сыртыңнан сатып кетеді” –деп тірі жанға сендірмегі жат мінез қыласың” – деп теріс тәрбие берген ата-аналарды сынға алып, былай дейді: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім, қандай адам баласы болсын, ол кішекене күнінде ауыз әдебиеті мен сусындаса, онда ол адам өз тілін, елін, жерін сүйеді». Ұлы жазушымыз М.О. Әуезов ертегі туралы былай деп сыр толғайды: “Табиғатты баурап, танып алғанша адам қиял мен танып, меңгеріп, оған өз ықпалын жүргізуді арман еткен. Ол ертегі, аңыз, әңгіме түрінде туып таралған... Ертегілерде қоғамдық тартыс та, күштілердің көпшілікке көрсеткен қиянаты, зорлық зомбылығы және халықтың арман, әділет туралы ұғым-нанымы түгел жинақталған. “Гректер атақты храмдарын, египеттер пирамидаларын, қытайлар фарфор бұйымдары мен мәрмәрларын, италиядықтар әсем әуенді музыкалық шығармаларын, француздар сурет өнерін үміт етсе, көшпелі қазақ елі аса бай-өлең жыр мұрасын қалдырады”. Қазақ халқы ертеден өз балаларына тәрбиені әңгіме, жыр, өсиет-бата, нақыл-сөз, ертегілер арқылы бере білген. Әрбір бала кеш бата әжесінің алдына отырып, ұйып ертегі тыңдаған. Әжелерінің ертегілерін бала жастайынан ести келе бойына жақсы қасиеттер сіңіре білген. Олардың жастайынан есту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны тез табатын ізшіл әрі мерген болған. Оқу болмаса да жастайынан әжелерінің ертегілерін бойына сіңірген балалардың есте сақтау қабілеттері өте жақсы болған.

Қазақ халық ертегілерінің тәрбиелік аспектілері: Ә. Қоңыратбаевтың ертегілердің тәрбиелік мәнін жоғары бағалауы орынды, бірақ қазіргі зерттеулер ертегілердің тек тәрбиелік қана емес, сонымен қатар психологиялық әсерін де зерттеуді қажет етеді. Ерте кездегі ғалымдар ертегілердің ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы рөлін атап өтсе де, қазіргі таңда олардың балалардың психологиялық дамуына қалай әсер ететіндігіне көп көңіл бөлінуде.

Жанрлық ерекшеліктер мен мазмұн: Қазақ ертегілерінің жанрлық байлығы мен ерекшелігі әлі күнге дейін зерттеліп, олардың бүгінгі күнге дейін сақталуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ертегілердің түрлері мен мазмұндары қазіргі әлеуметтік жағдайларға қалай бейімделетіні жайлы да зерттеулер жүргізілуде [9].

Мәдени мұра: А. Қыраубаеваның ертегілердің мәдени мұра ретіндегі құндылығын атап өтуі орынды. Дегенмен, қазіргі уақытта ертегілердің білім беру жүйесіне ықпал ету мүмкіндіктері туралы да ғылыми зерттеулер қажет. Бұл зерттеулер ертегілерді мектеп бағдарламаларына енгізу және олардың оқу процесінде қолдану жолдарын қарастыруға бағытталуы мүмкін [3].

1. Ертегілердің жинақталуы және жүйеленуі (19-20 ғасырлар): Қазақ халық ертегілерін зерттеу 19 ғасырда басталып, оны жинақтау мен жүйелендіру жұмыстарының алғашқы кезеңі болды. В. Радлов, Ә. Диваев секілді ғалымдар халық ауыз әдебиетін жинап, алғаш рет ғылыми тұрғыда талдады. Бұл кезеңде ертегілердің түрлері мен жанрлық ерекшеліктері зерттелді.

2. Ертегілердің тәрбиелік мәні (20 ғасырдың 30–50 жылдары): Бұл кезеңде ертегілердің тәрбиелік мәні ерекше зерттеліп, ғалымдар олардың балалардың дүниетанымын қалыптастырудағы рөлін анықтауға тырысты. Ә. Қоңыратбаев ертегілердің халықтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы маңызын атап өтсе, М. Жұмабаев ертегілердің балалардың шығармашылық және ақыл-ой қабілетін дамытудағы рөліне назар аударды.

3. Ертегілердің мәдени және тарихи негіздері (20 ғасырдың соңғы жартысы): Бұл кезеңде ертегілердің мәдени мұра ретінде құндылығы зерттеле бастады. А. Қыраубаева қазақ халық ертегілерінің тарихи негіздерін зерттеп, олардың ұлттық мәдениетіміздің маңызды бөлігі екенін атап өтті. Сонымен қатар, ертегілердің бүгінгі күні сақталуы және жаңа ұрпаққа жеткізілуі мәселесі де қарастырылды [10].

4. Қазіргі кезеңдегі зерттеулер (21 ғасырдың басы): Қазіргі кезеңде ертегілердің психологиялық және әлеуметтік аспектілері зерттелуде. Бұл кезеңде ертегілердің балалар психологиясына, мінез-құлқына, әлеуметтік дағдыларына әсері тереңірек қарастырылып, ертегілердің шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпалы дәлелденуде [5].

### **Нәтиже мен талқылаулар**

Ертегі — халықтың мәдени мұрасының асыл бөлігі, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген тәрбиелік мазмұны терең шығармалар. Ертегілер адам өмірінің негізгі құндылықтарын ұғынуға көмектесетін, мейірімділік, адалдық, батырлық сияқты қасиеттерді бойға сіңіретін бірегей құрал. Қазіргі таңда балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызды болып отыр, ал ертегілер бұл процесте таптырмас тәрбие құралы бола алады.

Адамгершілік – адамның рухани және моральдық құндылықтарын бейнелейтін, оның қоғамдағы мінез-құлқы мен қарым-қатынасын реттейтін маңызды қасиет [2]. Бұл ұғым адамның ізгілікке, адалдыққа, әділдікке, мейірімділікке және өзгелерге қамқор болуға деген қабілетін сипаттайды. Адамгершілік қасиет – қоғамның негізі [6]. Адамдардың бір-біріне деген сыйластығы, түсіністігі мен қолдауы тек адамгершілік арқылы нығаяды. Ол адамды қоғамда сыйлы етіп, адамдар арасындағы байланыстарды күшейтеді. Сонымен қатар, адамгершілік адамға өзін-өзі дамытуға және рухани бай болуға жол ашады. Адамгершілік тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуы мен тұрақтылығы үшін қажет. Әр адамның бойындағы адамгершілік қасиеттер оның өмірдегі жетістігіне, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына және қоғамға қосқан үлесіне тікелей әсер етеді [8].

Құндылық – адамның, қоғамның немесе мәдениеттің өмірдегі маңызды деп санайтын ұстанымдары мен қағидаларының жиынтығы. Бұл ұғым материалдық немесе рухани қажеттіліктерді, идеяларды, сенімдерді, моральдық және этикалық нормаларды

қамтиды. Құндылықтар адамның өміріне мағына беріп, оның мінез-құлқын, шешімдерін және мақсаттарын анықтауға көмектеседі.

Адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы ертегінің рөлі:

1. Құндылықтарды бойға сіңіру: Халық ертегілері арқылы балалар өмірдің негізгі құндылықтарын түсініп, жақсы мен жаманды ажыратуға үйренеді.

2. Әлеуметтік қарым-қатынасты дамыту: Ертегілердегі достық, отбасыға адалдық, әділдік сияқты қасиеттер әлеуметтік мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы, "Жеті қазына" ертегісі достықтың маңызын насихаттайды.

3. Шығармашылық қабілетті арттыру: Ертегілердегі фантастикалық оқиғалар мен кейіпкерлер балалардың қиялын ұштап, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

4. Эмоциялық интеллектті нығайту: Ертегі кейіпкерлерінің сезімдері арқылы балалар жанашырлық пен мейірімділікке үйренеді, өз эмоцияларын басқаруға дағдыланады.

Халық ертегілері қазақ халқының рухани байлығы мен даналығының айқын көрінісі болып табылады. Әрбір ертегіде адамгершілік, ізгілік, батылдық пен қайсарлық сияқты қасиеттер насихатталады. Олар арқылы балалар өмірдің мәнін түсініп, жақсылық жасауға ұмтылады [1].

Қазақ халық ертегілері өз мазмұны мен құрылымы бойынша әртүрлі түрлерге бөлінеді. Бұл түрлер өзара жанрлық ерекшеліктеріне, баяндау әдісіне және басты кейіпкерлердің табиғатына байланысты жіктеледі. Қазақ ертегілерінің негізгі түрлері мыналар:

1. Қиял-ғажайып ертегілері. Бұл ертегілерде фантастикалық оқиғалар, ғажайыптар мен ерекше жағдайлар орын алады. Олар көбінесе магия, тылсым күштер мен қиял-ғажайып кейіпкерлерді қамтиды. Мысалы: «Ер Төстік», «Алтын сақа», «Қаһарлы ханның қызы».

○ Шытырман оқиғалы ертегілер. Бұл түрдегі ертегілерде басты кейіпкер қиындықтарға тап болып, оларды жеңіп, әдетте жеңіске жетеді. Оқиғалар көбінесе шынайы өмір мен логикаға негізделген, бірақ кейбір фантастикалық элементтер бар. Мысалы: «Тазша бала», «Қаңбақ шал», «Қобыланды батыр».

○ Хайуанаттар туралы ертегілер. Бұл ертегілерде басты кейіпкер ретінде адам емес, жануарлар болып табылады. Жануарлар көбінесе адамдық қасиеттерге ие болып, адам сияқты әрекет етеді. Мысал: «Шарғы», «Аққу мен қаз», «Түлкі мен қырғауыл».

○ Әңгіме-ертегілер. Бұл ертегілерде адамдардың өміріндегі күнделікті оқиғалар мен тұрмыстық мәселелер баяндалады. Олар көбінесе тәрбиелік мәнге ие болып, адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық сияқты тақырыптарды қозғайды. Мысал: «Сеней мен Сертей», «Қыз бен керуен».

○ Мифологиялық ертегілер. Бұл ертегілерде дүниенің, табиғаттың, адамзаттың пайда болуына қатысты мифологиялық түсініктер баяндалады. Олар көбінесе ерте дәуірлердегі адамдардың дүниетанымын және табиғатпен байланысын көрсетеді. Мысал: «Қызыл жұлдыз», «Алтын ай».

○ Тарихи ертегілер. Бұл ертегілерде тарихи тұлғалар мен оқиғалар негізінде құрылған сюжеттер баяндалады. Олар тарихи кезеңдер мен батырлар туралы әңгімелерді қамтиды. Мысал: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр».

○ Күлкілі ертегілер. Бұл ертегілерде адам мінезінің күлкілі тұстары мен қателіктері сипатталады. Олардың мақсаты – тыңдаушыны күлдіру және тұрмыстық мәселелерді жеңіл әрі қызықты көрсету. Мысал: «Аққудың құйрығы», «Тазша бала» [4].

Әрбір түрдің өз ерекшеліктері мен тәрбиелік мәні бар. Қазақ халқының ертегілерінің әр түрлілігі мен байлығы балаларды тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Мысалы,

- "Ер Төстік": Бұл ертегіде батырлық пен жауапкершілік басты орын алады. Ер Төстіктің қиындықтарға қарсы тұрып, достары мен отбасын қорғауға деген ұмтылысы балаларға адалдық пен ерлік үлгісін көрсетеді.

*Қазіргі уақытта адамның жалпы мәдениетінің бөлігі ретінде экологиялық тәрбиенің дамуы ерекше өзекті болып табылады. Сондықтан өскелең ұрпақтың экологиялық және адамгершілік тәрбиесінің өзара байланысы аса өзекті болғандықтан жұмысымыз бастауыш сыныптарда экологиялық тәрбие беруде қолданылатын этнопедагогика құралдарының түрлерін анықтауға арналды. Өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиесін қалыптастыру мен дамытудың негізгі мәселелері осы мақалада қарастырылған. Білім беру процесінде байырғы халықтардың этноэкологиялық дәстүрлерінің рухани-адамгершілік әлеуетін енгізу және қолдану білім беру мекемелерін этнопедагогикаландыруға, қоғам жастарының экологиялық тәрбиесін қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды. Білім беру процесінде экологиялық тәрбие беруде қолданылатын этнопедагогика құралдарының түрлері ұсынылып, білімгер бойына экологиялық тәрбиені қалыптастырушы ең оңтайлы әрі нәтижелі ресурс екені негізделді.*

**Кілт сөздер:** *экологиялық тәрбие, этнопедагогика, этнопедагогика құралдары, этномәдениет, экологиялық мәдениет.*

### Кіріспе

Соңғы жылдары ғылыми білімнің әртүрлі салаларында бүкіл биосфераны қамтитын және экология проблемаларымен тығыз байланысты процестерді зерттеуге қызығушылықтың артуы байқалды. Адам мен қоршаған орта айналасындағы әлемнің өзара әрекеттесуі мұқият зерттелуде. Қазіргі жағдайда барлық жастағы және әр түрлі кәсіптегі адамдардың экологиялық тәрбиесі мен білімі үлкен маңызға ие. Қоғамның нарықтық экономикаға көшуінің қазіргі жағдайындағы экологиялық проблемалар адамгершілік дағдарысын тудырады, өйткені экология мен адамгершілік өзара байланысты. Сондықтан экология мәселелерін адамгершілік тәрбиесімен байланысты қарастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму - Қазақстан күн тәртібінің бірінші жоспарына шығарылуда [1]. Бұл мәселемен бүкіл әлем бойынша өркениетті мемлекеттер айналысуда және бізде негізгі тенденциядан алшақ қала алмаймыз. Өскелең ұрпақты, мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбиелеуге тиісті назар аударылуы керектігін» атап өтті.

Сонымен қатар қоғам азаматтарының бойына ұлттық негізді, отан табиғатын, патриотизм мен отаншылдық қасиетін қалыптастыру маңыздылығы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы экология кодексінде қарастырылған [2]. Яғни «Қоршаған ортаны қорғау мемлекет, жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыратын, табиғи ортаны сақтауға және қалпына келтіруге, қоршаған ортаның ластануын және оған кез келген нысандарда залал келтірілуін болғызбауға, қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсерді барынша азайтуға және оның салдарларын жоюға, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының өзге де экологиялық негіздерін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін жүргізуді міндет етеледі» – деп жарияланған [2]. Ал бұндай шараларды жүзеге асыру мектеп қабырғасынан басталуы керек. Алайда, жас ұрпақты, әсіресе бастауыш сынып оқушыларына этнопедагогика құралдары арқылы экологиялық

тәрбие беру мәселесі ғылыми әдебиеттерде де, мектептерінің тәжірибесінде де толық көрініс таппады. Сондықтан қазіргі жаһандану, қоғамды ақпараттандыру заманында өскелең ұрпаққа халықтық педагогика тәжірибесі арқылы тәрбие беру мәселесін қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Жоғарыда айтылғандар бұл мәселені зерттеу өзекті және перспективалы екенін көрсетеді.

Осыларға байланысты өскелең ұрпақтың экологиялық және адамгершілік тәрбиесінің өзара байланысы аса өзекті болғандықтан жұмысымызды бастауыш сыныптарда экологиялық тәрбие беруде қолданылатын этнопедагогика құралдарының түрлерін анықтауға арнадық.

### **Материалдар мен әдістер**

Бұл мақсатта біз этнопедагогика құралдарының тәрбиелік, оның ішінде экологиялық тәрбие берудегі маңызын және мүмкіндіктерін зерттеумен шұғылданыған педагог-ғалымдардың еңбектерін зерделедік. Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, Л.Н.Толстой, К.Д. Ушинский, В.А. Сухомлинский, Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев және т.б. көрнекті педагогтер табиғи ортада қалыптасқан білім беру құралдарының бай әлеуеті мен алуан түрлерін пайдалану қажеттілігі туралы жазып, жас ұрпақты тәрбиелеудегі халықтық тәжірибенің баға жетпес рөлін атап өтті.

Қазіргі зерттеушілер де экологиялық білім беруде халықтық педагогика тәжірибесін қолданудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл зерттеулердің негізгісі Г.Н. Волковтың еңбектері болып табылады, онда этнопедагогиканың мазмұны мен мәні, оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктері анықталған. В.Ф. Афанасьев, А.Ш. Гашимов, А.Э.Измайлов, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, С. Ұзақбаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әр түрлі халықтардың мәдениеттерінің бірегейлігі, жас ұрпақты тәрбиелеуде қолдануға қажет болатын ауызекі шығармалар мен бейнелеу өнерінің, салт-дәстүрлердің тәрбиелік құралдарының байлығы түсіндіріледі.

Белгілі педагогтар мен психологтар Л.И. Божович, Л.В.Занков, А.Н. Леонтьев, Д.Б.Эльконин осы жастағы балаларға тән ерекшеліктер мен даму заңдылықтары бастауыш сынып оқушыларының табиғатқа деген қызығушылығын тудыратынын айтқан. Сондықтан бастауыш мектепте этнопедагогика құралдарын экологиялық тәрбиеде қолдану өте маңызды. Қарастырылып отырған мәселені зерттеуде бастауыш сынып оқушыларына экологиялық білім берудің әртүрлі аспектілеріне арналған еңбектерді (В.С. Перекалова, Л.П. Салеева, Л.П. Печко, М.Н. Сарыбеков, Д.І. Жангелдина С. Орынбеков ) зерделеу маңызды болды.

Ғылыми дереккөздерді талдау жас ұрпақтың экологиялық білім беру мәселелеріне назар аударудың жанданғанын ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының экологиялық тәрбиесінде этнопедагогикалық мұраны пайдалану мүмкіндіктерін жеткілікті түрде әлі де зерттеу қажеттігін көрсетті.

Әр халықтың өзіндік ұлттық болмысын дамытатын халықтық педагогикасы бар. Сол халықтық педагогика арқылы олар өз ұлтын, өз ұрпағын тәрбиелейді. Осы тұрғыда Ресейдегі ұлттық тәрбиеге мән берген алғашқыларының бірі ұлы педагог К.Д.Ушинский болды. Ушинскийдің көзқарасы бойынша халықтық білім беру адамның рухани және ақыл-ой дамуының негізі ретінде қарастырылады. Орыстың ұлы педагогы өзінің «Адам тәрбиесінің пәрменді құралы» (1869) деген еңбегінде, сондай-ақ өзінің «Педагогикалық антропологиялық тәжірибе» (1867) атты еңбегінде «Тәрбиенің пәрменді құралының басты принципі оның халықшылдығында. Ол қоғамдық ортаның тәрбиесіне негізделген» дейді [3]. Оның пікірінше халықтық мектептердің мақсаты-тек балаларды белгілі бір біліммен қаруландыру ғана емес, оларды адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу. Осы бағытта оның «Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі туралы» еңбегі дәлел, бұл еңбектің мәні – халықтық білім берудің негізгі өағидаларын атап көрсету және ұлттық мәдениет пен тәрбие арасындағы байланысты нығайту.

Халық ағарту ісінің жоғары маңызы мен мектептегі білімнен гөрі өмірлік білімнің әлдеқайда қажет екендігін атап көрсеткен тағы бір ұстаз ол Л.Н. Толстой болды. Ол білім берудің негізі ретінде адамгершілік тәрбиесін ұстанған, яғни білім беру тек оқушыларды оқыту ғана емес сонымен қатар оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру керек деп санады. Ал адами құндылықтардың негізі халықтық педагогикада екендігі белгілі. Толстойдың «Балаларға арналған мектеп» атты еңбегі оның этнопедагогика мәселелеріне қатысты көзқарастарын ашып көрсетеді. Онда Толстой мектеп оқытуын ұлттық болмысқа, жергілікті халықтың тұрмыс-салты мен мәдениетіне сәйкестендіруге шақырды. Оның айтуынша, мектеп білім беруден басқа, балаларды еңбекке, адамгершілікке, дұрыс дүниетанымға тәрбиелеуге тиіс.

Этнопедагогиканың ғылым ретінде дамуында В.А. Сухомлинскийдің үлесін айта кеткен жөн. Сухомлинский орыс педагогикасының патриархының тамаша идеяларын жүзеге асыру білім мен тәрбиенің нағыз халықтық жүйесі жағдайында ғана мүмкін болатынын іс жүзінде дәлелдеді. Барлық тәрбие құралдарының ішінде Сухомлинский ана сөзін, ұлттық тілді ең маңыздысы деп есептейді. «Тіл – халықтың рухани байлығы» деп жазады ол. Оның ойынша, адамның сөйлеу мәдениеті оның рухани мәдениетінің айнасы. «Балаға әсер етудің, оның сезімін, жан-дүниесін, ой-пікірін, тәжірибесін арттырудың ең басты құралы – туған сөздің сұлулығы мен ұлылығы, күші мен әсерлілігі» дейді ойшыл ұстаз [4].

Этнопедагогиканың маңызын түсіріне отырып ауызекі шығармалар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу жолдарының негізін түсіндірген, қазақтың этнопедагогика саласында терең зерттеулер жүргізген, көрнекті отандық ғалым С.Қалиев болды. Оның этнопедагогикаға қатысты көптеген еңбектері әрі осы тақырып төңірегіндегі мақалалары жарық көрген. С.Қалиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасының негіздері мен тарихы» атты еңбегінде этнопедагогиканың негізін түсіндіре отырып, этнопедагогиканың зерттеу объектісі халық педагогикасы екендігін айтып өткен [5]. Жастайынан бала бойында адамгершілік, кіршіксіз тазалық пен еңбексүйгіштік қасиеттерді ғалым халықтық педагогика арқылы баулуға болатынын көрсетіп қана қоймай, әрбір білімнің негізгі жүйесін қарастырып өткен. Ғалымның еңбектерінен қазақтың этнопедагогикасының ғылыми тұрғыда жүйеленгеніп, ұлттық тәрбие мен білімнің зерттелінген бөлігін көрсетеді. С.Қалиевтің пікірінше, этнопедагогика – бұл халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрлері мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын жас ұрпақ тәрбиесіне енгізудің әдіснамасы. Халқымыздың тәрбиелік мұрасы, сонын ішінде ауыз әдебиеті, батырлар жыры, халықтың салт-дәстүрлері, күнделікті тұрмыс-салты – этнопедагогиканың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің болашағы үшін парасатты азаматтарды қалыптастыруға, болашақ жас ұрпаққа өркениет пен әлемдік ғылым деңгейінде білім беруге, сонымен қатар оның рухани байлығын көтеруге, мәдениетін, ойлау қабілетін биік деңгейде жаңғыртуды белгілі ғалым Қ.Жарықбаев қазақ мектебінің басты мақсаты деп біледі. Бұл мақсаттардың жүзеге асырудың негізгі шешімі ретінде ғалым оқу-тәрбие процесіне этнопедагогика мен этнопсихологияны кіріктіру арқылы жүзеге асыруға болатынын көрсеткен [6]. Ғалым болашақ ұрпақ үшін халықтық педагогиканың маңызын білгендердің бірі ретінде этнопедагогика мен ұлттық тәрбиенің қазіргі заманғы педагогикалық теория мен практикада пайдаланылуының қажеттілігін үнемі айтып жүрді. Өзінің еңбектерінде Қ. Жарықбаев бала тәрбиесіндегі этнопедагогиканың ерекше орнын айта келе қазақ халқының дәстүрлеріне де толталған. Ол халық дәстүрлерінің ерекшеліктерін былай көрсетеді: олардың әмбебаптығы, бұқаралық сипаты, күштілігі, өміршендігі, беріктігі, әртүрлілігі. Күнделікті өмірде олар өзара байланысты келесі функцияларды орындайды: адамдар арасындағы қарым-қатынасты, әлеуметтік байланыстарды, ақпарат пен білім беруді реттеу [7].

С. Ұзақбаев өзінің «Этнопедагогика» атты оқу құралында халық педагогикасына мынандай анықтама берген: «... ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде беріліп отырған, халық шығармашылығы мен әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрінде көрініс алған халықтың

педагогикалық білім мен тәрбиесіндегі тәжірибиесінің жиынтығы » [8]. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – этнопедагогиканың негізгі өзегі болып табылады. Ғалым қазақ халқына тән тәрбие жүйесінің, оның ішінде ұлттық салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, ән-күй мен ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәнін ашып, оларды қазіргі заманғы тәрбиемен ұштастырудың қажеттілігін айтты. Ұзақбаева этнопедагогиканың негізінде ұрпаққа адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық, жауапкершілік сияқты маңызды қасиеттерді сіңіруді мақсат етеді.

Экологиялық білім мен тәрбие беруде, балаларға «Табиғат-адам-қоғам» туралы ғылым негіздерін меңгерудің мазмұнын, ұйымдастыру жолдары мен әдістерін қалыптастыруда зерттеу жүргізген отандық ғалым Д.І. Жангелдина «Оқушыларға экологиялық тәрбие беру» атты табиғаттану жазбасында «Тұлғаның қалыптасуы, оның әлеуметтенуі әлеуметтік тәрбиемен байланысты [9]. Бұл қоғамның өзінің жас ұрпағына деген қамқорлығы. Әлеуметтік тәрбие баланың білімімен, оқуымен және өзін-өзі тәрбиелеуімен байланысты. Баланың бастау бұлағы - бастауыш. Отаның сүйген ізгі ұрпақты тәрбиелеу үшін, тәрбиені білімнің алғашқы баспалдығынан бастап негізін қалау қажет.» деп пайымдайды.

С. Орынбеков өзінің «Өлкелік принцип негізінде жануартанудан экологиялық білім беру әдістемесі» атты зерттеуінде «Табиғатты тану және онымен қарым-қатынас жасау кезінде экологиялық мәдени тұлға өзінің сезімдері арқылы оған таңдану, қуаныш, мейірімділік, жанашырлық деген көзқарастарды сезінеді. Осылайша табиғат әлеміне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Бұл қасиеттерді тұлға бойына мәңгілікке сақталу үшін, экологиялық тәрбиенің негізін ерте жастан қалау қажет.» екенін дәлел етеді [10].

Педагогика ғылымында және практиктердің қызметінде дәстүрлі халық педагогикасына деген қызығушылық күрт артып келеді. Осы дәстүрлерді зерттейтін зерттеушілер саны көбейіп, жарияланымдар саны да өсті. Этнопедагогика мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференциялардың ауқымы кеңейіп, осы тақырып бойынша материалдардың кеңеюі этнопедагогиканың ғылым ретінде ғылыми рефлексиясын жүргізу қажеттілігін тудырады.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Бүгінгі таңда мектеп белгілі бір дәрежеде өскелең ұрпаққа мәдени және тілдік байлықты, рухани және адамгершілік құндылықтарды, ғасырлар бойғы этникалық дәстүрлерді сіңіруде. Жергілікті және кіші ұлттардың басты проблемасы – ана тілін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін білмеу. Бұл надандық туған мәдениеттің толық немесе ішінара жойылуына әкеледі. Мұндай мәселені алдын алудағы және шешудегі маңызды қадам ұлттық жаңғырудың маңызды шарты – ұлттық білім беру дәстүрлерін жас ұрпаққа дәріптеу. Себебі, мектепте алған білім жастардың экологиялық тәрбиесін, мәдениетін қалыптастыруға негіз бола алады. Бірақ білім біртұтас болса да, олар практикалық дағдыларсыз өмірге енбейді. Сондықтан, қоршаған ортаға саналы көзқарас экологиялық білімге байланысты. Көпжылдық зерттеудің негізінде этнопедагогика құралдарын оқу процесіне енгізу, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың шешуші факторларының бірі деп есептейміз.

Этнопедагогика – экологиялық білімді, табиғатты қорғау қызметіне терең қызығушылықты, оны сауатты жүзеге асыруды, табиғатпен қарым- қатынас нәтижесінде пайда болатын моральдық эстетикалық тәрбиені қалаушы сала [11].

Рухани саладағы этномәдени құндылықтар – бұл үлкен зияткерлік байлық пен жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтардың мәдени, адамгершілік дәстүрлері, жалпыұлттық сарқылмас резерві.

Этнопедагогикада оң адамгершілік қасиеттердің қалыптасуының негізгі себептері – еңбек тәрбиесі, фольклор, ауызша халық шығармашылығы және ата-баба өсиеттері болып табылады. Әр этностың табиғатты ұтымды пайдаланудың бірегей тәжірибесінде балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуге ықпал ететін дәстүрлері, әдет-ғұрыптары бейнеленген өзіндік фольклорлық туындылары бар. Экологиялық тәрбие беруде

қолданылатын этнопедагогика құралдарының негізі – халық ауыз әдебиеті екені сөзсіз. Оның ішінде мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлеңдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, ертегілер мен көркемдік шығармалар.

Г.Н. Волковтың пікірінше, экологиялық тәрбие беруде қолданылатын этнопедагогика құралдарының пәндік өрісі төмендегідей бөлінеді :

- отбасылық өмір педагогикасы.
- мақал-мәтелдер, нақыл сөздер.
- жұмбақтар, жаңылтпаштар.
- халық әндері.
- әр түрлі халықтардың педагогикалық мәдениеттерінің ортақтығы [4].

XVI-XVIII ғ. классикалық педагогиканың негізін қалыптастырушы Я.А. Коменский, И.Г. Песталоций, А.Ф. Дистерверг бала дүниетанымын дамытуда табиғатты қатыстыра отырып білім беру, тәрбиелеу қажеттілігін негіздеген. Ғалымдардың пікірінше, білімгерлердің бойында экологиялық тәрбиені қалыптастыру үшін қолданылатын этнопедагогиканың негізгі құралдарының бірі – ертегілер.

Ертегілер - адам баласы мен табиғаттағы өзара байланыс, халық мәдениетінің бүкіл палитрасын жеткізетін негізгі мұра. Ұрпақтан - ұрпаққа, әкеден ұлға, анадан қызға қоршаған орта туралы ғасырлар бойғы даналықтар балаларға оңай есте қалатын нұсқау түрінде берілді.

Табиғатқа ұқыпты қараудың маңыздылығы және қоршаған ортаны білуге деген ұмтылыс, мұның бәрі халық ертегілерінен бастау алады. Ертегілер танымдық және тәрбиелік аспектілерді біріктіреді.

Экологиялық тәрбие беруде қолданылатын «Ағаш пен бұта», «Табиғатты бүлдірмейік», «Жер-Ана», «Табиғат сырлары», «Қарлығаш пен дәуіт», «Мен және қоршаған орта», «Табиғат дауысы», «Табиғатым-тамаша», «Гүлденген табиғат», «Таңғажайып әлем», «Табиғат тіршілігі», «Құстар біздің досымыз» атты қазақ халық ертегілері бар. Бұл ертегілер туған өлкенің табиғаты туралы үлкен ақпаратты қамтиды. Ертегілерде табиғаттың қол жетімсіздігі мен ұлылығы мадақталады, бұл жас буынның бойына ұлттық бірегейлік сіңіруге жол ашады.

Экологиялық тәрбиені қалыптастыруда қолданылатын этнопедагогиканың келесі құралы – мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер. Қазақ халқы барлық уақытта сөз өнеріне басымдық берген. Мақал-мәтелдерде, афоризмдерде қамтылған екі-төрт поэтикалық жолда шоғырланған терең ой баланың еңбекке және табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятқан.

Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер - халықтың даналығын көрсететін, психикаға, мінез-құлыққа және қабылдауға әсер ететін халық ауыз әдебиетінің арасындағы маңызды орынға ие жанр. Туған өлкенің табиғатына деген терең ойға толы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер балалардың ақыл-ойы мен сезімдеріне оң әсер береді [12].

Экологиялық тәрбие беруде қолданылатын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің алар ауқымы өте кең әрі шексіз. Қазақ халқында қоршаған ортаға қорған болуға, табиғатты аялауға, жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін қорғауға, залал келтірмеуге негізделген сүбелі сөздер мен мағыналы мақалдар жетерлік. Бұған дәлел ретінде келесі мысалдарды ұсынамыз:

«Су бергеннің – сауабы бар, Су төккеннің – жауабы бар».

«Жер – қазына, су – алтын».

«Бұлақ көрсең, көзін аш».

«Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ».

«Судың да сұрауы бар».

«Бір тал кессең он тал ек».

«Бір жылдығын ойлаған халық бидай егеді, Жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді».

Сан ғасырдан келе жатқан бұл мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді санасына сіңірген білімгер бойына табиғи байлыққа деген қамқорлықты, мейірімділікті қалыптастырады.

Қазақ халқының экологиялық тәрбиесінің ежелден қалыптасуына негіз болған, этнопедагогиканың бір бөлігі – тыйым сөздер, тыйым ережелер. Бұл тыйымдар табиғат дүниесінің жүдемеуіне, дархан даламызға залал келтірмеуге негіз болған. Ата-бабамыздың ежелден ел арасында тараған «Суға түкірме», «Күлді шашпа», «Шөпті жұлма», «Көкті таптама, жұлма», «Тал кеспе», «Отты аттама», «Ұяны бұзба» деген тыйымдары ел есінде. Аталған тыйым, ережелер адам баласы мен табиғаттың біртұтастығын, ажырамас бөлік екендігін баяндаған және сол тұтастықтың бұзылу қасіретінен ұрпақты сақтауды көздеген. Оларға мейірбандылық, жауапкершілік, әсемдік, әдептілік, бақылағыштық сезімдерін қалыптастыруды мақсат еткен [18].

Ұзақ уақыт бойғы ән дәстүрлерінде ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық үміттер мен қастерлі тілектер көрсетілген. Әндерде бейнеленген адам мен табиғаттың тұтастығы халықтық дүниетанымның маңызды бөлігін білдіреді. Әндер - халықтың мінезінің көрінісі. Олар қуаныш пен қайғыға көмектеседі, адамның сезімдерін, көңіл-күйін және өмір құбылыстарына, табиғаттың теңдесіз байлығына зор ілтипат пен ықыласпен қарауға негіз болады [13].

Көркем сөз бен әдемі мотивтер балалардың санасында күшті әсер қалдырады және ұзақ уақыт есте қалады.

Дүние қандай күшті еді?  
Табиғатсыз өмір жоқ.  
Табиғаттың түстері.  
Жасыл, қызыл, қоңыр, көк.  
Табиғат – жер бетінің сәні,  
Табиғат – ғаламшардың жаны.  
Табиғат – тірегіміз біздің,  
Не керек? Табиғатта бәрі.

Сонымен қатар экологиялық тәрбие беруде қолданылатын «Табиғатты қорғайық», «Табиғат», «Сұлулықтың әлемі», «Табиғат сақшылары», «Бүлінбесін, Жер-Ана», «Табиға-Ана», «Табиғат-жаратылыс пернесі», «Тал бесігім», «Табиғат үн қаталса» атты әндер қатары жетерлік. Аталмыш әндер білімгерлердің бойына туған елге деген махаббат пен мейірімді қалыптастырады.

Қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы Абай Құнанбаев өзінің поэтикалық шығармаларында табиғаттың сұлулығын жырлап, оны адам өмірімен, қоғамдық ортамен шебер байланыстырды. Оның өлеңдерінде адамсыз пейзаж жоқ. Табиғаттың бір бөлігі ретінде адам жалпыадамзаттық құндылықтардың иесі болып табылады [5].

Сондықтан педагогикалық қызметтің бір бөлігі ретінде экологиялық білім мен тәрбие ең алдымен мұғалімнің санасын қайта құруды, содан кейін мектеп оқушыларының табиғатқа, оның ресурстарын үнемдеуге, қазіргі уақытта өте қажет экологиялық сананы дамытуға қатысты жалпыадамзаттық принципті қалыптастыруды талап етеді. Бұл талап мұғалімнің қызметіне қатысты ерекше маңызға ие, оның экологиялық санасы елдің болашақ азаматтарын экологиялық тәрбиелеудің маңызды факторы болып табылады.

Ұлттық мектептегі оқу – тәрбие процесін этнопедагогизациялау проблемасының өзектілігі Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңарту, оны ізгілендіру, демократияландыру және халықтың рухани құндылықтарын жаңғырту қажеттілігіне байланысты. Қазақстанда республикалық, өңірлік авторлық оқулықтар мен бағдарламалар құрылды. Республикада ұлттық мектептің этнопедагогикалық тұжырымдамасы пысықталды, ол кейіннен тәрбие мен оқытудың әртүрлі бағыттары бойынша сараланған бағдарламалар құруға көмектесті. Табиғатты қорғауда жастардың экологиялық қозғалыстары пайда болды: «Семей – Невада», «Аралды қорғауда» және басқалар [15].

Оқушыларды экологиялық тәрбиелеудің тағы бір нұсқасы ретінде «Отаным», «Елім-ай», «Әкелер мұрасы», «Ата мұра», «Қазақ әдет-ғұрыптары», «Атамекен», «Кәусар бұлақ», «Әсем саз», «Дүниетану» оқулықтары пайда болды.

### **Қорытынды**

Халық жадының тереңдігінде ғасырлық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, соның ішінде педагогикалық дәстүрлер ауызша халық шығармашылығының әртүрлі үлгілері түрінде: әндер, аңыздар ертегілері, аңыздар, эпостар және тағы басқа үлгілерде берілген. Этнопедагогиканың бұл үлгілері мәдениеттің ежелгі қабаттарынан бастау алады, онда халық тәрбиесінің мәңгілік даналығы шоғырланған. Әр халықтың педагогикалық ойы мен тәрбиелік дәстүрлері оның рухани-адамгершілік өмірінің алуан түрлі тарихын бейнелейді, қазіргі өскелең ұрпақты тәрбиелеу процесінде маңызды ресурс болып табылады.

Жас буынды туған өлкенің ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, өз халқының эстетикалық және адамгершілік-этикалық құндылықтарына баулу жалпы білім беретін мектеп пәндерінің мазмұнына ұлттық-гуманитарлық пәндерді енгізу жолымен оқытудың барлық сатыларында жүзеге асырылуға тиіс. Ол үшін халықтық педагогика идеясын толық пайдалану қажет [16].

Адам-табиғаттың органикалық бөлігі. Ежелгі заманнан бері адам мен табиғаттың қарым-қатынасы бар: адам табиғатқа әсер етеді, табиғаттың адамзатқа әсері мол. Сондықтан, халықтық педагогикада табиғат тәрбие мен оқытудың негізгі факторларының бірі болып табылады, оны қазіргі мектептегі оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыру үшін қолдануға болады.

Қоршаған ортаны сақтау адамзат баласының өмір сүруі мен дамуының негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты жас ұрпақтың рухани-адамгершілік, еңбек, эстетикалық және физикалық дамуын қамтитын экологиялық тәрбие үйлесімді тұлғаны тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады [14].

Қазақ этнопедагогикасы мен халық педагогикасының тәрбиелік әлеуетін пайдалану тұлғаның адамгершілік және эстетикалық дамуына ықпал етеді. Экологиялық тәрбие беруде қолданылатын этнопедагогика құралдарының жоғарыдағы түрлерін біліммен байланыстыру, өскелең ұрпақты табиғатты тануға, оң тәрбиелеуде елеулі нәтижелерге қол жеткізуге үлкен үлес қосады [17]. Этнопедагогика құралдары оқушылардың рухани мәдениетінің жоғарылауына және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға, патриотизмді, сұлулыққа деген сүйіспеншілікті оятуға және даралықты дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім беру процестері табиғи ортаны тұтас және шығармашылықпен қабылдауға, игеруге, түрлендіруге және сақтауға дайын тұлғаны тәрбиелеуге арналған. Экологиялық тәрбиенің мәні, экологиялық мәдениеттің қалыптасуы оқушылардың табиғатқа жауапкершілікпен қарау және қамқорлық таныту процесін құрайды. Қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарында оны дамытудың барлық нақты алғышарттары бар.

Қазіргі әлемдегі адам, қоғам және табиғат қатынастарының проблемалары бірінші кезектегі санатқа жатады. Қоршаған ортаны қорғау стратегиясын іске асырудың ең маңызды кезеңі білімгер бойына экологиялық білім мен тәрбиені жүйелі қалау болып табылады. Ол адамның бойында жоғары экологиялық мәдениетті, еңбекке жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруды мақсат етеді.

Қазақ мектептерінің бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудің көп қырлы жолдарының ең негізгісі, адамзаттың табиғатпен байланысын халықтың этнопедагогикалық мұра арқылы тәрбиелеу. Онда ата-бабалардың ұлы даналығын қамтитын ғасырлар бойғы халықтық білім берудің үлкен тәжірибесі шоғырланған. Сондықтан халықтық этнопедагогикада жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін сарқылмас мүмкіндіктері бар деп есептейміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000413> 16.02.2020.
2. ҚР экология кодексі (2021 жылғы 2 қаңтардағы, №400-VI ҚРЗ) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> 18.06.2020.
3. Кукушкин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика:оқулық. – Алматы: РПБК “Дәуір” – 2014. – 336 бет.
4. Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 1999. -168 с.
5. Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003. – 202 б.
6. Жарықбаев Қ. Этнопсихология және этнопедагогика «Ұлттық тәлім-тәрбие». – Алматы, 1996. – 189 б.
7. Жарықбаев К.Б., Олжаева А.К., Ахметова М.К. Казахская этнопсихология: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 304 с.
8. Ұзақбаева С.А. Этнопедагогика: оқу-әдістемелік кешені (оқу құралы). – Алматы: Қарасай, – 2019. – 320 б.
9. Жангелдина Д.І. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру (4-5 класс табиғаттану курсы материалдары бойынша): пед. ғыл. канд. дис. – Алматы, – 1995. – 140 б.
10. Орынбеков С. Өлкелік принцип негізінде жануартанудан экологиялық білім беру әдістемесі: пед. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1996. – 186 б.
11. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: учеб. пособие для студентов пед. институтов, слушателей института повышения квалификации, преподавателей пед. дисциплин ун-тов и пед. ин-тов. – М.: Просвещение, – 1984. – 208 с.
12. Жарықбаев К.Б. Состояние и перспективы развития педагогических и этнопсихологических исследований в Казахстане // Материалы научно- практической конференции «Использование традиций народной педагогики и психологии в учебно-воспитательном процессе». – Алматы: Рауан, 1992. – 237 с.
13. Жукеш К. Особенности национальной психологии. – Алматы. Республиканское книгоиздательство, – 1993.
14. Романова А. В., Мыреева А. Н. Фольклор эвенков Якутии. – Л.: Наука. – 1971, 334 с.
15. Буковская Г.В. Формирование экологической культуры младших школьников средствами краеведо-туристической деятельности: дис. канд.пед.наук. – М., 1997. – 155 с.
16. Жортанов С. Өлкетану және қоғамдық пайдалы еңбек. – Алматы, 1968. – 96 б.
17. Қазақстан: Ұлттық энциклопедиясы / бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы, 1998. – 199 б.
18. Кажимова К.Р. Этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту: филос. док. (PhD) дис. – Астана, 2018. – 151 б.

### REFERENCES:

1. Memleket bassysynyń 2020 jylǵy 1 qyrkúiekteǵı «Jańa jaǵdaıdaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezeńı» atty Qazaqstan halqyna Joldauyn iske asyru jónindeǵı şaralar turaly [On measures to implement the Address of the Head of State to the people of Kazakhstan “Kazakhstan in the new situation: a period of action” dated September 1, 2020] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000413> 16.02.2020.
2. QR ekologia kodeksı [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan] (2021 jylǵy 2 qańtarıdaǵy, №400-VI QRZ) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400> 18.06.2020.
3. Kukuşkin V.S., Qaliev S. Etnopedagogika:oqulyq [Ethnopedagogy: textbook]. – Almaty: RPBK “Däuir” – 2014. – 336 bet.

4. Volkov G.N. Etnopedagogika: Ucheb. dlä stud. sred. i vyssh.ped. ucheb. Zavedeni [Ethnopedagogy: Textbook. for studs. environment. and higher. ped. study. establishments]. M.: Akademia, – 1999. – 168 s.
5. Qaliev S.Q. Qazaq etnopedagogikasynyñ teorialyq negızderı men tarihy [Theoretical foundations and history of Kazakh ethnopedagogy]. – Almaty, 2003. – 202 b.
6. Jaryqbaev Q. Etnopsihologia jäne etnopedagogika «Ülttyq tälım-tärbie» [Ethnopsychology and ethnopedagogy "National education"]. – Almaty, 1996. – 189 b.
7. K.B.Jarikbaev, A.K. Oljaeva, M.K. Ahmetova Kazahskaia etnopsihologia: uchebnoe posobie [Kazakh Ethnopsychology: Textbook]. – Almaty: Qazaq universiteti, – 2019. – 304 s.
8. Ūzaqbaeva S.A. Etnopedagogika: oqu-ädistemelik keşeni (oqu qūraly) [Ethnopedagogy: educational and methodological complex (study guide)]. – Almaty: Qarasai, – 2019. – 320 b.
9. Jangeldina D.I. Oquşylarğa ekologialyq tärbie beru (4-5 klas tabıgattanu kursy materialdary boıynşa) [Providing environmental education to students (based on the materials of the 4th-5th grade natural science course)]: ped. ğyl. kand. dis. – Almaty, – 1995. – 140 b.
10. Orynbekov S. Ölkelik prinsip negızinde januartanudan ekologialyq bılım beru ädistemesi [Methodology of ecological education in animal science based on the regional principle]: ped. ğyl. kand dis. – Almaty, 1996. – 186 b.
11. Abdullina O.A. Obşepedagogicheskaia podgotovka uchitelä v sisteme vysşego pedagogicheskogo obrazovaniä: ucheb. posobie dlä studentov ped. institutov, sluşatelei instituta povyşeniä kvalifikasii, prepodavatelei ped. disiplin un-tov i ped. in-tov [General pedagogical training of teachers in the system of higher pedagogical education: a textbook for students of pedagogical institutes, students of the institute for advanced training, teachers of pedagogical disciplines of universities and pedagogical institutes]. – M.: Prosveşenie, 1984. – 208 s.
12. Jarykbaev K.B. Sostoianie i perspektivy razvitiä pedagogicheskikh i etnopsihologicheskikh issledovani v Kazahstane [The state and prospects of development of pedagogical and ethnopsychological research in Kazakhstan] // Materialy nauchno- prakticheskoi konferensii «İspölzovanie tradisi narodnoi pedagogiki i psihologii v uchebno-vospitatelnom proseye». – Almaty: Rauan, 1992. – 237 s.
13. Jukeş K. Osobenosti nasyonälnoi psihologii [Peculiarities of national psychology]. – Almaty. Res- publikanskoe knigoizdatelstvo, 1993.
14. Romanova A.V., Myreeva A. N. Föklor evenkov İakutii [Folklore of the Evenks of Yakutia]. L.: Nauka. 1971, 334 s.
15. Bukovskaia G.V. Formirovanie ekologicheskoi kültury mladşih şkölnikov sredstvami kraevedo-turisticheskoi deiatelnosti [Formation of ecological culture of primary school students by means of local history and tourism activities]: dis. kand.ped.nauk. – M., 1997. – 155 s.
16. Jortanov S. Ölketanu jäne qoğamdyq paidaly eñbek [Local history and community service]. – Almaty, 1968. – 96 b.
17. Qazaqstan: Ülttyq ensiklopediasy [Kazakhstan: National Encyclopedia] / bas red. Ä.Nysanbaev. – Almaty, 1998. – 199 b.
18. Kajimova K.R. Etnopedagogikalyq bılım beru negızinde studentterdiñ käsibi qūndylyqtaryn damytu [Development of students' professional values based on ethnopedagogical education]: filos. dok. (PhD) dis. – Astana, 2018. – 151 b.

## ВИДЫ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ СРЕДСТВ, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

*Жолтаева Г.Н., Құрал М.\**

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г.Талдыкорган*  
*\*e-mail: [gnzh1661@mail.ru](mailto:gnzh1661@mail.ru), [madinakural@mail.ru](mailto:madinakural@mail.ru)*

*В настоящее время особенно актуальным является развитие экологического воспитания как части общей культуры человека. Поэтому, поскольку взаимосвязь экологического и нравственного воспитания подрастающего поколения особенно актуальна, наша работа была посвящена определению видов средств этнопедагогики, используемых в экологическом воспитании в начальных классах. Основные вопросы формирования и развития экологического воспитания подрастающего поколения рассмотрены в данной статье. Было отмечено, что внедрение и применение духовно-нравственного потенциала этноэкологических традиций коренных народов в образовательном процессе способствует этнопедагогизации образовательных учреждений, формированию экологического воспитания молодежи общества. Предложены виды средств этнопедагогики, применяемые в экологическом воспитании в образовательном процессе, обосновано, что наиболее оптимальным и продуктивным ресурсом, формирующим экологическое воспитание у обучающихся.*

**Ключевые слова:** экологическое образование, этнопедагогика, средства этнопедагогики, этнокультура, экологическая культура.

## TYPES OF ETHNOPEDAGOGICAL TOOLS USED IN ECOLOGICAL EDUCATION

*G.N. Zholtayeva, M. Kural\**

*Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan*  
*\*e-mail: [gnzh1661@mail.ru](mailto:gnzh1661@mail.ru), [madinakural@mail.ru](mailto:madinakural@mail.ru)*

*Currently, the development of environmental education as a part of the general human culture is particularly relevant. Therefore, since the relationship between ecological and moral education of the younger generation is especially relevant, our work was devoted to the definition of the types of ethnopedagogic tools used in environmental education in primary schools. The main issues of the formation and development of environmental education of the younger generation are considered in this article. It was noted that the introduction and application of the spiritual and moral potential of the ethnoecological traditions of indigenous peoples in the educational process contributes to the ethnopedagogization of educational institutions, the formation of environmental education for the youth of society. The types of ethnopedagogic tools used in environmental education in the educational process are proposed, it is proved that the most optimal and productive resource that forms environmental education among students.*

**Keywords:** environmental education, ethnopedagogy, means of ethnopedagogy, ethnoculture, ecological culture.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Спатаев Б.О.<sup>1</sup> , Есекешова М.Д.<sup>2</sup> , Спатай А.О.<sup>3,\*</sup> , Есентаева А.А.<sup>4</sup> 

<sup>1,2</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

<sup>3</sup>Орталық Азия Инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

<sup>4</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,  
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

\*e-mail: [baurspatayev\\_17-83@mail.ru](mailto:baurspatayev_17-83@mail.ru), [spatay.aygul@mail.ru](mailto:spatay.aygul@mail.ru)

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер мен инновациялық шешімдер ұсына отырып, қазіргі уақытта айтарлықтай танымалдылыққа ие болды. ЖИ құралдары оқу үдерісін жетілдіруге, оқушылар мен студенттердің оқу тәжірибесін дараландыруға, білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге ықпал ете алды. Осыған орай, бұл мақалада Жасанды интеллекттің білім беру саласында қолданылу тиімділігі мен мүмкіндіктері, сондай-ақ оның болашақта білім беру жүйесіне ықпалын қарастырды. Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесіне маңызды өзгерістер енгізді. ЖИ құралдары оқу үдерісін жекелендіріп, студенттердің оқу тәжірибесін едәуір жақсартта алды. Осы зерттеудің мақсаты – жасанды интеллекттің білім беру үдерісінде тиімділігін көрсетіп, оның артықшылықтары мен оқу жүйесіндегі ықпалын талдады. Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы тиімділігін анықтап, ЖИ құралдарын оқу үдерісіне енгізудің әдістемелік жолдарын зерттеп, оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін ЖИ технологияларын қолданып, білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ЖИ шешімдеріне негізделген ұсыныстар жасап және жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі тиімділігін анықтап, оларды оқу процесіне тиімді енгізу әдістерін ұсындық.

**Түйін сөздер:** жасанды интеллект, білім беру үдерісі, оқу тиімділігі, автоматтандырылған бағалау, жеке оқыту, қашықтықтан білім беру, жасанды интеллект құралдары.

### Кіріспе

Тамыз кеңесінде сөз алған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев отандық білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні енгізудің алғышарты қалыптасқанын атап өтті.

Сонымен қатар жиын барысында «Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар», «Жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне интеграциялау», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі цифрландырудың заманауи трендтері», «Ауыл мектептерінде оқыту үдерісін цифрландыру», «Цифрлық мектеп – цифрлық мұғалім», «Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту», «Цифрландыру жағдайындағы инклюзивті білім беру», «Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы цифрландыру», «Біртұтас тәрбие және қосымша білім синергиясы», «Цифрландыру жағдайындағы білім беру мазмұнына тұрақты даму компонентін интеграциялау», «Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектінің балаларға әсері» тақырыптары бойынша секциялық отырыстар өтті [1].

Өнеркәсіптік дәуір әркімді жылдам өзгерістерге бейімделуге мәжбүр етуде. Жаһандану және өнеркәсіптік 4.0 дәуірі технология сияқты жаңа шығармашылық, мүмкіндіктер мен қиындықтарды туғызды. Сондықтан, ақпаратты мәтін, сурет және дыбыс түрінде жеткізуде технология өте маңызды рөл атқарады [2]. Технология адам жұмысы мен іс-әрекеттерін жеңілдету үшін жасалған. Қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан технологиялардың бірі – жасанды интеллект (ЖИ). Жасанды интеллект (ЖИ) – есептеуіш шығармашылықтың бір

түрі, ол жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын дамытуға көп назар аударылуына әкелді [3]. Компьютерлер арқылы шығармашылықты алу үшін көптеген жасанды интеллект технологиялары енгізілген. Жасанды интеллект білім мен басқа да автономды функцияларды сүзетін бағдарламалық жасақтама жасайтынын айтады. Мысалы, жасанды интеллект «ақылды» құрылғыларды дамытады, компьютерлік жүйелер (онлайн платформалар) мен компьютерлендірілген машиналар (роботтар) адам миына ұқсас әрекет етіп, жауап береді [4].

Жасанды интеллект сондай-ақ машина интеллекті деп те аталады. Бұл табиғи интеллект көрсететін машинаның болжамды интеллектісі болып табылады. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект – тапсырмаларды орындау үшін адам интеллектісін машинаға қосу арқылы жасайды. Mehrotra айтуынша, жасанды интеллект – ақылды машиналар мен қосымшаларды талдау және дамыту саласындағы компьютерлік ғылым технологиясы [5]. Бұл машинаға ойлауды және адам сияқты ақылды әрекет етуін үйрететін ғылым. Жасанды интеллект технологиясының кілті – интеллект [6]. Whitby айтуынша, Жасанды интеллект адамдардың, жануарлардың және машиналардың ақылды әрекеттерін және оларды қалай жүзеге асыру жолдарын зерттейді [7]. Жасанды интеллект сөзі «жасанды» және «интеллект» сөздерінен тұрады. «Жасанды» сөзі – бұл шынайы емес, имитацияланған, бірақ алаяқтық емес. Ал «интеллект» – бұл белгілі бір контексте шынайы заттарды ауыстыра алатын нәрсе, себебі ол бұрынғыдан жақсы қасиеттерге ие. Интеллект – өте күрделі ұғым. Ол әртүрлі түрлерді қамтиды. Мысалы, пайымдау, өзін-өзі тану, эмоционалдық сезімталдық, дайындық, саналық және шығармашылық. Жасанды интеллект – ақпараттық технологиялар мен ғылымның дамуындағы маңызды бағыттардың бірі. Қазақстандық ғалымдар бұл саланың білім беру, экономика, денсаулық сақтау, өндіріс және тағы басқа салалардағы ықпалы туралы өз пікірлерін білдіруде. Қазақ ғалымдары жасанды интеллекттің тиімділігін және оны қолданудағы мүмкіндіктерді талқылай отырып, оның әлеуетін жақсы түсінеді. Мұнда бірнеше Қазақстандық ғалымдардың пікірлері мен жасаған зерттеулері туралы қысқаша мәлімет айтамыз.

Б.Т.Семенованың пікірінше Жасанды интеллекттің көптеген салаларда танымал болуына ықпал ететін әртүрлі артықшылықтар бар. Жасанды интеллектпен жұмыс істейді машина бірден көптеген жұмыстарды орындай алады; олар адамдармен салыстырғанда қымбат емес және дәл және нәтижелі. Жасанды интеллект сонымен қатар оның қолданылуын бұзатын көптеген мәселелерге тап болады. Жасанды интеллект техникаға бейім қиындықтар, қауіпсіздік кедергілері, деректер қиындықтары және пайдаланушылар Жасанды интеллект түсінбесе, жазатайым оқиғаларды тудыруы мүмкін жүйесі. Жасанды интеллект қолданудың артуы ұйымның өнімділігін арттыру арқылы әртүрлі секторларды өзгертті және деректер қауіпсіздігін жеңілдету [8].

А. Аамалбекұлының пікірінше Жасанды интеллект қоғамның әрбір секторына өзгеріс алып келетін технологияның бір түрі. Технологияның қарқынды дамуы көптеген елдерді озық технологияларды білім беру саласына да бейімдеуге мәжбүрледі, мысалы Сингапурда, Малайзияда және Оңтүстік Кореяда білім берудің болашағы технологиялар мен олардың жетістіктерімен байланысты деп айтуға болады. Неғұрлым жетілдірілген машиналар білім беру саласы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және жаңа міндеттерді неғұрлым тиімді шешуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект секторы экономисттердің, саясаттанушылардың, әскери қауіпсіздік жөніндегі консультанттардың, сарапшылар және білім беру саласындағы мамандардың басты назарында [9].

### **Материалдар мен әдістер**

Шығарылу жылдарына шектеусіз жан-жақты әдебиеттер мен мақалаларға және жасанды интеллект өнімдеріне шолу жасалынды. Іздеу ProQuest, Google Scholar, ERIC және eLibrary дерекқорларында кілттік сөздерді (үдеріс, білім беру, жасанды интеллект, платформа, құралдар) пайдалана отырып жүргізілді. Талдау білім беру платформаларының теориялары мен әдістерін және жасанды интеллект платформаларын тәжірибеге енгізуді сипаттайтын мақалалар мен әдебиеттер қамтыды. Мақалада материалдарды жинақтау, анализ, синтез, индукция, дедукция әдістері де қолданылды.

Қазіргі өзара байланысты әлемде ағылшын тілін білу маңызды дағдыға айналды. Өртүрлі жеке, академиялық және кәсіби контексттерде өркендеуді қалайтын адамдар үшін.

Ағылшын тілінде халықаралық ынтымақтастық және жаһандық мансаптық перспективалар үшін тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігі білім беру мүмкіндіктеріне жол ашады. Тіл үйрену нәтижелерін жақсарту мақсатында ағылшын тіліне сұраныс ретінде тілдік дағдылардың өсуі жалғасуда, оқытушылар мен зерттеушілер инновациялық тәсілдерді зерттеп жатыр. Үлкен назар аударған осындай тәсілдердің бірі – бұл Жасанды Интеллект (AI) технологияларын ағылшын тілін оқытуға интеграциялау. Адамның интеллектісін модельдеу қабілетімен сипатталатын жасанды интеллект соңғы жылдары қоғамның әртүрлі салаларына елеулі жетістіктерге жетіп жатыр. Білім беру саласында, жасанды интеллект тілді қолдау мен жетілдірудің перспективалы құралы ретінде көбірек зерттелуде. Оқыту, әсіресе оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда жасанды интеллект жеке оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жекелендірілген, интерактивті және бейімделгіш оқыту тәжірибесін ұсынады [10].


Жасанды интеллектті тілдерді оқыту орталарына интеграциялау көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Төрт негізгі тілдік дағдыларды дамыту: сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу жасанды интеллектпен жұмыс істеген дұрыс деп санаймын. Сөйлеуді тану жүйелері, чатботтар, виртуалды репетиторлар және тіл үйрену сияқты технологиялар қосымшалар оқушыларға интерактивті және интерактивті тәжірибе бере алатын инновациялық құралдар ретінде пайдалана алады.


Иммерсивті тіл үйрену тәжірибесі бұл технологиялар нақты уақыт режимінде сияқты мүмкіндіктерді ұсынады. Жақсартуға мүмкіндігі бар кері байланыс, адаптивті бағалау және жекелендірілген мазмұн оқушылардың коммуникативті қабілеттері және олардың тілді меңгеру үдерісін жеделдету.

Сонымен қатар, жасанды интеллектті тілдік оқытуда қолдану оқушының дамуына ықпал етуі мүмкін автономия, өйткені оқушылар ресурстарға қол жеткізе алады және кез келген уақытта өз бетінше кері байланыс ала алады. Жасанды интеллект сонымен қатар оқушылардың үлгеріміне бейімделетін жекелендірілген оқу жолдарын жеңілдете алады. Жасанды интеллектті тілдерді оқыту орталарына біріктіруге көмектесе алады. Ағылшын тілін үйренушілердің әртүрлі қажеттіліктері мен қиындықтарын шешуге өте ыңғайлы [11].

### Нәтижелер және талқылау

Жасанды интеллект – өте жылдам дамып келе жатқан сала. Әлемде әртүрлі тапсырмаларды орындай алатын бағдарламалар көбейіп келеді. Жиырма жыл бұрын адамға мүмкін емес болып көрінген нәрсе қазір шындыққа айналды. Соған бірден-бір мысал «фотоны сөйлету», цифрлық технологиялар өз кезегінде педагогтерге персоналды білім беру бағдарламасын жасауға және әр білім алушының өзіндік потенциалын ашуға мүмкіндік береді. Яғни мобильдік білім беру, онлайн курстар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және жасанды интеллект, т.б. қолдана білу қажет (Сурет 1).





**Сурет 1 – Жасанды интеллекттің негізгі аспектілері мен даму тенденциялары**

Жасанды интеллект – компьютерлік жүйелердің адамның ақыл-ой қабілеттерін имитациялау үшін қолданылатын технологиялар жиынтығы. Оның білім беру саласындағы қолданылуы әртүрлі бағыттарды қамтиды. Мысалы, автоматтандырылған жүйелер, деректерді талдау құралдары, табиғи тілдерді өңдеу (NLP), компьютерлік көру, машиналық оқыту және тағы басқа көптеген технологиялар оқыту үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект жайлы жазылған әдебиетке шолу жасай отырып, ағылшын тілін үйренушілердің коммуникациялық дағдыларын дамытудағы жасанды интеллекттің рөлі туралы зерттеулерді жинақтап, талдау үшін жүйелі тәсілді қолданады. Зерттеу әдісі келесі қадамдардан тұрады:

**1. Зерттеу мақсаттарын анықтау:** Алғашқы қадамда зерттеу мақсаттары мен сұрақтары айқындалып, әдебиет шолуы процесін бағыттауы болады. Негізгі мақсат – жасанды интеллекттің ағылшын тілін үйренушілердің коммуникациялық дағдыларын дамытудағы рөлін қарастыру, атап айтқанда сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу салаларында. Арнайы зерттеу сұрақтарына жасанды интеллект негізіндегі құралдардың тиімділігі, педагогикалық салдарлар және этикалық мәселелер кіруі мүмкін.

**2. Әдебиет іздеу:** Академиялық дерекқорлар, ғылыми журналдар, конференция материалдары және қатысты онлайн репозиторийлер арқылы әдебиет іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Іздеу кілт сөздері мен терминдеріне «Жасанды интеллект», «тіл үйрену», «ағылшын тілі екінші тіл ретінде», «коммуникациялық дағдылар» және осыған ұқсас сөздер кіруі мүмкін. Іздеу стратегиясы кезең-кезеңімен қайта қаралып, сәйкес зерттеулердің барлығы қамтылғанына көз жеткізіледі.

**3. Таңдау критерийлері:** Әдебиетті таңдау және сүзу жүйелі тәсілмен жүргізіледі, алдын ала анықталған кіріспе және шығарушы критерийлерге негізделеді. Сәйкес зерттеулер зерттеу мақсаттарына, жарияланған күніне, сапасына және әдістемелік дәлдігіне қарай таңдалады. Рецензияланған мақалалар, эмпирикалық зерттеулер және ғылыми әдебиет басымдыққа ие.

**4. Деректерді шығару және талдау:** Тандалған әдебиет мұқият қаралып, негізгі ақпараттар, мысалы, зерттеу нәтижелері, әдістемелер, үлгі сипаттамалары және теориялық негіздер шығарылады. Шығарылған деректер ұйымдастырылып, синтезделеді, бұл ЖИ-дің ағылшын тілін үйренушілердің коммуникациялық дағдыларын дамытудағы рөліне қатысты ортақ тақырыптар, тенденциялар және үлгілерді анықтауға мүмкіндік

береді. Зерттеулер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсету үшін салыстырмалы талдау жүргізілуі мүмкін.

**6. Деректерді синтездеу және интерпретациялау:** Синтезделген деректер талданып, мағыналы түсініктер мен қорытындылар шығару үшін интерпретацияланады. Нәтижелер зерттеу сұрақтары мен әдебиет шолуы кезінде анықталған тақырыптар бойынша ұйымдастырылады. Қатынастары, байланыстары және салдарлары тексеріліп, ЖИ-дің тіл үйренуде тиімділігі, педагогикалық салдарлары және этикалық мәселелері бойынша қорытындылар жасалады.

**7. Шектеулер мен бос орындар:** Тандалған зерттеулер мен жалпы әдебиет шолуы процесінің шектеулері мойындалып, талқыланады. Публикациялық қателіктер немесе тілдік қателіктер сияқты ықтимал бейімділіктер ескеріледі. Сонымен қатар, қолданыстағы әдебиеттегі бос орындар анықталып, болашақ зерттеулер мен ізденістерге бағыттар ұсынылады.

**8. Есеп жазу:** Нәтижелер, интерпретациялар және қорытындылар әдебиетке шолу мақаласының құрылымына сәйкес біртұтас баяндауға біріктіріледі. Есепке кіріспе, әдістеме, әдебиетке шолу, нәтижелерді талқылау, салдарлар және болашақ зерттеулерге ұсыныстар кіреді.

Бұл зерттеу әдісі әдебиетке шолу жасау тәсіліне негізделгенін атап өткен жөн, яғни бар зерттеулер мен ғылыми әдебиетті талдау және синтездеу жүргізіледі. Негізгі деректерді жинау, мысалы, тәжірибелер немесе сауалнамалар жүргізу, бұл әдістемеге кірмейді.

Машиналық оқыту және білім беруде машиналық оқыту (МО) – бұл компьютерлердің алдын ала белгіленген ережелерді немесе алгоритмдерді қолданбай, деректерді талдау және оларға негізделген шешімдер қабылдау қабілеті. МО алгоритмдері студенттердің білім деңгейін автоматты түрде бағалауға, олардың оқу процесінде кездесетін қиындықтарын алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Табиғи тілдерді өңдеу (NLP) Табиғи тілдерді өңдеу технологиялары студенттердің мәтіндермен өзара әрекеттесуін жеңілдетуге бағытталған. Бұл технология студенттердің жазбаларын немесе сұрақтарын түсініп, оларға жауап беруге қабілетті жүйелерді құруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқу материалына қатысты сұрақтар мен жауаптар құру, мәтіндерге талдау жасау сияқты тапсырмалар NLP құралдары арқылы автоматтандырылуы мүмкін.

Жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі тиімділігін ұсынамыз. Жасанды интеллект құралдарының білім беру үдерісіндегі тиімділігін қарастыру кезінде бірнеше маңызды аспектілерге тоқталу керек [12].

Даралықтандыру және индивидуализация бұл ЖИ құралдары оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, әрбір студенттің оқу жылдамдығы мен түсіну деңгейін ескере отырып, оқу материалдарын жеке ұсыну арқылы ЖИ оқушылардың білім деңгейін және даму қарқынын бақылай отырып, мұғалімдер жеке көмек көрсете алады, ал бұл уақытты үнемдеуге және оқу үдерісін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ақпаратты және білімді өңдеу негізінде ЖИ білім беру саласында деректерді жинау, сақтау, талдау және өңдеу үшін кеңінен қолданылады. Студенттердің оқу нәтижелері туралы ақпарат жинау және оны талдау арқылы оқыту әдістерін түзету және жетілдіру мүмкіндігі туындайды. Сонымен қатар, ЖИ құралдары арқылы студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде қажетті мәліметтер мен ақпараттарды тез әрі тиімді іздеу жолдары ұсынылады [13].

Оқу материалдарын автоматтандыру арқылы ЖИ құралдары оқу материалдарын автоматты түрде құрастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, тесттер мен сұрақтар жасау, оқулықтарды әзірлеу немесе өзіндік жұмыстарды тексеру үшін машиналық оқыту алгоритмдері қолданылуы мүмкін. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеуге және оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі қолданылуының нақты мысалдары

Автоматтандырылған оқыту жүйелері ЖИ негізіндегі онлайн оқыту платформалары (мысалы, Coursera, Khan Academy) оқушыларға өздігінен оқу мүмкіндігін береді. Бұл платформалар әртүрлі деңгейдегі курстар мен пәндер бойынша түрлі білім беру материалдарын ұсынады. Сонымен қатар, студенттердің білім деңгейін бағалау және оларға кері байланыс беру үшін ЖИ алгоритмдері пайдаланылады.

Қосымша көмек көрсету жүйелері жасанды интеллекттің тағы бір қолданылуы – бұл оқу барысында оқушыларға қосымша көмек көрсету. Мысалы, студенттерге белгілі бір тақырыптар бойынша сұрақ қою арқылы қосымша ақпарат алу мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, ЖИ-мен жұмыс істейтін чат-боттар оқушыларға тікелей жауап бере алады, осылайша мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді.

Қашықтықтан оқыту – қашықтықтан оқыту жүйелеріде ЖИ технологияларының қолданылуы әсіресе маңызды болды. Студенттер онлайн курстар мен бағдарламалар арқылы оқып, өздерінің оқу қарқынын бақылап отыра алады. Жасанды интеллекттің арқасында жеке оқу жоспарын құру және студенттердің прогресін бақылау мүмкіндігі ашылады.

Жасанды интеллекттің білім беру үдерісіндегі қиындықтары мен шектеулері жайына келетін болсақ, олар келесідей: Техникалық қиындықтар ЖИ құралдарының тиімділігі көбінесе техникалық инфрақұрылымның сапасына байланысты. Жоғары жылдамдықты интернет, заманауи компьютерлер мен арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету талап етіледі. Бұл құралдарды барлық оқу орындары бірдей қамтамасыз ете алмайды [14].

Этикалық мәселелер жасанды интеллекттің білім беру саласында қолданылуы бірнеше этикалық мәселелерді туындатады. Мысалы, студенттердің деректерінің қауіпсіздігі, олардың жеке ақпараттарының сақталуы және басқа да жеке құпиялардың сақталуы мәселелері басты назарда болуы керек.


Оқытушылардың дайындық деңгейі жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің қажетті білім мен дағдыларға ие болуы қажет. Бұл құралдарды қолдану үшін арнайы дайындықтан өту қажет болуы мүмкін, ал бұл оқытушылар үшін қосымша уақыт пен ресурстарды талап етеді.

Жасанды интеллекттің ағылшын тілін оқытудағы рөлін зерттеу мақсатында 1 айға созылған эксперимент жүргізілді. Экспериментке ағылшын тілін үйреніп жүрген 45 студент қатысты, олар кездейсоқ екі топқа бөлінді: дәстүрлі әдіспен оқитын топ және жасанды интеллект құралдарын қолданатын топ. Эксперимент басталғанға дейін барлық қатысушылардың бастапқы деңгейін анықтау үшін тестілеу өткізілді. Бұл тест грамматика, сөздік қоры, тыңдалым және сөйлеу дағдыларын бағалауға бағытталды. Сонымен қатар, қатысушылардан олардың оқу әдістері мен тәжірибесі туралы сауалнама алынды. Оқу процесі 4 аптаға созылды. Дәстүрлі әдіспен оқитын топ оқытушының қатысуымен сабақтарға қатысты, оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін пайдаланып, грамматикалық жаттығулар орындады, тыңдалым, эссе жазу және сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды орындады. Бұл топтың оқу процесі дәстүрлі білім беру жүйесінің шеңберінде жүзеге асырылды. Ал жасанды интеллект құралдарын қолданатын топ ChatGPT, Duolingo, Grammarly, Elsa Speak секілді заманауи технологияларды пайдаланды. Олар ChatGPT арқылы грамматикалық түсіндірмелер алып, Duolingo арқылы күнделікті интерактивті жаттығулар орындады, Grammarly көмегімен жазу дағдыларын жетілдірді және Elsa Speak арқылы сөйлеу қабілетін жақсартты. Сонымен қатар, олар ChatGPT немесе басқа ЖИ чат-боттарымен диалог жүргізу арқылы ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.

Оқу кезеңі аяқталғаннан кейін барлық қатысушылар қорытынды тест тапсырды. Оның нәтижелері бастапқы тестпен салыстырылып, студенттердің қаншалықты жетілгені анықталды. Тестілеу нәтижелері екі топтың оқыту әдістерінің тиімділігін салыстыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, барлық қатысушылардан сауалнама арқылы олардың оқу процесі туралы пікірлері жиналды. Бұл сауалнамада студенттерден қай әдіс оларға ыңғайлырақ болғаны, ЖИ құралдарының тілді үйренуге қаншалықты көмектескені және қандай қиындықтарға тап болғаны сұралды.

Жиналған мәліметтерді талдау барысында жасанды интеллект құралдарын қолданған топтың нәтижелері дәстүрлі әдіспен оқыған топқа қарағанда едәуір жоғары болғаны анықталды. Әсіресе, сөздік қоры мен сөйлеу дағдыларын дамытуда ЖИ технологиялары тиімдірек болғаны байқалды. Қатысушылардың көпшілігі ЖИ құралдарының оқу процесін жеңілдеткенін және оқуды қызықты әрі интерактивті еткенін атап өтті. Дегенмен, кейбір студенттер өз бетінше оқудың қиындықтары болғанын және мұғалімнің қатысуы кей жағдайларда қажет екенін айтты.

Бұл 1 айлық эксперимент жасанды интеллекттің ағылшын тілін оқытудағы рөлін ғылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Нәтижелер көрсеткендей, ЖИ құралдары дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, тілді үйренудің тиімділігін арттыра алады. Бұл зерттеу болашақта білім беру саласында ЖИ технологияларын одан әрі дамыту мен тиімді пайдалану жолдарын анықтауға ықпал етті.



**Сурет 2** – Дәстүрлі оқыту әдісі мен жасанды интеллект құралдарын қолданған топтардың Pre-test және Post-test нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Білім алушылардың 1 ай ішінде көрсеткен ағылшын тілі деңгейінің прогресі бойынша диаграмма (Сурет 2) дәстүрлі оқыту әдісі мен жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданған екі топтың Pre-test және Post-test орташа нәтижелерін салыстырады. Екі топтың бастапқы тест нәтижелері 50-70 аралығында болып, олардың ағылшын тілі деңгейінің бастапқыда шамалас екенін көрсетеді. Қорытынды тест нәтижелеріне келсек, дәстүрлі әдіспен оқыған топ 5-20 балл аралығында прогресс көрсетіп, олардың бағалары 50-90 аралығында орналасты. Ал ЖИ құралдарын қолданған топтың жетістігі жоғары болып, 15-30 балл аралығында жақсарып, олардың қорытынды бағалары 50-100 аралығында болды. Бұл ЖИ құралдарының тиімділігін дәлелдейді, себебі олар студенттерге жекелендірілген оқыту мен интерактивті кері байланыс арқылы жоғары нәтижеге жетуге көмектесті. Дәстүрлі әдіспен оқыған студенттер де айтарлықтай прогресс жасады, бірақ олардың жетістігі ЖИ қолданған топқа қарағанда баяу болды. Осылайша, жасанды интеллект құралдары ағылшын тілін үйренуді жылдамдатып, тиімділігін арттыруға көмектеседі, алайда ең жақсы нәтижеге дәстүрлі оқыту мен ЖИ технологияларын үйлестіру арқылы қол жеткізуге болады.

### Қорытынды

Жасанды интеллект құралдарының білім беру үдерісіндегі тиімділігі өте жоғары. Олар оқыту сапасын арттыруға, студенттердің жеке қажеттіліктерін ескеруге, мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге және оқу процесін инновациялық тұрғыдан ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Алайда, ЖИ технологияларын білім беру саласында қолдану кезінде кездесетін техникалық, этикалық және әдіснамалық мәселелерді шешу маңызды. Болашақта ЖИ

құралдарының білім беру саласында қолданылуы ары қарай кеңейе түсуі мүмкін, және бұл өзгерістер оқу жүйесінің барлық деңгейлеріне терең әсер ететін болады.

ЖИ жүйелері оқу материалдарын 24/7 қолжетімді етеді, бұл әсіресе қашықтықтан оқыту жағдайында үлкен артықшылыққа ие. Студенттер кез келген уақытта қажетті ақпаратты алу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады. Бұл мүмкіндіктер білім алу үшін тиімді уақытты басқаруға және оны кеңейтуге көмектеседі.

Жасанды интеллект білім беру үдерісін тиімді жетілдіруге үлкен мүмкіндіктер ұсынады, бірақ оның тиімділігін арттыру үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет. ЖИ жүйелерінің мүмкіндіктері оқышылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделіп, оқу үдерісін жекелендіруге, бағалау процесін автоматтандыруға, білім беру нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Алайда ЖИ қолдану кезінде қауіпсіздік, оқытушылардың дайындық деңгейі мен олардың рөлі мәселелеріне назар аудару қажет. Осы аспектілерді ескере отырып, ЖИ технологияларының білім беру саласындағы тиімділігі айтарлықтай арта түсуі мүмкін.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жасанды интеллект білім сапасын жақсартады <https://egemen.kz/article/370794-zhasandy-intellekt-bilim-sapasyn-dgaqsartady>.
2. Rahayu S., & Pujiyono, W. (2017). Media Pembelajaran Kecerdasan Buatan Pokok Bahasan Metode Pelacakan Menggunakan Multimedia Pada E-Learning. JSTIE (Jurnal Sarjana Teknik Informatika) (E-Journal). – 2017. – №5(1). P.136-145.
3. Cheng S.-M., & Day, M.-Y. Technologies and Applications of Artificial Intelligence: 19th International Conference. TAAI 2014. Taipei, Taiwan. – 2014. November 21-23. Proceedings. Springer.
4. Karsenti T. Artificial intelligence in education: The urgent need to prepare teachers // Formation et profession. – 2019.
5. Mehrotra D.D. Basics of artificial intelligence & machine learning // Notion Press. –2019.
6. Wang R. Research on Artificial Intelligence Promoting English Learning Change // Proceedings of the 3rd International Conference on Economics and Management, Education, Humanities and Social Sciences (EMEHSS 2019). Proceedings of the 3rd International Conference on Economics and Management, Education, Humanities and Social Sciences (EMEHSS 2019). Suzhou City, China. – 2019.
7. Whitby B. Artificial Intelligence // The Rosen Publishing Group, Inc. – 2009.
8. Sebenova B.T., Joldybek D.B., Baqyt A.B. Joғарғы оқу орындарында шығармашылық мамандықтарды оқытудағы жасанды интеллекттің қажеттілігі // OF “Международный научно-исследовательский центр “Endless Light in Science”. Pedagogicheskie nauki. – 2023. – №1. – Стр.18-23
9. Amalbekuly A. Qazirǵı bılım berudeǵı jasandy intellekttiń rólı // OF “Международный научно-исследовательский центр “Endless Light in Science”. Tehnicheskie nauki. – 2023. – №3. – Стр.128-131
10. Ganeesh G., Maria Abisha Rani M. (2023) Role of Artificial Intelligence in English Language Teaching. International Journal of Research Publication and Reviews. Vol 4. №11, P. 2418-2420
11. Seitbekova D.A. The role of artificial intelligence technology in teaching English // International scientific-practical conference on the topic of “Problems and perspectives of modern technology in teaching foreign languages”. Uzbekistan, – 2023. – №3(22). –P. 133-137.
12. Trabelsi M.A. (2024), The impact of artificial intelligence on economic development. Journal of Electronic Business & Digital Economics. –Vol. 3 –No. 2, –P. 142-155.
13. Tianyuan Xu, Huang Wang (2024) The effectiveness of artificial intelligence on English language learning achievement.
14. Alkaabi M.H. & Almaamari, A.S. (2025). Generative AI Implementation and Assessment in Arabic Language Teaching. International Journal of Online Pedagogy and Course Design (IJOPCD)7 –15(1)7. –P. 1-18.

## REFERENCES:

1. Jasandy intelekt bilim sapasyn jaqsartady [Artificial intelligence improves the quality of Education] <https://egemen.kz/article/370794-zhasandy-intellekt-bilim-sapasyn-dgaqsartady>.
2. Rahayu S., & Pujiyono, W. (2017). Media Pembelajaran Kecerdasan Buatan Pokok Bahasan Metode Pelacakan Menggunakan Multimedia Pada E-Learning. JSTIE (Jurnal Sarjana Teknik Informatika) (E-Journal). –2017. – №5(1). –R.136-145.
3. Cheng S.-M., & Day, M.-Y. Technologies and Applications of Artificial Intelligence: 19th International Conference. TAAI 2014. Taipei, Taiwan. – 2014. November 21-23.Proceedings. Springer.
4. Karsenti T. Artificial intelligence in education: The urgent need to prepare teachers // Formation et profession. – 2019.
5. Mehrotra D.D. Basics of artificial intelligence & machine learning // Notion Press. –2019.
6. Wang R. Research on Artificial Intelligence Promoting English Learning Change // Proceedings of the 3rd International Conference on Economics and Management, Education, Humanities and Social Sciences (EMEHSS 2019). Proceedings of the 3rd International Conference on Economics and Management, Education, Humanities and Social Sciences (EMEHSS 2019). Suzhou City, China. – 2019.
7. Whitby B. Artificial Intelligence // The Rosen Publishing Group, Inc. – 2009.
8. Sebenova B.T., Joldybek D.B., Baqyt A.B. Joǵarǵy oqu oryndarynda ʃyǵarmaʃlylyq mamandyqtardy oqytudaǵy jasandy intellekttiń qajetiligi [The need for artificial intelligence in teaching creative professions in universities] // OF “Mejdunarodnyi nauchno-issledovatel'skiy sentr “Endless Light in Science”. Pedagogicheskie nauki. – 2023. – №1. – Str .18-23
9. Amalbekuly A. Qazirǵı bilim berudeǵı jasandy intellekttiń rólı [The role of artificial intelligence in modern education] // OF “Mejdunarodnyi nauchno-issledovatel'skiy sentr “Endless Light in Science”. Tehnicheskie nauki. – 2023. – №3. – Str .128-131
10. Ganeesh G., Maria Abisha Rani M. (2023) Role of Artificial Intelligence in English Language Teaching. International Journal of Research Publication and Reviews. –Vol 4. №11, –P. 2418-2420
11. Seitbekova D.A. The role of artificial intelligence technology in teaching English // International scientific-practical conference on the topic of “Problems and perspectives of modern technology in teaching foreign languages”. Uzbekistan, –2023. –№3(22). –R. 133-137.
12. Trabelsi M.A. (2024), The impact of artificial intelligence on economic development. Journal of Electronic Business & Digital Economics. –Vol. 3 –No. 2, –P. 142-155.
13. Tianyuan Xu, Huang Wang (2024) The effectiveness of artificial intelligence on English language learning achievement.
14. Alkaabi M.H. & Almaamari, A.S. (2025). Generative AI Implementation and Assessment in Arabic Language Teaching. International Journal of Online Pedagogy and Course Design (IJOPCD)7 – 15(1)7. – P. 1-18.

## РОЛЬ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Спатаев Б.О.<sup>1</sup>, Есекешова М.Д.<sup>2</sup>, Спатай А.О.<sup>3,\*</sup>, Есентаева А.А.<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,  
Республика Казахстан, г. Астана.

<sup>3</sup>Центрально-Азиатский инновационный университет,  
Республика Казахстан, г. Шымкент.

<sup>4</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,  
Республика Казахстан, г. Шымкент

\*e-mail: [baurspatayev\\_17-83@mail.ru](mailto:baurspatayev_17-83@mail.ru), [spatay.aygul@mail.ru](mailto:spatay.aygul@mail.ru)

*Искусственный интеллект (ИИ) приобрел значительную популярность в настоящее время, предлагая новые возможности и инновационные решения в области образования. Средства ИИ смогли способствовать совершенствованию учебного процесса, индивидуализации учебного опыта учащихся и студентов, повышению качества образования, а также облегчению работы учителей. В этой статье были рассмотрены эффективность и возможности применения искусственного интеллекта в сфере образования, а также его влияние на систему образования в будущем. Искусственный интеллект (ИИ) внес важные изменения в систему образования. Инструменты ИИ смогли персонализировать учебный процесс и значительно улучшить учебный опыт студентов. Цель данного исследования-показать эффективность искусственного интеллекта в образовательном процессе, проанализировать его преимущества и влияние в системе обучения. Мы определили эффективность искусственного интеллекта в сфере образования, изучили методические подходы к внедрению средств ИИ в учебный процесс, применяли технологии ИИ для улучшения результатов обучения учащихся, выработали рекомендации, основанные на решениях ИИ для повышения эффективности системы образования, определили эффективность искусственного интеллекта в образовательном процессе и предложили методы их эффективного внедрения в учебный процесс.*

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, образовательный процесс, эффективность обучения, автоматизированная оценка, индивидуальное обучение, дистанционное образование, инструменты искусственного интеллекта

## THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS IN TEACHING ENGLISH

B.O. Spatayev<sup>1</sup>, M.D. Yessekeshova<sup>2</sup>, A.O. Spatay<sup>3,\*</sup>, A.A. Yessentaeva<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup>S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Republic of Kazakhstan, Astana

<sup>3</sup>Central Asia Innovative University, Republic of Kazakhstan, Shymkent

<sup>4</sup>M. Auezov South Kazakhstan Research University, Republic of Kazakhstan, Shymkent

\*e-mail: [baurspatayev\\_17-83@mail.ru](mailto:baurspatayev_17-83@mail.ru), [spatay.aygul@mail.ru](mailto:spatay.aygul@mail.ru)

Artificial intelligence (AI) has gained significant popularity nowadays, offering new opportunities and innovative solutions in the field of education. AI tools were able to help improve the educational process, individualize the learning experience of students and students, improve the quality of education, and facilitate the work of teachers. This article examined the effectiveness and possibilities of using artificial intelligence in the field of education, as well as its impact on the education system in the future. Artificial intelligence (AI) has made important changes to the education system. AI tools were able to personalize the learning process and significantly improve the learning experience of students. The purpose of this study is to show the effectiveness of artificial intelligence in the educational process, to analyze its advantages and impact in the learning system. We have determined the effectiveness of artificial intelligence in the field of education, studied methodological approaches to the introduction of AI tools into the educational process, applied AI technologies to improve student learning outcomes, developed recommendations based on AI solutions to improve the effectiveness of the education system, determined the effectiveness of artificial intelligence in the educational process and proposed methods for their effective implementation in the educational process.

**Keywords:** artificial intelligence, educational process, learning efficiency, automated assessment, individual learning, distance education, artificial intelligence tools

## МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ АУТИЗММЕН АУЫРАТЫН БАЛАЛАРДЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПKE ДАЙЫНДАУ: ШАҒЫН ШОЛУ

Тұмар Қ.\* , Сейтқазы Б. 

*Жетісу облысы білім басқармасы мемлекеттік мекемесі, Текелі қаласының «№ 2 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы, Текелі қ.*  
\*e-mail: [qatipa@list.ru](mailto:qatipa@list.ru)

*Мектепке дейінгі кезеңнен бастауыш мектепке көшу – барлық балалар үшін маңызды даму кезеңі болып табылады, бұл әсіресе Аутизм спектрі бұзылысы (АСБ) бар балалар үшін аса маңызды. Бұл шолу мектеп жасына дейінгі АСБ-мен ауыратын балаларды бастауыш мектепке сәтті енгізу үшін қажетті стратегияларды, қиындықтар мен қолдауларды зерттейді. Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан зерттеулерді, дәлелді тәжірибелерді және мұғалімдердің көзқарастарын талдай отырып, бұл мақала бастауыш білімге дайындығын арттыру үшін педагогтарға және ата-аналарға қолдануға болатын нақты ұсыныстар береді.*

**Кілт сөздер:** аутизм спектрі бұзылысы, мектепке дейінгі кезең, бастауыш мектепке көшу ТЕАССН бағдарламасы, өтпелі кезеңді жоспарлау.

### Кіріспе

Мектепке дейінгі кезеңнен бастауыш мектепке көшу – барлық балалар үшін маңызды даму кезеңі болып табылады. Аутизм спектрі бұзылысы (АСБ) бар балалар үшін бұл кезең әлеуметтік қарым-қатынас, сенсорлық өңдеу және жаңа ортаға бейімделу қиындықтарына байланысты ерекше сынақ болуы мүмкін [1, 2]. Ерте араласу және мақсатты дайындық жаңа әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивті дағдыларды дамыту арқылы бұл өтпелі кезеңді жеңілдету өте маңызды.

АСБ – бұл қабілеттер мен қиындықтардың кең спектрімен сипатталатын нейродаму жағдайы. АСБ таралуы жаһандық деңгейде артып келе жатқандықтан, білім беру жүйелері осы оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделуі керек [3]. Мектеп жасына дейінгі АСБ-мен ауыратын балаларды бастауыш мектеп талаптарына дайындау мұғалімдер, терапевттер, отбасылар және мектеп әкімшілерін қамтитын пәнаралық көзқарасты қажет етеді.

Мектепке түсуге дайындыққа назар аудара отырып, ата-аналар мен ерте араласу қызметтерін жеткізушілер тарапынан дайындық перспективаларын түсіну маңызды. Ата-аналар мен ерте араласуды қамтамасыз етушілер барлық басымдықтар бойынша келіспеуі мүмкін, бірақ олардың қай жерде жақындасатынын және алшақтайтынын білу маңызды. Дегенмен, осы уақытқа дейін, кәсіптік психологтар мен дефектологтар сияқты қызметкерлерден тұратын ерте араласу қызметтері АСБ бар балаларды өтпелі кезеңге қатысуға қалай дайындайтыны саласындағы зерттеулер шектеулі. Қолданыстағы әдебиеттердің көп бөлігі мұғалім мен ата-ананың көзқарастарына бағытталған, ал ата-ана көзқарастары тәрбиелеушілердің көзқарастарымен сәйкес келетіні туралы деректер көп емес.

Бұл шолу АСБ-мен ауыратын балаларды бастауыш мектепке дайындаудағы тиімді стратегиялар бойынша зерттеулерді жинақтауға бағытталған. Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды дамыту, көшуге дайындықты жоспарлау, мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастық және кедергілер сияқты негізгі тақырыптар талқыланады. Оның мақсаты – инклюзия мен табысты бастауыш білімге ықпал ететін озық тәжірибелерге арналған жол картасын ұсыну.

## **Материалдар мен әдістер**

Бұл шолу мақаласында аутизм спектрінің бұзылуы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды бастауыш мектепке дайындаудың тиімді стратегияларын анықтау үшін әртүрлі зерттеулер мен сарапшылық ұсыныстардың дәлелдері талданған. Қабылданған әдістеме әдебиетке жан-жақты шолу мен тақырыптық талдауды қамтиды. Әдебиет іздеу іздеу Google Scholar, PubMed және Web of Science сияқты көптеген дерекқорларда жүргізілді. Іздеу кезінде пайдаланылған кілт сөздер «Аутизм спектрінің бұзылуы», «мектепке дайындық», «мектепке дейінгі балалардан бастауыш мектепке өтуі» болды. Критерийлері: 2010 және 2024 жылдар аралығында жарияланған зерттеулер, АСБ бар балаларды мектепке дейінгі жастан бастауыш мектепке көшірудегі қарым-қатынастарға, стратегияларға және қиындықтарға назар аударылды.

## **Нәтижелер мен талқылау**

Елімізде аутист балалар басқа да білім алушылармен бірдей мектепте оқуға құқылы. Алайда олар мектепке келгенде бірден сабаққа толық қатысып кете алмайды. Оларға алдын-ала арнайы педагог маманның көмегі керек. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиелеуші мамандар өтпелі кезеңге дейін АСБ бар балаларға ерте араласу қызметтерін қалай көрсететінін білу орынды: баланы мектепке көшуге дайындау үшін бала мен отбасының басымдықтарын анықтау және келісу, баланың мектепке қашан көшуге дайын екенін анықтау және Олар баланың мектепке баруын бастау үшін ғана емес, мектепке көшкеннен кейін балаға қажетті дағдыларды және қоршаған ортаны қолдауды жалғастыру үшін маңызды деп санайды.

Осы зерттеу бойынша жүргізілген әдеби шолуда аутизм спектрінің бұзылуы (АСБ) бар мектепке дейінгі жастағы балаларды бастауыш мектепке дайындауда бірқатар тиімді стратегияларды анықтады. Талдау нәтижелері бойынша келесі негізгі аспектілер маңызды деп танылды:

### ***1. Әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларды дамыту***

Әлеуметтік қарым-қатынас және эмоцияларды реттеу АСБ-мен ауыратын балалар үшін жиі қиындық тудырады. Өзімен жасты балалармен бірге әлеуметтік дағдыларды оқыту, эмоцияларды тану жаттығулары және топтық ойын терапиясы сияқты араласулар бұл құзыреттерді арттыруда тиімді екені дәлелденген [4]. Рөлдік ойын сценарийлері мен әлеуметтік қарым-қатынас туралы әңгімелер бастауыш мектеп жағдайларын болжауға және басқаруға көмектеседі [5].

### ***2. Когнитивті және академиялық дайындық***

Бастауыш мектепке дайын болу үшін ерте сауаттылық пен есептеу дағдылары өте маңызды. Бағдарламаланған оқыту әдістері, соның ішінде Қолданбалы мінез-құлықты талдау (АВА) және ТЕАССН бағдарламасы, негізгі академиялық дағдыларды қалыптастыруда тиімді екені дәлелденген [6, 7]. ТЕАССН бағдарламасын Шоплер және оның командасы ұсынды, ол АСБ бар балаларға психологиялық білім берудің кешенді бағдарламасы болып табылады. Бұл бағдарлама аутист балаларды жан-жақты дамыту және олардың қоғамға реинтеграциясын жеңілдету үшін құрылымдық, жүйелі және стратегиялық реттелген оқыту орталарына, материалдарына және процедураларына бағытталған. Құрылымдық оқыту ТЕАССН бағдарламасының дағдыларды жақсартуға және мінез-құлық проблемаларын азайтуға арналған негізгі тәсілі болды.

### ***3. Өтпелі кезеңді жоспарлау***

Бастауыш мектепке көшу балалар мен олардың отбасылары үшін маңызды кезең болып табылады. АСБ бар балалар үшін өтпелі кезең күтпеген сипатымен қиынға соғады, бұл көбінесе тиісті түсіну мен қолдауды қажет етеді. Өтпелі кезеңді жоспарлау мектепке дейінгі кезеңнен бастап басталып, бастауыш мектепке баруды, мұғалімдермен танысуды және жаңа ортаға біртіндеп бейімделуді қамтуы керек [8]. Бастауыш және мектепке дейінгі қызметкерлер бірлесіп әзірлеген нақты мақсаттары мен стратегиялары бар жоспар жасау үздіксіз қолдауды қамтамасыз етеді [9]. Өтпелі кезеңдегі ортақ кедергілерге арнайы

дайындалған мұғалімдердің жетіспеушілігі, ресурстардың жеткіліксіздігі және мектеп құрылымдарының қатаңдығы жатады. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету үшін осы жүйелік мәселелерді шешу өте маңызды.

#### 4. Отбасының қатысуы

Ата-аналардың араласуы АСБ-мен ауыратын балаларды мектепке дайындауда маңызды рөл атқарады. Ата-аналарды балаларының қарым-қатынасы, мінез-құлқы және оқуы бойынша қолдау стратегияларына үйрету нәтижелерді жақсартыды [10, 11]. Ата-аналар мен мұғалімдердің серіктестігі үй мен мектеп ортасы арасындағы бірізділікті қамтамасыз етеді. Ұлыбританияның Білім және ғылым департаментінің мәлімдемесіне сәйкес [12], «дамуында ауытқулары бар адамдардың қажеттіліктерін тиімді шешу ата-аналардың толық қатысуына байланысты. Олардың денсаулық және білім беру мамандарымен қарым-қатынасы баланың дамуы үшін өте маңызды. Ата-аналар мамандардың күш-жігерін қолдау үшін ақпарат пен нақты нұсқауларды қажет етеді, ал ата-аналардың балалары туралы құнды білімдерінсіз мамандардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін емес.

#### 5. Практикалық ұсыныстар

##### 1) Жеке өтпелі бағдарламалар

Баланың күшті жақтарына, қиындықтарына және артықшылықтарына сәйкес келетін жеке жоспарлар әзірлеу [13]. Күнделікті визуалды кестелерді пайдаланып, мектепті күтілетін дағдыларын қалыптастыру.

##### 2) Мұғалімдерді даярлау және ынтымақтастық

Мұғалімдерге АСБ-ға тән стратегиялар бойынша кәсіби дамуды қамтамасыз ету.

Мектепке дейінгі ұйым және бастауыш мектеп мұғалімдері арасындағы тұрақты қарым-қатынасты жеңілдету.

##### 3) Инклюзивті мектеп ортасы

Өртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін сынып макеттерін, оқу материалдарын және сезімталдыққа қолайлы кеңістіктерді бейімдеу [14]. Сыныптастар арасындағы өзара түсіністікке ықпал ететін білім беру бағдарламаларын насихаттау.

##### 4) Бақылау және бағалау

5) Мұғалімдер, ата-аналар және балалардың кері байланысы арқылы стратегиялардың тиімділігін үнемі бағалау. Пайда болған қиындықтарды шешу үшін жоспарларды реттеу.

#### Қорытынды

АСБ-мен ауыратын мектеп жасына дейінгі балаларды бастауыш мектепке дайындау әлеуметтік, эмоционалдық, когнитивті және экологиялық факторларды қамтитын ынтымақтастыққа негізделген көпжақты көзқарасты қажет етеді. Дәлелді тәжірибелерді енгізу және педагогтар, отбасылар және қауымдастықтар арасында берік серіктестік орнату арқылы біз өтпелі кезеңдерден табысты өтуді қамтамасыз етіп, өмір бойы оқыту мен инклюзияға негіз қалай аламыз. Болашақ зерттеулер осы стратегиялардың ұзақ мерзімді әсерін бағалау және АСБ-мен ауыратын балалардың мектепке дайын болуын арттыру үшін инновациялық тәсілдерді зерттеулерге назар аударуы керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жаныбекова, Ж.К., & Утегенова, Г.Ж. (2024). Бастауыш сыныпта ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін балаларды оқыту ерекшелігі.
2. Темирханова, К.Ш. (2024). Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналар қауымдастығымен жүргізілетін жұмыстардың жаңа форматтары.
3. Connolly, M., & Gersch, I. (2020). Supporting children with autism spectrum disorders during transitions. *Journal of Developmental Psychology*, – 36(4), – P. 456-470.

4. Wright, B., Bell, K.J., Blackwell, J.E., Teige, C., Mandefield, L., Wang, H.I., ... & Hewitt, C. E. (2024). Impact of Social Stories on social and emotional health of autism spectrum primary school children: the ASSSIST2 RCT with economic evaluation. *Health technology assessment* (Winchester, England), 28(39), P. 1-121.
5. Bella, M., & Sipsa, Z. (2020). Teachers' Perceptions: Role-play Strategies for Teaching Social Skills to Children with Autism in Physical Education. *Pedagogy of Learning*, – 6 (1), – 1-12 p.
6. Zeng, H., Liu, S., Huang, R., Zhou, Y., Tang, J., Xie, J., ... & Yang, B. X. (2021). Effect of the TEACCH program on the rehabilitation of preschool children with autistic spectrum disorder: a randomized controlled trial. *Journal of Psychiatric Research*, – 138, – P. 420-427.
7. Virues-Ortega, J., Pérez-Bustamante, A., & Tarifa-Rodriguez, A. (2022). Evidence-based Applied Behavior Analysis (ABA) autism treatments: An overview of comprehensive and focused meta-analyses. *Handbook of Autism and Pervasive Developmental Disorder: Assessment, Diagnosis, and Treatment*, – P. 631-659.
8. Martin, T., Dixon, R., Verenikina, I., & Costley, D. (2021). Transitioning primary school students with Autism Spectrum Disorder from a special education setting to a mainstream classroom: successes and difficulties. *International Journal of Inclusive Education*, – 25(5), – P. 640-655.
9. Arthur, L., Beecher, B., Death, E., Dockett, S., & Farmer, S.(2017). *Programming and planning in early childhood settings*. Cengage AU.
10. Жолдасов, Е. А., & Қанат АМ, С. Н. (2022). Мектеп психологы маман рөлінің атқаратын іс-әрекеті мен мен ерекшеліктері. ББК – 74.58 – С. 84-190.
11. Zwaigenbaum, L., Bauman, M. L., Choueiri, R., Kasari, C., et al. (2015). Early intervention for children with autism spectrum disorder under 3 years of age: Recommendations for practice and research. *Pediatrics*, – 136(1), – P. 60-81.
12. Rutter, M. and Schopler, E. (1987). Autism and pervasive developmental disorders: Concepts and diagnostic issues. In MT In Rutter, Assessment and Classification in Child and Adolescent Psychiatry. New York: Guilford Press.
13. Семенович, М.Л., Манелис, Н.Г., Хаустов, А.В., Козорез, А.И., & Морозова, Е. В. (2015). Описание методики оценки базовых речевых и учебных навыков (ABLLS-R). Аутизм и нарушения развития, – 13(4), – P. 3-11.
14. Шаргородская, Л. В. (2017). Организационно-педагогические условия инклюзивного обучения младших школьников с расстройствами аутистического спектра. Журнал педагогических исследований, – 2(2), – 60 p.

#### REFERENCES:

1. Janybekova, J. K., & Utegenova, G. J. (2024). Bastauyş synypta erekşe bilim beru qajettılıgın talap etetin balalardy oqytu erekşelığı [Features of teaching children with special educational needs in primary school].
2. Temirhanova, K. Ş. (2024). Mektepke deıngı üıymnyñ ata-analar qauymdastyğymen jürgızıletın jümystardyñ jaña formattary [New formats of work with the parent association of a preschool organization].
3. Connolly, M., & Gersch, I. (2020). Supporting children with autism spectrum disorders during transitions. *Journal of Developmental Psychology*, – 36(4), – P. 456-470.
4. Wright, B., Bell, K.J., Blackwell, J.E., Teige, C., Mandefield, L., Wang, H.I., ... & Hewitt, C. E. (2024). Impact of Social Stories on social and emotional health of autism spectrum primary school children: the ASSSIST2 RCT with economic evaluation. *Health technology assessment* (Winchester, England), –28(39), – P. 1-121.
5. Bella, M., & Sipsa, Z. (2020). Teachers' Perceptions: Role-play Strategies for Teaching Social Skills to Children with Autism in Physical Education. *Pedagogy of Learning*, – 6 (1), – P. 1-12.

6. Zeng, H., Liu, S., Huang, R., Zhou, Y., Tang, J., Xie, J., ... & Yang, B. X. (2021). Effect of the TEACCH program on the rehabilitation of preschool children with autistic spectrum disorder: a randomized controlled trial. *Journal of Psychiatric Research*, – 138, – P. 420-427.
7. Virues-Ortega, J., Pérez-Bustamante, A., & Tarifa-Rodriguez, A. (2022). Evidence-based Applied Behavior Analysis (ABA) autism treatments: An overview of comprehensive and focused meta-analyses. *Handbook of Autism and Pervasive Developmental Disorder: Assessment, Diagnosis, and Treatment*, – P. 631-659.
8. Martin, T., Dixon, R., Verenikina, I., & Costley, D. (2021). Transitioning primary school students with Autism Spectrum Disorder from a special education setting to a mainstream classroom: successes and difficulties. *International Journal of Inclusive Education*, – 25(5), – P. 640-655.
9. Arthur, L., Beecher, B., Death, E., Dockett, S., & Farmer, S. (2017). *Programming and planning in early childhood settings*. Cengage AU.
10. Joldasov, E. A., & Qanat AM, S. N. (2022). Mektep psihology mamam röliniñ atqaratyn is-äreketi men erekşelikteri [The role and characteristics of a school psychologist]. *BBK 74.58 – C. 84-190*.
11. Zwaigenbaum, L., Bauman, M. L., Choueiri, R., Kasari, C., et al. (2015). Early intervention for children with autism spectrum disorder under 3 years of age: Recommendations for practice and research. *Pediatrics*, –136(1), P. 60-81.
12. Rutter, M. and Schopler, E. (1987). Autism and pervasive developmental disorders: Concepts and diagnostic issues. In *MT In Rutter, Assessment and Classification in Child and Adolescent Psychiatry*. New York: Guilford Press.
13. Semenov, M. L., Manelis, N. G., Haustov, A. V., Kozorez, A. I., & Morozova, E. V. (2015). Opisanie metodiki osenki bazovyh rechevyh i uchebnyh navykov (ABLLS-R) [Description of the Assessment of Basic Language and Learning Skills-Reference (ABLLS-R)]. *Autizm i naruşenia razvitiia*, –13(4), – P. 3-11.
14. Şargorodskaia, L. V. (2017). Organizasionno-pedagogicheskie uslovia inklüzivnogo obuchenia mladşih şkölnikov s rasstroistvami autisticheskogo spektra [Organizational and pedagogical conditions for inclusive education of primary school students with autism spectrum disorders]. *Jurnal pedagogicheskikh issledovani*, –2(2), – 60 p.

## **ПОДГОТОВКА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С АУТИЗМОМ К НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: КРАТКИЙ ОБЗОР**

*Тұмар Қ.\*, Сейтқазы Б.*

*Жетысуский областной департамент образования, коммунальное государственное  
учреждение «Психолого-педагогический коррекционный кабинет № 2 города Текели»,  
Республика Казахстан, г.Текели*

*\*e-mail: [qatipa@list.ru](mailto:qatipa@list.ru)*

*Переход из дошкольного учреждения в начальную школу является важным этапом развития для всех детей, но он особенно важен для детей с расстройствами аутистического спектра (РАС). В этом обзоре рассматриваются стратегии, проблемы и поддержка, необходимые для успешного перехода детей дошкольного возраста с РАС в начальную школу. Анализируя современные исследования, основанные на фактических данных методы и точки зрения учителей, данная статья дает конкретные рекомендации, которые педагоги и родители могут использовать для повышения готовности к начальному образованию.*

**Ключевые слова:** *расстройство аутистического спектра, дошкольный период, переход в начальную школу, программа TEACCH, планирование перехода.*

# PREPARING PRESCHOOL CHILDREN WITH AUTISM FOR PRIMARY SCHOOL: A BRIEF REVIEW

Q. Tumar\*, B. Seitkazy

*Zhetysu Regional Department of Education, Communal State Institution "Psychological and Pedagogical Correctional Cabinet №2 of Tekeli City", Republic of Kazakhstan, Tekeli*

\*e-mail: [qatipa@list.ru](mailto:qatipa@list.ru)

*Transitioning from preschool to primary school represents a critical milestone for children, especially for those with Autism Spectrum Disorder (ASD). This review explores the strategies, challenges, and supports necessary to prepare preschool-aged children with ASD for successful integration into primary school settings. By examining current research, evidence-based practices, and teacher perspectives, this article provides actionable insights for educators, parents, and policymakers to enhance readiness for primary education.*

**Key words:** *Autism spectrum disorder, preschool period, transition to primary school, TEACCH program, transition planning.*

## АВТОРЛАР НАЗАРЫНА!

- Мақалалардың электронды нұсқалары [zhetysu.edu.kz](http://zhetysu.edu.kz) сайтында орналастырылған.
- Ұсынылған ақпараттың дәлдігі үшін жауапкершілікті авторлар алады.

### Журналдың жиілігі

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы №1(114)/2025 шығарылымына педагогикалық бағыт бойынша ғылыми мақалалар жинағын жариялайды.

Қолжазбалар 2025 жылдың 28-ақпанға дейін қабылданады. Қолжазбаны редакцияға журналдың сайты арқылы жіберуге болады: <https://journal.zhetysu.edu.kz>.

### Жалпы ережелер

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы толық қолжазбалар түрінде ресімделген түпнұсқа зерттеулердің нәтижелерін қамтитын қолжазбаларды жариялауға қабылдайды. Материалдар бірегей, бұған дейін жарияланбаған, журнал тақырыбына сәйкес болуы тиіс және плагиатқа тексеріліп, екі жақты жасырын рецензиялаудан рецензиялаудан өтіп, редакциялық алқаның мақұлдауынан өтуі қажет. Тақырыптық сәйкессіздік туралы шешімді редакциялық алқа арнайы рецензиясыз және себептерін негіздемей қабылдауы мүмкін. Редакция материалдарды тақырыпқа сәйкес келмесе, рецензиялаусыз және себептерін түсіндірмей кері қайтаруға құқылы.

Студенттердің және магистранттардың жұмыстарын тек ғылыми жетекшілерімен бірге немесе олардың рецензиясы болған жағдайда қабылдайды.

Жауапты хатшы материалдарды рәсімдеу талаптарына сәйкестігін үш күн ішінде тексереді, талап бұзылған жағдайда авторға қайта өңдеу қажеттілігі туралы хабарлама беріледі.

Журнал ашық болып табылады – кез келген автор, азаматтығына, жұмыс орнына және ғылыми дәрежесіне қарамастан, редакция талаптарын сақтай отырып, қолжазбасын жариялау мүмкіндігіне ие.

***Редакция мақалаға әдеби және стильдік өңдеу жүргізбейді.***

### Төлем тәсілдері

Қолжазба жариялауға қабылданғаннан кейін авторға баспа шығындарын төлеу туралы түбіртектің скан-көшірмесін (PDF немесе JPEG форматында) электронды поштаға: [vestnik@zu.edu.kz](mailto:vestnik@zu.edu.kz) жіберу қажет. Ұйымдастырушылық жарна 4000 теңге. Шетелдік авторлар үшін журналда жариялау тегін жүргізіледі.

#### Университет реквизиттері

І.Жансүгіров атындағы ЖУ

СТТН 531400011685

БСК – 990140003041

ЖСК – KZ566010311000005234

КБЕ 16

БСК - HSBKKZKX,

ТРФ 319900 АҚ «Қазақстан Халық Банкі», Талдықорған қ.

**Төлем кезінде міндетті түрде төлемнің мақсатын көрсетуді керек: ЖУ Хабаршысы журналындағы қолжазба үшін.**

### **Kaspi.kz арқылы төлеу нұсқаулығы:**

Төлемдер ➡ Іздеу ➡ "Жетысуский госуниверситет им. И. Жансугурова" ➡ Факультет орнына: ЖУ Хабаршысы ➡ Өз мәліметтеріңізді толтырасыз ➡ Суммасы: 4000тг 1 қолжазба үшін ➡ төлеу

**Редакцияның мекен-жайы:** 040000, Талдықорған қ., Жансүгіров қ., 187а, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 310 кабинет – Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі, тел.: 8 (7282) 22-21-23, ішкі 1193, e-mail: [vestnik@zu.edu.kz](mailto:vestnik@zu.edu.kz).

### **Авторларға ақпарат**

Шетелдік авторлардың қолжазбалары мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетімен аффилиирленбеген авторлардың қолжазбалары басым күшке ие және кезексіз қабылданады. Журналдың редакциялық алқасы қатаң түрде журналдың бағыты бойынша бұрын жарияланбаған қолжазбаларды қабылдайды.

Редакциялық алқа авторлардан журналда жариялау үшін қолжазбалар дайындау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алуды сұрайды.

**Қолжазбасы бар MS Word құжаты келесі үлгі бойынша аталу керек: №1(114) Барлық авторлардың тегі мен аты-жөндері. Мысалы: №1(114) Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.Б.**

***Мақаланың соңында авторлар туралы мәліметтер көрсетіледі***

Үлгі:

**Молдабаева Маржан Болатовна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, [marzhan\\_moldabaeva@mail.ru](mailto:marzhan_moldabaeva@mail.ru)

**Молдабаева Маржан Болатовна** – кандидат педагогических наук, профессор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдықорған, [marzhan\\_moldabaeva@mail.ru](mailto:marzhan_moldabaeva@mail.ru)

**Moldabaeva Marzhan Bolatovna** – candidate of pedagogical sciences, professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, [marzhan\\_moldabaeva@mail.ru](mailto:marzhan_moldabaeva@mail.ru)

### **Мақаланы рәсімдеу тәртібі**

(қолжазба қазақ тілінде болған жағдайда)

1) FTAMP индексі (МРНТИ) мақаланың сол жақ үстіңгі бөлігінде, қою шрифтпен, мақаланың тілінде орналастырылады.

2) Мақаланың атауы (7-12 сөз), бас әріптермен жартылай қою шрифтпен, ортасында (мақаланың тілінде).

3) Автордың (авторлардың) тегі мен аты-жөндері және ID Orcid.

4) Авторлар туралы ақпарат (аффилиациялар (ұйымдардың атаулары), елдің, қаланың, барлық авторлардың мекен-жайы, барлық авторлардың электронды пошталары). *Қолжазбаны дайындауға ең үлкен интеллектуалды үлес қосқан адам (егер екі немесе одан да көп авторлар болса) сәйкес автор болып табылады және «\*» белгісімен белгіленеді. Егер авторлар әртүрлі оқу орындарынан болса, онда цифрлармен 1,2 көрсетіледі.*

5) Аннотация 100-ден 300 сөзге дейін, тақырыпқа сәйкес кілт сөздер/сөз тіркестері (кемінде 5/10) (мақаланың тілінде).

### **Мақаланың құрылымы IMRAD құрылымына сәйкес болуы керек:**

- Кіріспе
- Материалдар мен әдістер
- Нәтижелер мен талқылау
- Қорытынды
- Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болған жағдайда)

– **Әдебиеттер тізімі** мәтіннен кейін МЕСТ 7.1:2003 сәйкес өңделеді, **кемінде 10** және 20-дан көп емес әдебиет көздерден тұруы керек. Өзіндік дәйексөз жасау 1-2 дереккөзден артық емес. Әдебиеттер тізімін автоматты түрде нөмірлеуге болмайды. Автоматты бет сілтемелерін пайдалануға рұқсат етілмейді. Әдебиет тізімін құрастыру үшін [Mendeley](#) немесе [Zotero](#) қолдануға болады.

– **References** (қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалар үшін пайдаланылған әдебиеттер тізімін латын графикасында транслитерациялау міндетті; ағылшын тіліндегі мақалалар үшін әдебиеттер тізімі түпнұсқа тілінде латын графикасымен беріледі)

(Қолжазбаны рәсімдеу бойынша авторларға арналған нұсқаулық ***А қосымшасында*** көрсетілген)

*А Қосымшасы*

## **МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

1. Қолжазбалар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде MS Word (.docx) форматындағы файл түрінде ұсынылуы тиіс.

2. Қолжазбаның көлемі 5-10 бет болуы керек.

